

1 2008  
623к

ШАНДОР ПЕТЁФИ


БИБЛИОТЕКА  
ЖУРНАЛА

А  
МАНАТ

АЗЫНАҒАН

ҚАРА

АЙҒЫР















ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КЛУБ АБАЯ  
ABAI INTERNATIONAL CLUB

**Редакционный Совет Библиотеки  
журнала «AMANAT»**

**Роллан Сейсенбаев**

*(Казахстан) –*

*Главный редактор – Председатель Совета*

**Абиш Кекильбаев**

*(Казахстан)*

**Алтынбек Сарсенбаев**

*(Казахстан)*

**Анатолий Ким**

*(Россия)*

**Аятолла Хьюбш**

*(Германия)*

**Валентин Распутин**

*(Россия)*

**Имангали Тасмагамбетов**

*(Казахстан)*

**Клара Серикбаева**

*(Казахстан)*

**Кэндзабуро Оэ**

*(Япония)*

**Леон Робель**

*(Франция)*

**Мырзатай Жолдасбеков**

*(Казахстан)*

**Мурат Ауэзов**

*(Казахстан)*

**Мухтар Кул-Мухаммет**

*(Казахстан)*

**Олжас Сулейменов**

*(Казахстан)*

**Пентти Холоппа**

*(Финляндия)*

**Чингиз Айтматов**

*(Киргизия)*



**10-летию Республики  
Казахстан посвящается**

# PETÖFI SÁNDOR

• PANNONI •  
Budapest • 1973



ШАНДОР ПЕТЁФИ

АЗЫНАҒАН  
ҚАРА АЙҒЫР

Өлеңдерді аударған —

Қадыр Мырза Әли



• Международнӱй клуб Абая •

Семей • 2007

# «АМАНАТ» ЖУРНАЛЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ

---

Әлем халықтарының әдебиеті, өнері, тарихы,  
фәлсафасы, білімі һәм діні

XIX ҒАСЫР ПОЭЗИЯСЫ

ББК 84(4 Вен) 7-5  
П 29

Қазақстан Республикасының мәдениет және  
ақпарат министрлігінің жоспарына сәйкес  
шығарылып отыр

Қосымша білім берудегі оқу құралы ретінде  
Қазақстан Республикасының Білім министрлігі  
ұсынған

Жобаның авторы, шығармаларды басылымға  
Дайындап көркемдеген Роллан Сейсенбаев

Редакторы: Клара Серікбаева


Көркемдеуші: Газиз Бегалиев

Беттеуші: Батима Малаева

Алғысөз: Н. Ә. Назарбаев

Янош Немет

Роллан Сейсенбаев

©  Шандор Петёфи — Азынаған қара айғыр. 2007,  
200 бет  
Халықаралық Абай клубы

П 4703000000  
00(05)-07

ISBN 9965-611-74-2





## КІТАП – ЕҢ САБЫРЛЫ ҰСТАЗ

Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр: бірі – бейбітшілікті, екіншісі – руханиятты, үшіншісі – табиғатты қорғау һәм сақтап қалу. Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігіміздің басты бағдары. Бір-бірін толықтыратын ұғымдар. Осы үш бастауға Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің болашағы байлаулы.

Бола ма, жоқ па деген Адамзат тіршілігіне бағытталған Гамлет күмәні: егер біз оған мән беріп, құлақ аспасақ, адамзат алдында мәңгі шешілмес сұрақ болып қалатыны сөзсіз. Техникалық даму әлемде құлашын кеңге жайды, осыған орай адам да табиғатты құл қылуға барын салуда. Ұлы бабаларымыз қолдан соққан әлемдік мәдениет пен ойдың көзсіз мұхитын меңгеруде біздер олқы түсіп жатырмыз. Өкінішке орай, әлем халықтары бастарына төнген қатерді аңғаруда мешеулік танытуда. Интеллектуалдық және идеологиялық көзсіздік қоғамда болып жатқан ақиқаттан алыстатып, адамды апат жолына – моральдық, адамгершілік, рухани дағдарысқа белшесінен батырды.

Үшінші мыңжылдық біздің ортақ үйіміз – Жер–бесігімізде төтенше өзгертулер енгізуді талап етеді.

Өзінің биік, таза, рухани қасиетімен Кітап – мәдениет пен руханиятты қорғауда теңдесі жоқ қару болып табылады.

**Кітап — адамзат баласына ағарту һәм білім сыйлай береді.**

**Кітап беттерінде адамзат тіршілігінің сан қылы құпия сырлары сақталған.**

**Кітап — уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі.**

**Адамзат кітапқа өзінің қасиетті сезімі мен жан жылуын сөніп тапсырған. Кітап біздің алға жылжуымызда, катаклизмдардан арылуымызда, адамгершіліктің биік шыңына көтерілуде өлшеусіз ақыл қосады.**

**Кітап — ең сабырлы ұстаз.**

**Тек кітап қана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның ара жігін айнытпай танып білуге үйретеді.**

**Халықаралық Абай клубының «АМАНАТ» журналы жанынан шығып жатқан 200 томдық Кітапхана Қазақстанның тәуелсіздігінің 10 жылдық торқалы тойына лайық тарту.**


**Отанымыздың болашағы — жастарға аманат қылып — Кітап қалдырамыз.**

**Мен Абай клубының адамгершілік әрекетін қолдаймын. Қазақтың көрнекті жазушысы Роллан Сейсенбаевтың «АМАНАТ» журналы мен 200 томдық Кітапхана шығарудағы ұлағатты бастамасына шын жүрегіммен қуанатынымды білдіргім келеді. Отанымыздың рухы мен мәдениеті үшін барын салған жазушыны Қазақстанның ұлтжанды, нағыз патриоттары қолдайтынына сенімім зор.**

**Жаңа басылымға ойшыл да, рахымды оқырман тілеймін.**

**«АМАНАТ» журналының 200 томдық Кітапханасы — Әлемхалықтары әдебиетінің, өнерінің, тарихының, философиясының алғашқы томдары — дүниеге келуі тілге тиек етер, шын қуанар, үміт артар үлкен әлеуметтік құбылыс.**

**Нұрсұлтан Назарбаев**



**Қазақстан Республикасының Президенті**

**14 наурыз, 2001 жыл Астана**

## МАДЬЯРДЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

Венгр елі жөнінде сөз қозғалса, қай халықтың түлегі де ұлы ақын Петёфиді есіне түсіретінінде күмән жоқ.

Венгрия десек — Петёфи деп білеміз.

Петёфи десек — Венгрия деп білеміз.

Бұл Венгрияның ұлы ақынының құдыреті екені даусыз.

Шандор Петёфидің творчествосына арналған әдеби зерттеулер, сын мақалалар, эсселер ұлан-ғайыр. Ақынның өлеңдеріне жазылған әндерді халық сүйіп айтады, оның көбі баяғыда-ақ халық әні болып кеткен. Петёфидің әні қайсы, халықтың әні қайсы ажырату тым қиын; сырлы әндердің жұбы жазылмай мадияр аспанында қалықтағалы қашан?!

Шандор Петёфидің ең болмаса бір өлеңін жатқа білмейтін мадияр жоқ десе де болады. Бала бақшадағы баладан, қартқа дейін ұлы ақынның жырларын сүйсіне оқиды.

Петёфидің өмірін өлеңдері-ақ ашықтап бере алады. Ақын өмірі жырға, жырлары ақын өміріне айналып кеткелі қашан. Еуропаның дүлдүл ақындары Гете, Шиллер, Байрон, Пушкин, Шелли, Гейнелермен оның терезесі тең тұр. Бар-жоғы жиырма алты жыл өмірінде Петёфи ұлы ақын да, мадиярдың бас иеген хас батыры да болып үлгерді.

Петёфидің келуімен венгр әдебиеті өзінің арналы сара жолын тауып таныды.

Петёфидің соңынан ерген мадияр ақындары Петёфидің ақындық мектебінен тәлім алып, туған әдебиетті жаңа белестерге көтерді.

Мадьяр елінің үлкен ақындары саналатын Эндре Ади мен Аттила Йожеф жиырмамыншы ғасырда венгр поэзиясының қуат-күшін, эстетикалық, тәлімдік, творчестволық ауқымын кеңейтті.

Он тоғызыншы ғасырда ғажайып өлеңдер жазған, поэзияға кең тыныс, жаңа көзқарас әкелген Шандор Петёфи, бүгін жиырма бірінші ғасырдағы бізбен замандас, тағдырлас көрінеді.

Уақыт пен кеңістік аясын бірдей меңгерген құдыретті ақын өмірге өшпес туындылар салады.

Рухы биік, асқар ақын махаббатты жырласа да, елін жырласа да, ерлікті жырласа да Отан деп соққан жүрегін алдыңызға жайып салады.



Әлем әдебиетінде Отан үшін жан пидә қылған ақындар көп емес.

Жер мен аспан істей берсін дегенін,  
Мадьярлар жеңу керек, сенемін.  
Тіл табыспай ақыл менен жанымыз  
Құр төгіліп келді біздің қанымыз.

Ұлы айқаста жаныңды қи, қан ағыз  
Сонда ғана, жұртым, аман қаламыз,  
Шын азаттық — ұлы арманы тегінің  
Дұғасына айналғанша елімнің, — деп жырлаған

Шандор Петёфи аяулы Отанының болашағы үшін жанын пидә етті.  
Қазақ ақыны ұлы Махамбеттің жырлары да Петёфидің өр өлеңде-  
рімен біте қайнасып жататынын менің қазақ достарым айтады.

Қазақ пен венгр халықтары бауырлас, етене жақын халықтар. Біздің  
салт-дәстүріміз, тіліміз бен діліміз қанша заман өтсе де алыстаған  
жоқ. Ендігі күні бауырлас тәуелсіз халықтардың бірлігі артып, нығая  
түспек дейміз.

Әйгілі жазушы Роллан Сейсенбаев басқаратын Халықаралық Абай  
клубы венгр әдебиетін қазақ даласында таратуда үлкен еңбек  
жасауда. Жаһандану заманында әр ел өз дәстүрін, өз тілін, өз бол-  
мысын, ұлттық рухын сақтап қалуды көздейді. Осы орайда әлем  
халықтарының әдебиетін, «Аманат» әдеби журналын шығаратын  
Халықаралық Абай клубының тірлігі көңілге үміт ұялатады.

Абай, Махамбет, Шаһкәрім сынды ұлы ақындар елі әлемнің озық  
ақыны Шандор Петёфиді құшағына алды.

Екі ел әдебиетінің ежелгі бастауы бір еді, енді жайлы жалғасын таба  
берсін.

Қазақтар біздің әдебиетімізді еліне таныстыруда үлкен қозғалыстар,  
ұтымды әрекеттер жасауда. Нобель сыйлығының лауреаты венгр  
Имре Кертестің «Тағдырсыз» («Без судьбы») романын қазақ, орыс  
тілдерінде шығарылатыны біз үшін үлкен қуаныш. Бұл кітап та Абай  
клубынан шығады.

Қадырлы қазақстандықтар! Қолыңызға тиген ұлы ақын Шандор  
Петёфи көңіліңізді өсірсін, рухыңызды көтерсін, жаныңызды  
байытсын.

Мен сіздерге, венгр әдебиетін сүйіп оқушыларға, бақыт тілеймін!  
Сау-саламатта болуларыңызға тілектес —

*Янош Немет*  
Қазақстан Республикасындағы  
Венгрия Республикасының  
Төтенше және Өкілетті Елшісі.

20.06.2007 жыл

## ЖАНТАЛАСҚАН ЖЕТІ ЖЫЛ

Әлемнің ұлы ақын-жазушыларының шығармаларымен мектеп қабырғасында, сонау Абай мен Шәкәрім бабаларымның кіндік қаны тамған Шыңғыстау жерінде танысқан едім. Сол жылдары оқып, көңілге түйген, жүректен өткізген классикалық шығармаларды кейін, студент кезімде, жазушылық өмірімде қайталап оқыдым; сол білгендеріме қоса жаңа тегеуірінді, талантты буын өкілдерінің өлең-жырларымен, прозалық шығармаларымен таныстым.

Әрине, бүгін әлемде шоқтығы биік ұлы тұлғалардың көбімен жете таныс, сырлас достық қарым-қатынастамын десем артық айтқандық болмас.

Сол ұлы тұлғалардың ішінде есімнен еш кетпейтін ұлы ақындардың бірі — Шандор Петёфи. Венгрияның әйгілі ақынының Отан, Ел туралы толғаныстары, еш ақынның шығармасына ұқсамайды, бөлек тебіреністі ой, бөлек пайымдау, бөлек сыр ашу.

Көне түрік ұрпағы, көне қыпшақ мадияр азаматы «Менің пірім — азынаған қара айғыр» деп сілкінгенде, ХХІ ғасырдағы біздің көз алдымызға дүниені дүрліктірген ғұндардың арғымақтары сонау Батыс Сібірден Еділ мен Донды тіліп өтіп бара жатқандай елестейді. Сағым ішінде қалың атты әскер асығып-аптықпай сән-салтанатымен қозғалып бара жатады. Неткен көрініс! Неткен ғажал сурет! Жансыз сурет емес, тірі әлем. Көне түріктер көне Даланы жапырып келе жатыр.

Европаның көркем өңірінде дүниеге келген Шандор Петёфи сиқыр даланың құдыретті тіршілігін мейлінше екпінді, қуатты жырмен өрнектейді. Қанға сіңген, сүйекке біткен, текке таралған қасиет осы болар!

Бір ғасыр өткен соң, қала жігіті, қазақтың ұлы ақыны Олжас Сүлейменов те Арғымақты келістіріп суреттеген еді.

Екі халықтың жыр сабақтастығы Дала елінің ортақ тірлігін, салт-дәстүрін сол Даланың қадыр-қасиетін, ұлы бабаларымыздың рухани біраігін айқындайды.

Отан туралы жазылған өлең көп. Солай болуы заңды да. Бірақ, Елін, Отанын дәл Шандор Петёфише бар дауысымен, жан-жүрегімен, таусылмас мейірі тілегімен жырлаған ақын аз.

Махаббат және Бостандық.  
Білмеймін бұдан басқанды  
Махаббат қонса қолыма,  
Өмірім беріп аламын.  
Еркіндік үшін оны да  
Құрбандыққа шаламын.



Орыстың әйгілі ақыны һәм аудармашысы марқұм Михаил Курганцевпен етене жақын танысып, силас, сырлас болуымызға да Шандор Петёфи септігін тигізген болатын.

Тыңдаңызшы, рухы биік, арыстан жүрек Петёфидің Отан деп соққан жүрегін:

Қашанғы біз қуыршақ боп қаламыз?!  
Жетеді енді! Сарбаз болсын баламыз!  
Сыбызғылар қоя тұрсын сызылмай,  
Керней үнін күтіп жатыр даламыз.  
  
Кез келген жау алды бізді басынып.  
Отан, оян! Шық қаруың асынып!  
Тұтандыру үшін сені керек пе  
Жаратқанның жар-жұрқ еткен жасыны?!

Шандор Петёфи — венгр халқының ұлы перзенті. Ұлы ақыны. Жаужүрек сарбазы. Қара айғырын көкке секіртуіп, қалың жауға алмас қылышын жарқыратып жалғыз шапқан жауынгер.

Моласыз қалған ақын да Шандор Петёфи.

Әлем әдебиетінің саусақпен санарлық ұлыларының санатына енген жалғыз венгр де — Шандор Петёфи.

Бүгінгі ұлт жанды қазақтар ХІХ ғасырдағы Даланың ұлы ақыны Шандор Петёфидің жырларымен сусындаса, қалғып кеткен намыс, таптауырын болған рухымыз тағы бір сілкінер ме еді деген үмітке бой артамыз.

Венгр әдебиетіне Шандор Петёфи жеті жыл ғана қызмет етті. Қалған өмірі Отанының намысын қорғау үшін қанды майдан өтінде тірлік кешті. Астында арқыраған қара айғыр, қолында қанға малынған алмас қылыш. Халқының маңдайына жарық жұлдыздай жарқырап біткен ұлы ақын не бары 26 жасында жасын түскен теректей қиылып түсті.

Өкінішті.

Жазылмай қалған жыр қанша?!

Айтылмай кеткен ой қанша?!

Түгесілмейтін асыл арман қанша еді?!

Қазақтың үлкен ақыны Қадыр Мырза Әлі ағамыз Шандор Петёфиді қазақша сөйлетті. Өз жырына да, өзгенің жырына да зор талаппен қарайтын ақын ағамыз баға жетпес жұмыс тындырған. Осы керемет еңбегі үшін қалың қазақ Қадыр Мырза Әлі ағамызға шексіз қарыздар деп ойлаймын.

Ұлы Шандор Петёфидің жырларын «Аманат» журналының 200 томдық әлем әдебиеті кітапханасына енгізу көптен ойда жүрген еді. Бүгін сол ойды жүзеге асырудың сәті түскендей.

Ұлы Даланың ұлы перзенті, бабалар мекенінің төрінен орын ал!  
Төрлет!

Өйткені Ел де сенікі, төр де сенікі!

*Роллан Сейсенбаев*







# МАХАББАТ ЖЫРЫ

Ақ таңымды ысырды түндер менің  
Осы ғана еді ғой гүл бергенім.  
Қоштасқалы отырмын келе сала,  
Аймалап та мен сені үлгермедім.  
Махаббатқа табынар табынса адам,  
Жаратқаның жар болсын жарым саған.

## О, МАХАББАТ!

О, махаббат! Махаббатта мұң қандай!  
Әрі түнек, әрі терең зындандай.  
Содан бері аунап-аунап түнімен,  
Шыңыраудың бір-ақ шықтым түбінен.

Міне сондай, міне сондай аужайым.  
Жүргенімде күндегідей мал жайып,  
Көз алдымда кіріп кеткен егінге  
Қойларымды байқамаппын,  
Тегін бе?

Тамақты да анам берген дайындап  
Ұмытыппын, махаббатты уайымдап.  
Махаббат па? Махаббаттың бәрі азап,  
Енді амалсыз ұстау керек ораза!

Мұндай кезде бойға тамақ бата ма?  
Сөкпеңіздер, сөкпеңіздер, ата-ана!  
Мен өзім де ұққан жоқпын мұны әлі,  
Махаббат қой барлығына кінәлі!



**Матильдаға**

Бұл өмірге ұқпау үшін келіп пе ең?  
 Селт етпейсің, кетердеймін өліп мен.  
 Салқынсың сен қыс күніндей үнемі.  
 Жарығың бар, жылуың жоқ, неліктен?

Тіл қата алмай, өлемін бе қайғыдан?  
 Куә қылдым Күніңді де, Айды да.  
 Қанша саған қарасам да, тоймаймын,  
 Ұзақ-ұзақ қарауға да қаймығам.

Таба алмадым, қайда сырлы тиегің?  
 Таба алмадым, содан жанып күйемін.  
 Сен өзіңнің деңгейіңнен көр мені,  
 Мен бір сүйсем, өліп-өшіп сүйемін!

Қайран жүрек! Емделмейтін дерт елі.  
 Бүгінінен ыстығырақ ертеңі.  
 Махаббаттай қыздыра алса мына Күн,  
 Бүкіл әлем кетер еді-ау өртеніп!

**Жалбарынып жалықтым**

Ерегісіп, қасарып  
 Тұрдым айтқан сөзімде.  
 Сүйсе екен деп осы ару,  
 Не істемедім кезінде!

Жатыр енді кім біліп,  
 Өрт болуды таңдадым.  
 Қораларды күл қылып,  
 Қоныстарды жалмадым.

Әлденені сеземін,  
 Тоқтайтын кез келді ме?  
 Жанып біткен тезегі  
 Ошақтаймын енді мен.



Шың басында шайқаста  
Жарып шыққам жарыңды.  
Талқандаған тау-тасты  
Тасқын едім арынды.

Өтті-кетті қу арман,  
«Хош!» деп қолым бұлғадым.  
Бау-бақшаны суарған  
Енді жуас жылғамын.

Қия-шың ем найзадай  
Ешбір жанды күндемес.  
Қыран менен найзағай  
Көршім еді іргелес.

Өзімді-өзім қайраған  
Өтті жүзі көп айдың.  
Сандуғашы сайраған  
Енді шағын тоғаймын.

Ерегісіп тылсыммен,  
Еріттім көк мұзыңды.  
Бірақ оған сүйсінген  
Көре алмадым қызыңды.

Ақтамады  
Сенімді,  
Неғылған қыз қатыбас,  
Қылығыма менің бұл  
Мүмкін өзі татымас.

О махаббат! Жебесең,  
Әр кезде де ұясың.  
Сөйте тұра, неге сен  
Маған кісен құясың?!

Жүріппін-ау кезінде  
Бекер саған құмартып.  
Енді білдім: өзіңнен  
Бостандығым мың артық!

**Арман**

Құлағынды сал дағы  
Мені өзіне қатар де.  
Қуаныштың салмағы  
Ойламаймын батар деп.

Бір лира тегінге  
Берді саған бақытың.  
Ойнасын деп ішегінде  
Болған кезде уақытың.

Сыбырласа өзіне —  
Бір күндері періште:  
«Не қуаныш көзіңе?  
құмарсың ба кенішке?»

Сағындың ба құсыңды?  
Өлең-жырдың кені ме?  
Түнде көрген түсіңді  
Айналдырам өңіне!

Даңққа да, жасыма,  
Болмайды бір мұқтажың.  
Ауысады басыңа  
Петрарканың гүлтәжі.

Соныменен келісіп,  
Қандыр елдің аңқасын.  
Аларсыңдар бөлісіп  
Абыройдың алқасын!

Бүкіл адам көксеген  
Байлықты да табамын.  
Өңір түгіл, өкшеңе  
Інжу-маржан тағамын!»

Ай нұрындай, досым-ай,  
Періштенің жамалы.

Тербетеді осылай  
Жақсылықтың самалы.

Періштеге сенің де  
Не айтарыңды сеземін.  
«Байлық аңсап, тегінде,  
Өртенбейді өзегім!

О періштем! Тайынбан,  
Ұлыңмын мен жауынгер.  
Берер болсаң, байда да,  
Данада да жоғын бер!

Жаным әбден әбігер...  
О-о-ой, сол қызды-ай, сол қызды-ай!  
Берер болсаң соны бер  
Екі көзі жұлдыздай!

Мен о бастан жалғызбын,  
Бай емеспін жекжатқа.  
Махаббатын сол қыздың  
Бұрып берші мен жаққа!»

### **Хортобадтық сақи бикеш**

Хортобадтық сақи бикеш, періштем,  
Құйып қой да азаматты көр ішкен!  
Хортобадқа Дебреценнен келгенмін,  
Өте ауыр жол, соған да мен көнгенмін.

Сыңсыған жел, желден құлақ тұнады.  
Сай-сүйегің сырқырайды, сынады,  
Тотай-бикеш көп шараптың бірін құй,  
Тұздай болған көк көзіңнің нұрын құй.

Құй кәнекей, құй қызылды, құй ақты...  
Соңдай қышқыла жабайы алма сияқты.  
Сүйші мені, балдай екен ерінің,  
Осындай дәм аңсайтыны серінің.

Балдай ерін, айдай ару һәм шарап,  
 Көз көрмейді... ішімде жүр қанша арақ?!  
 Тербет мені, аймала да құшақта,  
 Түсіп қалып жүрмейін мен пышаққа.

Сенің төсің жұмсағырақ мамықтан,  
 Сол мамыққа басым тисе, қамықпан,  
 Адам едім ақ төсекке бір бейім,  
 Тастай жерге жатып қалып жүрмейін!

### Асүйге мен кіргенмін

Сіріңке іздеп жүргенмін,  
 Асүйге мен кіргенмін:  
 Ойда жоқта от алып,  
 Кетті шылым тұтанып!

Жетеді оған білімім,  
 Кінәлі емес шылымым.  
 Жатыр екен үн алып,  
 Сірә, сол қыз кінәлі!

Сүттей екен еті де,  
 Нарттай екен беті де.  
 Шоқ тастайтын сезімге  
 От бар екен көзінде.

Мен көрдім, ол қарады.  
 Бойыма у тарады.  
 Шылым өшті, қарсы алды —  
 Жүрегімді өрт шалды!

### Сырғанақ жол

Сұлу қызды көзге түскен көркімен  
 Тайдырды әке берген сөзден, сертінен.  
 Шанаға сап алып кетті содан соң,  
 Ешкім оның санасқан жоқ еркімен!



Соны көріп жүрек соқты, қан қызды.  
Түсінсе ғой, тыңдаса ғой жол бізді.  
Шанасымен күртік қарға төңкеріп,  
Ақырғы рет құшар едім сол қызды!

Егерде мен сөйтер болсам айып па?!  
Талай мәрте сүйіп едім қайықта.  
Ерітсе қыз қызуымен ақ қарды,  
Өзім де еріп жоғалар ем ғайыпқа!

### **Шөлден өле жаздаған жігіттің сыры**

Сындырар ма екен ой басты,  
Шаштың деп бекер мүлкіңді.  
Шашуды, сірә, қоймаспын,  
Тойдырмай мына құлқыңды.

Таңдайым кеуіп барады  
Қаңсыған құдық түбіндей.  
Басылмас өртім, қарағым,  
Бал шарабыңа жүгінбей.

Іштегі сырды ақтарса,  
Түсінбес елдің есері.  
Құтқарар мені құтқарса  
Шараптың ғана нөсері!

Жүзімдігімді тауыстым,  
Жұрт енді мені елей ме?  
Жүзімнен түскен табысты  
Көмейге құйдым, көмейге.

Әдейі мені көрмейді  
Шарапшы кәрі қақбасың.  
Несиеге енді бермейді,  
Ашпайды қарыз қақпасын.

Жүрегім менің жаралы,  
Тағдыры солай дарынның.

Көп нәрсе бірақ бар әлі,  
Сәукелесі бар жарымның!

Бақ-дәулет жолдас бола ма?  
Құрыды-ау бәрі, құрыды-ау!  
Сүйгенім қазір молада,  
Сәукелесі де шіріді-ау!

Жатпайсың түктен именіп,  
Озасың, уақыт, озасың.  
Есіме түссең, сүйгенім,  
Айналар көлге көз жасым!

Жер менен көктің қожасы —  
Жаратқан, жерге қаратпа!  
Жұбанар едім, көз жасы  
Айналар болса шарапқа!

**Құдай, сірә, кешіреді...**

Құдай, сірә, кешіреді күнәмді.  
Анау — тәуір, ал мынауың — ұнамды.  
Сен өзің ғой сатып кеткен алдымен,  
Махаббат па? Сол махаббат күмәнді.

Мен білімнің теңізінде жүзбедім.  
Сауат деген сауат емес біздегі.  
Көзіңде тұр: рахаттың кәдімгі  
Не екенін де білмейтұғын қыз ба едің?

Мұңайдың ба? Одан түк те өнбейді.  
Көңіл шіркін жылқы іспетті желдейді.  
Аяйсың ба? Аямай-ақ қой мені,  
Өткен нәрсе енді айналып келмейді.

Мен өзіме басқа аруды қаратқам,  
Біреуді тап, сен де өзің тараптан!  
Бақытты бол! Міне осы жандарға  
Шарапатың тие жүрсін, Жаратқан!

**Жатырмын мен шөлім қанбай**

Мына дала сияқты бір жат алап,  
Жатырмын мен шөлім қанбай, қаталап.  
Ішер едім елдің бүкіл шарабын,  
Сонда да мен қанбас едім, қарағым!

О Жаратқан! Мені жерге қаратпа!  
Тиса өзенін айналдыршы шарапқа.  
Мен Дунай боп, есіме алып Исаны,  
Түтел жұта салар едім Тисаны!

**Жаным-тәнім...**

Жаным-тәнім...  
Алқынады қос өкпе.  
Жатсам деймін  
Анау дайын төсекке.  
Мені соған қисайта сал,  
Қарағым,  
Демалайын,  
Ұйқы басып барады.

О, Жасаған!  
Не боп кеткен төсегім?  
Төсегімнен  
Бір суық жел еседі.  
Сұмдық қой бұл,  
Тұрмын қандай қарсаңда?  
Төсек пе бұл  
Ажал салған,  
Жар салмай?!

**Жужикаға**

О, аппағым! Сезімнен  
Бекерге мен қашыппын.  
Алғаш көрген кезімнен  
Мен өзіңе ғашықпын!

Жауабыңды тосамын,  
Сағатымды санаймын.  
Енді менің қосағым  
Болғаныңды қалаймын.

Жетесің сен кезіңе  
Ғұмыр бойы аңсаған.  
Шөп салмайтын көзіңе  
Ер боламын мен саған.

Жүрегіме түнетіп,  
Махаббатым билейді.  
Мен тұрғанда күн өтіп,  
Саған суық тимейді.

Жиі апару еліме  
Болар менде бар жұмыс.  
Асығармыз көбіне  
Таусылғанда қаржымыз.

«Петефидің жары бұл,  
Жақсы жыры сол жайлы», -  
Деп біз жайлы, жарығым,  
Талай адам болжайды.

Күн болады өлеңде  
Мені ғана таңдайтын.  
Петефисіз бұл елде  
Аттан баса алмайтын.

Өлең үшін анасы  
Туған жан деп есепте.  
Күтетұғын боласың  
Мені талай төсекте.

Өлең деген қонағым  
Сыймас менің басыма.  
Жататұғын боламын  
Содан кейін қасыңа.



Бәрін әлі көресің  
Таңғажайып бақтағы...  
Не деп жауап бересің  
Бұл сөзіме аппағым!

### **Ол оңбаған сезбесін**

Бар арада кикілжің,  
Бірақ мен бас имеймін.  
Скрипка құйқылжып,  
Жын қаққандай билеймін.

Сыған, қажып қалдың ба?  
Қалай ерте қоштасам?  
Сонау үйдің алдында  
Ойнағайсың басқаша!

Заулап ағып жатты ма  
Шіркін уақыт қас қағым?!  
Менің күнім батты да  
Тауып алды басқаны.

Кәне, сыған, бізге сын,  
Ойна бір күй серпінді.  
Ол оңбаған сезбесін  
Ішімдегі өртімді!

### **Стақаным**

Кейбір дерттің білесің бе дауасын?  
Білгендіктен бірден емін табасың.  
Дегенменен ұяламын сен үшін,  
Ішкен кезде тез-тез бітіп қаласың!

Кең көңілмен жыр жазамын тар үйде.  
Кейде күліп, кейде жылап, зар илеп...  
Мен сен болсам, сарқылмас ем ешқашан,  
Сен мен болсаң тоймас едің, әрине!

**Барып тұрған су диірмені көмейім**

Құрғақ көмей шығарады өгей үн.  
 Өгей үнге қалай ғана көнейін?!  
 Шарап құйып жіберсеңіз бір ожау,  
 Су диірменге айналады көмейім.

Қара маған қабағыңды бір шытпай,  
 Содан кейін жыр шығады, құр шықпай.  
 Тілім менің нақ сүйері көмейдің,  
 Шараптаң соң зырылдайды ұршақтай.

Мен білемін, сен білесің мұнымды:  
 Қыздырады шарап әбден тілімді.  
 Қосылғанда тілім менің көмейім,  
 Жарым, сенің өшіреді үніңді.

**Жоғарыдан құлады**

Жоғарыдан құлады  
 Інжу-маржан толқыны  
 Нақ сүйерім жылады  
 Ағыл-тегіл сол күні.  
 Сай-саланы аралар  
 Алса өзен бір қызып.  
 Сол толқыннан нәр алар  
 Райхандар қырмызы

О, сүйіктім! Кімдердің  
 Берейін мен жазасын?  
 Күйдіреді гүлдерді  
 Сенің тұзды көз жасың!

**Қаңғыбас**

Сызулы ғой жолымыз.  
 Адам тағдыр таңдай ма?!  
 Орындаймыз соны біз  
 Не жазылса маңдайға.

Өнер деген аралда  
Билер мені кәрі жын.  
Қаңғыбас боп жаралғам,  
Қаңғып өту—парызым.

Мен елімнің қызғышы,  
Болған емес демалыс.  
Шарап ішіп, қыз құшып,  
Жолға шығам, жол алыс.  
Жаң-жағыма таралған  
Қай жерде де бар ізім.  
Қаңғыбас боп жаралғам,  
Қаңғып жүру — парызым.

Өмір бірақ айлалы  
Басқашалау пайымдар.  
Қызметке байланып,  
Өлетұғын жайым бар.  
Көрмегеннің бәрі алда,  
Жүрер жолдың бәрі ұзын.  
Қаңғыбас боп жаралғам,  
Қаңғып жүру — парызым.

### **Түзде тудым...**

Түзде тудым, тудым дауыл, бораннан.  
Зәулім биік үйлеріңде тұра алман.  
Туған түзім — Альфельд маған қарайды.  
Менің пірім— азынаған қара айғыр.

Мінемін мен қара айғырға ер салмай.  
Өз еркімде қайда, қалай барсам да....  
Жылқышыға жайдақ ат та жарайды.  
Менің пірім — азынаған қара айғыр.

Қызыл гүлім, сақтасын деп сұқ көзден,  
Маған жейде тігіп бердің ақ бөзден.  
Жар боласың, жазғы таңдай арайлы,  
Менің пірім — азынаған қара айғыр!



**Менің бөлмем**

Қайтесіздер хал сұрап?  
Жаңбыр. Жаңбыр... Тығырық.  
Бүгін кеште мен, сірә,  
Жарытпаспын қыдырып!

Құдай маған неліктен  
Бір шүйкебас бермеді?  
Кештерімде зеріккен  
Болар еді ермегім!

Бұрқыратып шылымды  
Ойға шомған боламын.  
Күнімді ойлап бүгінгі,  
Келешекті шоламын.

Әсері бар ма сөзіме  
Кері кеткен қадамның.  
Өз кесірім өзіме  
Тиіп жүрген адаммын.

Жеңілтектік қанымда,  
Бір пәле ылғи тосады.  
Бара жатыр қалыңдап  
Көңілдің де тосабы.

Ығыр қылды кемшілік,  
О, парасат, кезектес!  
Алған нәрсе енші ғып,  
Тез жоғалып, тез кетпес.

Әр нәрсеңе ұрынып  
Жүрген кезде сатпаған,  
Мен сүрінсем сүрініп,  
Мен аттасам аттаған,

Асау едім, бастықтым.  
Жуасуға тудым ба?

Бірге көріп аштықты,  
Бірге болған қуғында,

Ұзақ жолда, сірәда,  
Жорықтарда ат өлген,  
Бірге жатып жырада,  
Бірге болған жат елде.

Еткен маған басшылық,  
Өткен боран, бұрқақтан,  
Тұщы менен ащыны  
Өзімменен бір татқан,

Азаматтық, азаттық  
Жолында да бірге жүр,  
Бірге көрген азапты  
Нағыз досым - өлең-Жыр.

О, өлеңім, ұл-қыз боп  
Жүресің бе қасымда?  
Жанасың ба жұлдыз боп  
Әлде молам басыңда!?

Ашылды күн дұрыстап,  
Енді мені бәрі іздер...  
Қыдырайын! Бұрыштан  
Тап бермесе қарызгер!

### **Алғашқы махаббат**

Өткен күндер — гүл бағы,  
Құмармыз сол жерге біз.  
Ара болып зыр қағып  
Нәр жинайды зердеміз.

Поэзия елінен  
Дүнием көп алдым дер.

Қалсын бірге менімен  
 Сол бір күндер, бал күндер.  
 Шәкірт кезім ізіме  
 Кейбіреулер таласқан.  
 Қожайынның қызымен  
 Көңіліміз жарасқан.

Сүйгені ғой көретін  
 Мені алдымен тал мүсін.  
 Маған ұрлап беретін  
 Дәмнің не бір дәмдісін.

Жылы-жұмсақ балды да  
 Маған ғана арнайтын.  
 Басқалардың алдына  
 Мұндай тамақ қоймайтын.

Екі жастың күбірлеп  
 Қиятын кеш некесін.  
 Көруші едік іңірде  
 Рахаттың көкесін.

Екі құшақ қарысып  
 Қалай тыныш жата алар?!  
 Құрылдайтын жарысып  
 Көлшіктегі бақалар.

Кетпейтінбіз ешқайда.  
 Өлең айтып, ән салып  
 Дейтінмін мен тамсанып:  
 «Мұндай ғажап кеш қайда?!»

Алабұртқан албыртың —  
 Жастық шақтың пайдасы ол.  
 Қайда сол қыз, сол бір түн?  
 Жылы-жұмсақ қайда сол?!



### **Еліктеушілерге**

Дөңгелегін темірменен құрсаған  
Даңғырлаған арба емес қой жыр саған.  
Өлең — қыран, қанатында жел, дауыл,  
Ол — еркіндік, керек еркін самғауың.

Жолсызбенен жүре алмайтын сорлылар.  
Сорлыларды өлең өзі қор қылар.  
Нағыз ақын тыңмен жүрер, жол салар,  
Ал сендерге бұйырмаған қан сонар.

Жабысатын кезде жабыс қаламға.  
Жан баспаған жерлерді тап ғаламда.  
Өйте алмасаң, жаман жырға табынба!  
Жырт оларды! Жеріңді жырт! Малың бақ!

### **Махаббат серілері**

Ерте туды Ай сері бекері не...  
Күміспенен күптеген нөкері көп.  
Жұлдызшалар сенеді жаныңдағы  
Жұлдыз болып әйгілі кетеріне.

Ай мен Жұлдыз сияқты, көргенге егіз.  
Олар — екеу, мен — жалғыз, шерменде қыз.  
Түн серісі — кәдімгі мүйізді Аймен  
Шыға қаппыз сапарға, серуенге біз.

Қара түнді неліктен қара басты?!  
О жарық Ай, сен келіп араластың.  
Қызығыңды көре бер қара түнмен,  
Мен іздеймін қара көз, қара қасты!

### **Мен өзіме қайранмын**

Бөтен дауыс, бөтен үн,  
Мен өзіме қайранмын:

Құс боп сайрап кетемін  
Ортасында сайранның.

Түрлі биді, шырағым,  
Дауылдатып тұжырам.  
Жап-жарық боп тұрады  
Күн түспейтін құжырам.

Бөлме мені, бөлме енді  
Шылымымды ұнатты.  
Толтырады ол бөлмеді  
Жұпарына жұмақтың!

Көкіректе жын қызды,  
Қуанышым көптей-ақ.  
Желігемін бір қызды  
Құшақтамай, өппей-ақ!

Күнім күн бе бүгінсіз?!  
Ертеңге иек арттым ба?  
Жел соғады тынымсыз  
Тас қараңғы қалтамда.

Әрбір сәтім армандай,  
Шалам оны құрбанға.  
Желді күнгі ормандай  
Миым шулап тұрғанда!

**Егер қыздар сүймесе**

Егер ару сүймей қойса,  
Іш көкем!

Қыздар сонда дейді сені  
Күшті екен.

Ақшаң жоқ па? Жатып ап іш  
Саяда.

Сенен артық болмас сонда  
Бай адам.

Қайғыңда іш, ауру-сырқау  
Болсаң да.  
Сейілейді тұмандайын  
Мұң сонда.

Қайғым қалғып, тұр қайғылы  
Жыл күтіп.  
Сондықтан да ішемін мен  
Сылақытып!

### **Қатты ішістен кейін**

Мен сіздерге айтам тұра, төтесін.  
Байқалады сөздеріңде кекесін.  
Сіздерменен айқасардың алдында  
Ішістің де көрген едім көкесін.

Ондай сәттер, талай жынды біріккен,  
Өңді айтасыз, түсіңізге кіріп пе?!  
Мадиярдар болды, әрине ішуші,  
Шарап толы құмыралар түрік те.

Қайтер еді бұлай әркім түстенсе?!  
Болу үшін таласасың үстем сен...  
Бізден гөрі күбілерге жабысқан  
Жұлып алу жеңіл еді сүлікті!

Шайқалғандай аспан асты, жер үсті...  
Болсын ғұмыр ұзақ және келісті.  
Жасағаның жазсын бізге көруді  
Болашақты, Бостандықты, Жеңісті!

### **Менің өлеңдерім**

О өмірім, болдың жырдың терегі.  
Өлеңдерім— жапырағың дер едім.  
Бақи желі бірақ оны шашады.  
Кім іздейді, кімдер және тереді?



Бақи солай. Бақи кімді аясын?!  
 Кімді сүйіп, кімге құшақ жаясың?  
 Қайткенде де, өлең, сенен пайда бар —  
 Мен тіріде біреулерге саясың!

### Күнге

Тақсыр, досты бұрынғы  
 Құр бекерге қинайсың.  
 Жұртқа қиған нұрыңды  
 Маған неге қимайсың?!

Күн тұрғанда көгінде,  
 Қараңғылық жыр соры.  
 Құжырама менің де  
 Кетсең едің бір соғып!

Сенде басқа жоқ сұрау,  
 Жоқ көңілдің шүбәсі.  
 Бар болғаны, тақсыр-ау,  
 Кіресің де шығасың!

Болмаса да атағы,  
 Тұрмыс жақсы өңгеде.  
 Ал мен, ақын, жатамын  
 Абақтыдай бөлмеде.

Таныс саған жыр төрі,  
 Ол да өзіңе келісті,  
 Құйрығынан бір теуіп,  
 Құлатқанша Зевсті!

Әріптесім, ән менен  
 Ақындарды аяла!  
 Бұдан былай сен менен  
 Шуағынды аяма!

## **Күннің күндегі тірлігі**

Білесіз бе:  
Әйелі бар Күннің де.  
Күннің күні  
Жаман бірақ күннен де!  
Әйелі оның  
Сияқты бір енесі:  
Ояды да отырады төбесін.  
Күнде шатақ,  
Күнде ұрыс,  
Баяғы.  
Шарап ішу,  
Шарап шерді шаяды.  
Бірақ оны үйде қалай ішесің?  
Өзің болмай,  
Әйел болса күш несі?!  
Дүниенің бұйырмаған кеңдігі,  
Қайда барып бас сұғады енді Күн?!  
Күннің содан түнереді қабағы.  
Көк аспанды  
Бұлт басқанын бағады.  
Сондай кезде  
Көп қой күннің бекеті,  
Мәйханаға сүңгіп кетер лып етіп!  
Шарап деген неткен ғажап күш еді!  
Сол кабакта өкіріп Күн ішеді.  
Қайғы — шерден жіберердей еңіреп,  
Ішеді-ай кеп,  
Түнереді төңірек.  
Сорлы Күнді  
Кім ол үшін сынайды?!  
Қып-қызыл боп көкжиекке құлайды!

## **Қыздарға**

Жүректерде от сөнбей  
Қыздар бізді көксей ме?  
Кешіріңдер кетсем мен  
Шарап жайлы көп сөйлеп!

О, құрбылар, ойнама.  
Тірлік емес тірлігім.  
Азабы деп ойлама  
Көріп тұрған бір бүгін.

Білмейді ешкім

тасқынға

Достың қанша батқанын.  
Көңілді жыр астында  
Қанша қайғы жатқанын.

Арыстан-шер, білсеңдер,  
Басқан кезде ашуға  
Әзіл-күлкі бүрсеңдеп,  
Дайын тұрар қашуға.

Алай-дүлей бүрқасын  
Кіресің бір түнекке.  
Көңіліңді бұлт басып  
Жасын ойнар жүректе.

Баспанама, үйіме,  
Бір кірем де, бір шығам.  
Өртенем де күйінем,  
Шарап ішсем тыншығам.

Қара бұлтым тарайды  
Ашуымды басқанда,  
Көзім жайнап қараймын  
Жарқыраған аспанға.

Жұлдыздардың құрамы  
Жарқ-жүрқ етіп бүгін де,  
Ай да көкте тұрады  
Баяғыдай күлімдеп.

Бал жүзімнің шырыны —  
Менің дәрі-дәрмегім.  
Ішін алу — ырымым



Таусылғанда дәрменім,  
Әйтпесем мен тұрмыста  
Көрде шіріп жамбасым,  
Қаламымды бір тұста  
Жатар еді шаң басып.

Зерделерде тербеліп,  
Айналып не лақапқа,  
Жермен бірге жер басып  
Жатар едім лақатта.

О құрбылар, ойнасам,  
Оны біреу көксей ме?  
Кешіріңдер  
                               қоймасам  
Шарап жайлы көп сөйлеп!

### **Болғаны**

Білмейтұғын жомартың да, сараң да  
Бара алмайтын адалың да, арам да  
Жоғаламын жан баспаған аралға,  
Тек сенімен жолықпасам болғаны!

Боп-боз болып қабығындай қайыңның,  
Күнің түгіл, нұры түспес айыңның,  
Поляр түнін жамылуға дайынмын,  
Тек сенімен жолықпасам болғаны!

Керек десең, темір қамыт киейін,  
Керек десең, мыстаныңды сүйейін,  
Керек десең, қызыл шоққа күйейін,  
Тек сенімен жолықпасам болғаны!

Дүниеден, дәулетінең безейін,  
Аруақ боп айналаны кезейін,  
Тозағың ба? Тозағыңа төзейін,  
Тек сенімен жолықпасам болғаны!

Мен шығармын, о тіршілік, өгейің,  
Тау боп туғам, төбе болып шөгейін.  
Жер мен көктің бар азабың шегейін.,  
Тек сенімен жолықпасам болғаны!

Шегі бар ғой қасыреттің, шердің де.  
Бақыты бар мен сияқты ердің де...  
Айта алмас ем шын рахат көрдім деп,  
Жолықпасақ... соның дұрыс болғаны.

### **Менің махабаттым**

Махаббатым емес бұлбұл мекені,  
Әуенімен оятатын бөпені.  
Жер де емес қалғып-мүлгіп жататын  
Шуақты күн қыдырғанша шекені.

Махаббатым емес тыныш тоған да  
Суат болар шөліркеген көп аңға.  
Әлде аққу ма айдын-көлдің кербезі?  
Жоқ, меніңше, ұқсамайды оған да!

Махаббатым кәрі де емес байсалды,  
Қимайтұғын жасыл шалғын, майсаңды.  
Бағып-қағып, тәрбиелеп жалықпай  
Өсіретін жақсы менен жайсанды.

Махаббатым — жазықтағы ақ сағым,  
Жүр бүгінде қызғаныштан дау салып.  
Енді қазір қарақшыдан аумайды  
Қолы — қында, шүріппеде — саусағы!

**Нөсер, нөсер, төк, төк!**

Нөсер, нөсер, төк, төк!  
Нөсерден жер көктейді.  
Мынау нөсер өбістен  
Жалақ ернім кеппейді.

Қара нөсер хабары —  
Сыздайды бұлт анары.  
Найзағайдай сұлудың  
Жарқылдайды жанары.

Нөсерге құр малынба!  
Сүй! — деп тағы жалынба.  
Кетпесіме амал жоқ  
Қалды оянып шалың да!

### **Қуанышты түн**

О, қандай түн! Шынында да қандай түн!  
Сен ғой мені, мен ғой сені таңдайтын!  
Сондай тыныш. Үн шығармас қу қыздар.  
Көк аспанда  
Жанасқанда  
Жымыңдайды жұлдыздар!

Жұлдыз болып жарытпаспын мен, сірә!  
Жалғыздықтан сен жоқ жерде сансырап,  
Неліктен мен, неліктен мен сыңармын?  
Адасқан ба?  
Деп аспаннан  
Құшағыңа құлармын!

### **Кәрі мырза**

Кәрі мырза сезеді,  
Күдік жеңіп үмітін.  
Өртенеді өзегі  
Қызғаныштан күні-түн.

Сұмдық түстер көре ме?  
Көргеніне он бір ай...  
Келіншегі керемет,  
Ал жиені сұмырай.

Жігіт кездер босқа өлді,  
Ол кезден ол жеріген.  
Жастық кетті. Жас келді,  
Көрі жақын төрінен.

Жұмыстан соң достармен  
Отырады қарта ойнап.  
Өлемін деп жоспарла,  
Бірақ, бірақ қартайма.

Ет-жүрегін тілімдеп,  
Сүйіп еді кезінде...  
Таң атқанша бүгінде  
Шығады енді көз ілмей.

Дірілдейді иегі,  
Әйелінің міні не?...  
Ғашық сенің жиенің  
Жарыңа емес, күңіңе!

### **Кемеңгер қарт не дейді?**

Мына тірлік көңіліме қонбайды.  
Адамдар ма? Адамдарың оңбайды.  
«Жә! — дейді қарт, — Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!»

Алтын — теңіз... ұят, намыс бүгінде  
Бәрі, бәрі сол теңіздің түбінде.  
«Жә — дейді қарт, — Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!»

Ақымақ жандар жібек киіп далақтап,  
Ақылды бас бүркеніп жүр кенеп қап.  
«Жә — дейді қарт, — Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап! »

«Дос» деген сөз қасиетті сөз еді,  
Енді соның жоқтығын жұрт сезеді.



«Жә — дейді қарт, — Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!»

Ақ көңіл жан болам деме... Бұл күні  
Жемтігіне ол кетті айналып түлкінің.  
«Жә — дейді қарт, — Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!»

Әйел — адал?... Жетер болса көзіңіз,  
Ақымақ қылу өзімізді өзіміз.  
«Жә — дейді қарт, — Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!»

Шындық — тас бір, қозғағандар қозғасын!  
Лақтырғанның жарады ол өз басын.  
«Жә — дейді қарт, — Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!»

Бар өмірде қанша ғажап өсиет,  
Онда бірақ қалмады бір қасиет.  
«Жә — дейді қарт, — Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!»

**Махаббат көз алдымда мың құбылып**

Махаббат көз алдымда мың құбылып,  
Мың түрлі көрсетесің күнде қылық.  
Сен — арал, теңіз болып ол күні мен  
Өзіңді айналаймын толқыныммен.

Ал кейде дұғамсың сен оқылатын.  
Шіркеусің жексенбіде шоқынатын.  
Көр мейлі іңкәрлікті, көрме мейлі,  
Кеудеңе ол шырмауық боп өрмеледі.

Баймысың, кездестіргем жолда сені?  
Тұрады тонағым кеп онда сені.  
Соғылып тынар саған, сірә, маңдай,  
Боламын сонда қайыр сұрағандай.

Карпатсың, биіксің сен, оны аттаймын.  
Төсіңе қою бұлт боп қонақтаймын.  
Егерде тосар болсаң мың гүліңді,  
Көресің сайрап берер бұлбұлыңды!

Махаббат, міне, осылай мың құбылып,  
Көрсетсең күнде мінез, күнде қылық:  
Өзен боп, дария боп керегі не?  
Тартқанда ұлы сезім тереңіне?!

### Сенің үшін

Сенің үшін тыйдым мәңгі күлкімді.  
Сен деп талай асау жүрек бұлқыңды.  
Мен сен үшін істер едім бәрін де  
Тағдыр бірақ бермей қойды мүмкіндік.

Жаратқанға бекерге мұң шақпадым.  
Сен үшін мен істерге түк таппадым.  
Сол жалғыз-ақ: мәйітіңнің басында  
Жаптым өзім табытыңның қақпағын.

### Сен гүлім ең...

Сен гүлім ең... Кезі жетпей солмас гүл.  
Сен солдың да басты мені албасты.  
Сен күн едің, күн де батты, түн басты.  
Өзге жан жоқ, өлеңіммен мұңдастым.

Жанарымның нұры едің-ау жанатын.  
Нұрым өшті, қайырылды қанатым.  
Отым едің, кезім еді от қызған,  
Сен өштің де, айналдым мен көк мұзға!

### Терезеден қарайсың сен...

Терезеден қарайсың сен... Жаз айы  
Сұлу баққа сүйсінбеудің өзі айып.

(Әттең шіркін, әттең шіркін болса ғой  
Өміріңнің өзі сондай ғажайып!)

Махаббат қой жас жүректің қорегі,  
Бұрымды гүлмен қосып өреді.  
Бақыттысың, бақ сенен де бақытты,  
Өйткені оны, сенің көзің көреді.

### **Махаббаттың жалауы**

Жас жүрегім — махаббаттың жалауы.  
Екі басқа екі күштің қалауы:  
Күндіз-түні өз жағына тартқылап,  
Бітер емес осылардың талауы.

Біреуі үміт, жұдырықтай түйілген.  
Ақ боп кіріп, ақ боп шығар үйімнен.  
Екіншісі күдік деген бір пәле  
Түнек түндей қара киім киінген.

Міне осындай ниеті бар ортаның,  
Оған қарсы тұра алмайды шорқағың,  
Бір жүректі — бір махаббат жалауын  
Екі бөліп тастай ма деп қорқамын!

### **Махаббатың машақаты басталды**

Махаббатың машақаты басталды.  
Күн шықты ма? Бұлт басты ма аспанды?  
Есеңгіреп, қызу кешке жолығып,  
Көретұғын болдым ылағи мас таңды.

Бұл неғылған сезім еді ашқарақ!  
Мен өзімді танымадым кеш қарап.  
Шарайнаның тұрып алып алдына  
Кетпейтұғын болдым тіпті, масқара!

«Қайырлы таң!» дейтін болдым ақшамда.  
«Қайырлы кеш!» деймін таңда қақшаңдап.



Келгендерге «сау болыңыз»,  
Кеткенге:  
«Хош келдіңіз!» деп жүріпін бақшамда.

Асты таспен шатыстырып, ал енді  
Қолшамменен жазбақ болдым өлеңді.  
Ауызыма от жағымен тығыппын  
Шылым деген сорапұғын пәлеңді.

Таба алдым ба, таппадым ба иемді.  
О ғашығым, мен өзіңе сүйендім.  
Өзің үшін өртедім ғой, ем болсын,  
Күйіп қалған ерінімді сүй енді!

### Сен гүл болсаң...

Сен гүл болсаң, сабағымын сол гүлдің.  
Сен күн болсаң, қабағымын сол күннің.  
Қосқан бізді дәнекері тағдырдың,  
Іренжісең, тігісімнен сөгілдім!

Қуанышым, қыран болып қалықта.  
Жұлдызыңмын, бола алмасам, қамықпа!  
Сен тамұқтың оты болсаң,  
Ойланбай,  
Көзім жұмып, құлаймын сол тамұққа!

### Қаракөз қызға

Қара көзге үңілем де ақырын,  
Қалдым басқа дүниеден мақұрым.  
О Жаратқан! Сен бе соны жаратқан,  
Айналаға ғажайып нұр таратқан?!

Зағип болдым қараймын деп аруға,  
Дегенменен тиіспін ғой баруға  
Бір жақтарға... Келеді енді ой мұңды:  
Құлап түсіп, үзер ме екем мойнымды?!



Дегенменен көз қиығын салдың ба?  
Жығылсам да жығылайын алдында.  
Құшақтайын тосып тұрсаң жолымды,  
Құрбандыққа шалам сосын қолымды.

Қажет емен? Мені тастап кеттің бе?  
Кімді өбемін? Сен басқаны өптің бе?  
Бар ма сондай?.. Іздеймін деп қыз елін,  
Құлаймын да жұлынымды үземін!

### **Енді білдім...**

Енді білдім: жаны жайлау, мереке  
Ары таза, мейірбанды ер екем.  
Мұндай жүрек таптырмайды әлемде  
Достары үшін ырыс, әрі береке.

Бар ғұмырым қайғы-мұңмен өте ме?  
Деген бір ой болған маған етене.  
Енді міне билеп жүрмін өкіртіп,  
Қалпағымды қонжитып бір шекеме!

Мына жүрек гүл секілді деп мен де  
Мақтанамын, көз салам да өткенге.  
Гүл секілді қоңыр күзде өліп ол,  
Тіріледі бүршік атып көктемде.

### **Сүйемін мен**

Сүйемін мен! Шашы гүл  
Сүйгенімді көрді аспан.  
Бірақ менің ғашығым  
Ару емес жер басқан.

Ұғындырсам жөнімен:  
Ол періште пішінде.  
Ол — Бостандық, оны мен  
Көремін тек түсімде!

Жүрегім шын қалаған  
Құшағында от қыздың.  
Бірінші рет мен оған  
Көңілімді жеткіздім.

Қуанышты пақырың  
Пақыр емес бұл жылы.  
Еңкейдім мен ақырын  
Берейін деп гүл жұлып.

Көрмей қалдым,  
Кім көрді  
Арттан ұрған қасымды?!  
Сыйлап бірақ үлгердім  
Гүл орнына басымды!

### **Қара торы дара қыз**

Қара торы дара қыз,  
Қандай гажап арамыз!  
Менің жалғыз үмітім,  
Таусылды ма шарамыз?!  
Маңдайымның соры бар  
Сордың да бір зоры бар.  
Үмітіме қол жетпей  
Кезім бе осы торығар.

Жылап тұрған тал мынау,  
Жылататын хал мынау.  
Лайықты жар таппай,  
Өлетұғын болдым-ау.  
Сәмбі талдай жігіттің  
Жігерін шер үгітті.  
Сынып түсті топшыдан  
Қос қанаты үміттің.

Күздің бұл да белгісі:  
Қайтып жатыр жыл құсы.

Кеткенім жөн еді ғой  
 Соларменен бірге ұшып.  
 Кеудемді мұң кернеді,  
 Құстарға да ермеді.  
 Ұлы махаббатымның  
 Шекарасын көрмедім!

**Не жоқ менің ойымда...**

Не жоқ менің ойымда,  
 Ғажайып бір күй кешем.  
 Сүйесің бе? — мойында.  
 «Сүймеймін!» де сүймесең.

Күндей сәуле таратқан  
 Сезімде күш бар аса.  
 Екеумізге жаратқан  
 Сол сезіммен қараса.

Жаным сен деп күйгенде  
 Күюдей-ақ күйеді.  
 Анам мені сүйгенде  
 Тап осылай сүйеді.

Бүкіл жолын ән қылып  
 Тоқайласты, түйісті із.  
 Жазда, қыста — мәңгілік  
 Бір болуға тиіспіз.

Жылдың жалғыз көктемі  
 Жалғыздықтың бар мәні...  
 Құдай жалғыз көктегі  
 Және жалғыз арманым:

Қалмай тұрып от сөніп,  
 Құшағыма қонсаң ғой.  
 Жалғыз жарым деп сені  
 Айта алатын болсам ғой!

**Сен сүйесің көктемді**

Сен сүйесің көктемді.  
Мен — көлеңке, іңірмін.  
Сен мамырсың от демді,  
Ал мен күзгі гұмырмын.

Өскен гүлсің еркелеп,  
Оны өзің де байқадың.  
Күздің күні ертерек  
Ұясына қайтады.

Басамын мен толғанып,  
Ендігі өмір шолақ тым.  
Сәл аттасам болғаны,  
Қарашаға қонақпын.

Сен аттасаң ілгері,  
Мен шегінсем кейінге,  
Көп нәрсені үлгеріп  
Істер едік... дейім де!

**Қарғысқа бергісіз**

Күзгі тұман көзге түртсе көргісіз,  
Қара албасты қарғысыңа бергісіз.

Жолаушының көңілдегі тұманы  
Қалыңырақ, қалың және күмәні.

О бозбала, жауар бұлттай түнерген  
Қайда тарттың? Болар ма екен білерге?!

«Арғы атамыз қақпасынан жұмақтың  
Шыққан кезде қойдың ба бұл сұрақты?»

Ғашығынан айырылған қаралы  
Кім іздейді, енді қайда барады?!»



Бозбаланың жанына мұң батты ма,  
Алдында да, артында да көк тұман!

Жүре берді ол міне осылай мұң басып,  
Көрінді алдан екі нәрсе сұлбасы:

Сірә, итмұрын өскен жолдың шетінде,  
Көздің жасы сорғалаған бетінде...

Елсіз дала, құзғындардың дауысы,  
Күрсінеді ол бар амалын тауысып!.

### **Бері келші**

Бері келші! Көрейін өріміңді.  
Мүмкін маған сыйларсың ерініңді.  
Бір-екі рет! Несіне тарынасың?  
Сүйгізбесең, сүюді сағынасың!

Бері келші! Келе ғой, қылымсыма!  
Көріп пе едің жігітті бұрын сынап?  
Жаратпаған боласың тиіскенді,  
Ұнатасың дегенмен сүйіскенді.

Білмейсің бе, немене, өбісуді?  
Бірінен соң біріне келісуді?!  
Қарама сен? қарама ала көзбен.  
Мен сұлуды сүйуші ем бала кезден.

Бала кезден мен соның шеберімін,  
Қыздардың да көргенмін не керімін.  
Мен сұлуды сүйуші ем бағып тұрып,  
Омырауын өзіне ағыттырып.

Ерініңді тоса ғой, бұрып бетті.  
Шешең сенің қораға кіріп кетті.  
Онысыз да біз мұнда күн көреміз,  
Ұзақ-ұзақ сүйісіп үлгереміз.

**Өмір кермек, махаббат тәтті**

Мен адамға тек жақсылық қалаймын.  
 Ал иттігін көрдім өзім талайдың.  
 Ине сұғып, төсегімді таптайды,  
 Ағаруы содан шығар самайдың.  
 Қорлау үшін табады бір қисынын,  
 Бұзар ма еді өздерінің тұмсығын!  
 Өмір ащы, махаббат сәл тәттірек,  
 Бір тамызшы, дәмді болсын сусыным!

Жүрек — қобыз, сол ғана дос ауылда.  
 Оның өзі ұнамайды қауымға.  
 Әуенінен, ырғағынан жаңылар  
 Қоңыраулап дүңгірлеген дауылда.  
 Дүңгірлейді, шығар десем сыңсып үн.  
 Жеткізе алмай қасіреттің тылсымын.  
 Өмір ащы, махаббат сәл тәттірек,  
 Бір тамызшы, дәмді болсын сусыным!

О махаббат тұратұғын сертінде,  
 Сен ғана емсің жүрегімнің дертіне.  
 Емендейсің, кете алмайтын су басып,  
 Алдырмайтын ұсақ-түйек өртіңе,  
 Саған үміт ұя салар сүйсініп.  
 Тіпті жақсы бұтағыңның қисығы.  
 Өмір ащы, махаббат сәл тәттірек,  
 Бір тамызшы, дәмді болсын сусыным!

Балауса қыз, ерінінде сүт дәмі.  
 Күзгі күнмін, қараймын мен сұқтанып.  
 Қарағанда қайта оралып көктемім,  
 Көз алдыма келеді бір құт таңы.  
 Сен тұрасың әжептәуір қымсынып.  
 Бұрымыңа, киіміңе күн сіңіп.  
 Өмір ащы, махаббат сәл тәттірек,  
 Бір тамызшы, дәмді болсын сусыным!

**Махаббатта, рас, талай кетті есем**

Жүрек — тас деп, артық айтып сөкпе сен.

Махаббатта, рас, талай кетті есем.

Іші толған көңіл жасы, көз жасы

Қайық болды, менмін соның қожасы.

Қайғы мен мұң, қасірет шер — ескегі,

Міне осы, махаббаттың өстеді.

Жүрек — тас деп, артық айтып, сөкпе сен.

Махаббатта, рас, талай кетті есем.

Бұтағы да, діңгеге де қураған

Жынға толы болды әсте ну орман.

Аңсайтұғын жас ет және жылы қан

Қорғау болды сол махаббат ұлыған.

Жүрек — тас деп, артық айтып, сөкпе сен.

Махаббатта, рас, талай кетті есем.

Көк шалғында мың жығылып, мың тұрып,

Көбелекті ұстаймын деп ұмтылып,

Ұшып түскен шұқырына даланың

Қылығына ұқсады ол баланың.

Жүрек — тас деп, артық айтып, сөкпе сен.

Махаббатта, рас, талай кетті есем.

Арбаменен сүйегімді бір менің

Ауласынан алып шыққан түрменің

Қайғысы мен құсасына меңдетіп

Өлтірген сол болды менің жеңдетім.

Жүрек — тас деп, артық айтып, сөкпе сен.

Махаббатта, рас, талай кетті есем.

Бұлбұл болмай, шымшық болды, жай шымшық.

Енді мені қинағанын қойсыншы!

Пана болып жарытпайды томар-түп...

Жасын түскен одан гөрі көп артық!



**А. Ф-ның альбомына**

Май құйылған бір құмыра қақында  
 Әдемі аңыз қалдырыпты ақындар:  
 Таусылмайды — төксең, ішсең — бәрібір,  
 Іше бергін, қанша ішсең де қақың бар.

Таусылмайтын қанша ішіп бақсаң да.  
 Тірліктің де рахаты тап сонда.  
 Күлемін мен ептеп ішкен сараңға.  
 Таусылмайды ол көп ішсең де, татсаң да.

Қай кезде де тұрады осы май ойда.  
 Дұрыс дер ек кемеңгерді қалай да:  
 Өзін өзі тізгіндемей ішкен ол,  
 Таусылмайтын дүниені аяй ма?!

**Сені ойласам**

Сені ойласам, қастарың — Ай, көзің — Күн,  
 Бірден гүлге айналады сезімім.  
 Бағбандықпен айналысам амалсыз  
 Содан кейін, таусылғанша төзімім.

Бірте-бірте көкшіл тартып биік тау,  
 Батарда күн күрең көйлек киіпті-ау.  
 Ал сүйгенім сол таудан да биіктеп,  
 Қол жетпейді... енді қайда ұйықтау!

Күн жүреді батыс жақты бетке алып.  
 Ал мен болсам теріс бара жатқаным.  
 Кері жүрем, кері жүрем, өйткені  
 Шығыс жақта менің сүйген ақ таңым!

Темірқазық бүгін менің жолдасым.  
 Жолға шықтым аспан нұрға толғасын.  
 Кешкі жұлдыз киініпті әдемі  
 Осы қазір сені көрер болғасын!



О қуаныш! ғұмырың бар қасқағым.  
 Көз салмаймын сұлуына басқаның.  
 Жанарыңа үңілем де жанамын,  
 О сүйіктім! О алтыншы аспаным!

**Қыздың мендік болғанын**

Жаным менің толғанып,  
 Асып-тассын, төгілсін!  
 Қыздың мендік болғанын  
 Құдай білсін, ел білсін!

Қуанышым мың есе,  
 Қайғы-шерім артымда.  
 Жылайын ба, немесе  
 Күлейін бе қарқылдап?!

Табылмаған еш емі  
 Дертім бар-ды зіл-батпан.  
 Осы мен бе шынында  
 Бақыттыдан бақытты?!

Ызалымын өткенге:  
 Табады ғой іздеген.  
 Айналсын күз көктемге,  
 Үйленемін күзде мен.

Өттің — кеттің, бала шақ.  
 О, келер күн, қандайсың?  
 Күн секілді болашақ,  
 Тура қарай алмайсың!

Айым қайда көктегі?  
 Ашық түннің аспаны...  
 Ай секілді өткенім,  
 Қарайды сол жасқанып.

Әрбір сәті таң қылып,  
 Ұйықтатпайды жас қаным.

Рахатым — мәңгілік,  
Ал мерзімі — қасқағым!

Кетер ме екен жан шығып,  
Бауырыма бастым да,  
Қала бардым жаншылып  
Ләзаттың астында.

Көрдің бе, дос, көрдің бе,  
Кете қоймас ертең де.  
Қалды табы ернімде  
Ғашығымның өртенген.

Соқса дағы шабынып,  
Қорқытпайды ызғырық!  
Жатар оның жалыны  
Көрімді де қыздырып!

**Құздан биік құлаған...**

Құздан биік құлаған  
Болсам өзен ағыны.  
Қыпша белін қынаған  
Күтсе жарым сағынып.  
Мөлдіреген суымда  
Асыр салып ойнаса,  
Өмір бақи қуанбай,  
Тек өзімді ойласа.

Бір дария бойында  
Батыр атын суарған  
Тұрғыны көп қойнында  
Болсам, шіркін, ну орман.  
Ну орманда сүйгенім  
Әрбір таңды қарсы алса.  
Ғажайып бір күйге еніп  
Құйқылжытып ән салса.

Жар басына салынған  
Болсаң берік тас қамал,  
Боз тұманға малынған  
Қалмас қызда басқа амал.  
Шырмауық боп жаз айы  
Қушар еді ол мені  
Тірлік кеші ғажайып  
Ұмытар едім өңгені.

Болсам әлде дұрысы —  
Махаббатың лашығы.  
Сол лашықтың пірісі —  
Болса менің ғашығым.  
Соны жырлап, ән ғылып  
Шығармас едім құшақтан.  
Өмір бойы, мәңгілік  
От өшпесе ошақтан.

Не бұлт болсам

қиядан

Тұрған қазір ұшқалы  
Найзағайлар аямай  
Жырымдаған пұшпағын.  
Қалған арман-сарқытта  
Менде бір-ақ бар уайым:  
Жарым қызыл барқытта  
Болса, кешкі арайым...

**Сүйемін бе мен сені?**

«Сүйесің бе?» деп сұраудан жалықпа.  
Сұра! Сұра! Және соны анықта!  
Рас: сүйем! Бірақ қалай сүйемін?  
Оны өзім де түсінбеймін. қамықпа!  
Тау көлінің тереңдігі, кел, күнім,  
Ешнәрсемен өлшемей де белгілі!

Не істемейді, не демейді ер кісі?  
Бүкіл жанын келеді оның бергісі.

Жүрегімнің лүпілі мен дүрсілі  
 Саған деген махаббаттың белгісі.  
 Саған деген сезімімді тергеме.  
 Лапылдайды, өшпейді ол көрде де.

Сезім — ұлы, өзім солай көремін.  
 Көремін де айтқаныңа еремін.  
 Сәл ұмытсам, не ұмыта жаздасам,  
 Мен өзіме «қарғыс атсын!» дер едім.  
 Өйтер болсам, найзағайдан өлем мен,  
 Өйтер болсам, жасын түссін төбемнен!

Қалайша мен өзімді өзім мақтаймын?!  
 Есіміңді дұғадайын жаттаймын.  
 Ант ішпей-ақ, қарғанбай-ақ өзіңді  
 Жүрегімнің түкпірінде сақтаймын.  
 Құстың жолы қандай болса аспанда  
 Сен сондайсың менің үшін, жасқанба!

Арулардың жоқ өзіңнен асқаны,  
 Таза көңіл — махаббаттың аспаны.  
 Өзің сүйген, өзің сүйген адамың  
 Ойлай да алмас бір өзіңнен басқаны!  
 Тұу биікте, тұрғандарды төбеңде  
 Жер қайырып түсіре алмас төменге!

### Әйгілі ару

Ертелі-кеш қақсаған  
 Өлең-жыр сол қақында.  
 Көзің түсіп кетсе оған,  
 Алжасасың ақылдан.

Алтын беріп тұмарға,  
 Сараң мүлкін шашады.  
 Күндіз-түні жыр арнап,  
 Ақын құшақ ашады.



Хан патшалар қаңғырып,  
Есі кеткен ел өңкей.  
Күн аспанды қалдырып,  
Болған соған көлеңке!

Онда әркімнің ойы бар,  
Тұрса да көр қазылып,  
Аш адамың тойынар,  
Ауру адам жазылып.

Жүйкемізде ойнады,  
Өмір болмай енді өмір.  
Оңашада ойладым,  
Көрейін деп мен де бір.

О азған күн! Азған күн!  
Осы ма еді қалғаны?!  
Біздің өлген азбанның  
Артықтау-ды талғамы!

Қосылам ба бүйірден,  
Көңіліме қонбаса?!  
Сүйгеніммен түйірдей  
Ұқсастығы болмаса!

### **Панни Паньо**

Бұл есімді ел маған  
Зорлықпенен таңбаған.  
Ұялар ем сол үшін,  
Ұят менде қалмаған.

Жоқ біз үшін ел шегі,  
Жоқ сезімнің өлшемі.  
Қарақшының жастығы —  
Менің толық емшегім.

Қарақшысыз қараң түн,  
Қараң және сараң түн.

Сүңгіп жатыр сандыққа  
Солар берген сары алтын.

Шын жынойнақ біздің бар,  
Сонда мастар, қызғандар.  
Музыка ма? Әнекей  
«Сайрап» берді құзғындар.

Табылар-ау байталдар,  
О достарым, байқаңдар.  
Төрт тісі бар айырмен  
Шаншып кетер сайтандар.

Мазалайды шұбар мұң,  
Қай жерде өліп тынармын.  
Бір дуалдың түбінде  
Көз жұматын шығармын.

Бақытым ба? Сорым ба?  
Таласпаймын орынға.  
Көме салар сығандар  
Ит көметін қорымға.

Сен — анасың, мен — бала,  
Анашым, түк қамдама.  
Шынын айтсам, бәріне  
Кінәлісің сен ғана!

Мен өзіңнен қаймыққам,  
Дәметтің сен байлықтан.  
Өле сүйген жігіттен  
Өзің едің айнытқан!

**Өзі сүйген бұлбұлы бар**

Өзі сүйген бұлбұлы бар орманның,  
Өзі сүйген аруы бар арманның.  
Өзі сүйген жұлдызы бар аспанның,  
Өзі киген құндызы бар жас жанның.

Құстар сайрап, найқалады көк шалғын.  
Қыздар көркі бағың менен бақшаңның.  
Олар енді бір орында тұрмайды,  
Қол ұстасып билейді де жырлайды.

Жұлдыз ағып, сарғаяды байтағың.  
Құстар болса жылы жаққа қайтады.  
Тек ғашықтар қолдарында жүзігі  
Жыл — он екі ай басылмайды қызығы!

### Қызыл іңір

Күн ұяда тыныштығын таппақ бір.  
Қыр астында қараңғылық қаптап тұр.  
Ауру жандай өңі қашып, бозарып,  
Жапырақтай шашылады аппақ нұр.

Зілдей болып мұң басады еңсені.  
Күн сәулесі... Бара жатыр ол сөніп.  
Қоңыраудың қоңыр үні алыстан  
Естіледі, тербетеді сол сені.

Тірі жан жоқ, жолдасым жоқ қасымда.  
Сұлулық бар, гүлің түгіл, тасыңда...  
Құдайға аян не жатқаны ішімде,  
Құдайға аян қандай ой бар басымда!

### Сәске түс

Аспан ашық... Шыдатпайды ол аптап.  
Жұтар едің жетпейді ауа алапта.  
Тынып қалған қыбырлаған тіршілік,  
Төбет жатыр ұзын тілі салақтап.

Шөп шабады бозбалалар тізіліп,  
Оны қыздар әкетеді сызылып.  
Қандай азап ыстықтағы бұл шаруа  
Жетіп жатқан кезде өмірдің қызығы.

Біледі ел жалпы тірлік, хал-күйді.  
 Күн көре алмай біреу түзде қаңғиды.  
 Король тақта,  
 Жалқау шопан  
 Бикештің  
 Балтырына басын қойып қалғиды.

### Қоялық та өкпені

Жоқ ешқандай өтемі  
 Сол әңгіме кешегі.  
 Әзіл-қалжың жетеді,  
 Енді іске көшелік.

Тағы әңгіме басталар,  
 Бастамаған дұрысы.  
 Баяғыда-ақ басқалар  
 Қалар еді ұрысып.

Өріп шыққан темірден  
 Босатпайды тор мықты.  
 Жүрегімнен өмірде  
 Көріп болдым қорлықты.

Тірлікте көп оңбаған,  
 Сеніп келдім бәріне.  
 Енді мені алдаған  
 Ұшырайды кәріме.

Айтпа маған аңызды,  
 Құр бекерге тамсанам.  
 Мәселемен маңызды  
 Келіп тұрмын мен саған.

Ақыл-ойға басқартып,  
 Қоялық көп өкпені.  
 Бас тартудан бас тартып,  
 Өз еркіңмен өп мені!



### Тамыздың бесі

Арманыма, мақсатқа  
Жетпедім бе, жеттім бе?  
Жүзік салып саусаққа,  
Өппедім бе, өптім бе?

Бояуындай арыңның  
Бетіңдегі нұр қандай?!  
Бар қызығы жарыңның  
Өбісуде тұрғандай.

Ал кәне сүй! Көрмейді.  
Көрсен, көрсін, несі бар!  
Кім біздерді тергейді?  
Тергемейді, есі бар.

Сүюден мен именбен,  
Сүйе берем жасқанбай.  
Өртенесің сүйгеннен  
Күнге ғашық аспандай.

Бойыма у тарапты,  
Есеңгіреп қалдым ба...  
Сүю менен шарапты  
Шатастырып алдым ба?!

Олимптегі құдайлар  
Құмар әсте шарапқа  
Маспын өзім былай да,  
Оған мені қаратпа!

Тағы да сүй! Сүй мені!  
Не керемет! Не мастық?  
Жер менен жер, үй мен үй  
Бір-бірімен ұласты!

Ұқсағанмен дастанға,  
Емес мұңым өтірік.

Ұшып жүрмін аспанда  
Бір бұлбұлға отырып.

Сүйе берем! Тыңдаман.  
Тәттісің-ай! Ғажабы-ай!  
Айналамда мыңдаған  
Жарқылдайды найзағай!

Мойын сұқпа қамытқа,  
Осы тағдыр қайда да...  
Сақтан, бала! Бақыттан  
Өліп кетер кейде адам!

### Ғажайып хат

Ғажайып хатың қолымда  
Таң қалдырған ақынды.  
Оның әрбір жолында  
Ізі жатыр ақылдың.

Сағат сайын қымбаттап  
Барасың деп жазасың.  
Сол бір сөзден мың батпан  
Тартты жүрек жазасын.

Әжім түсті маңдайға,  
Тіліп өтті бір шыбық.  
Батар қатты шымбайға  
Оқыдым мен түршігіп.

Жылан-хатқа қынжылам  
Жатқан бұта түбінде.  
Шағып алды сол жылан  
Сұмдық у бар тілінде.

Біле тұра тарлығын,  
Көрімді өзің қаздың да...  
Біле тұра барлығын  
Қасақана жаздың ба?!

Айналайын жан-жарым,  
Деп жүргенде сен керім.  
Қадалды ғой қанжарың,  
Бальзам күткен емгерім.

Суға кетер алдында  
Мен ғой сені шақырған.  
Бәрі өзіңнің қолыңда  
Не істесең де пақырға!

Ұғындыршы, қасқырым,  
Сен емес пе ең қалқаным?  
Мына басты тасқа ұрып,  
Шығарамын талқанын!

### **Сындырды гүл сағымды**

Есімде жоқ қай бір күн,  
Сындырды гүл сағымды.  
Іренжідім, қайғырдым,  
Ашуландым, сағындым.

Гүл періште болса да,  
Бас тартпаймын назымнан.  
Мұндай ауыр құсадан  
Көрге кірмей жазылман.

Бірақ бәрін

сүйгенім

Бір өткенде-ақ ұмыттым.  
Қызыл гүлім үйге еніп,  
Қайта жақты үмітті.

Ол да саған көнбейді,  
Сен де билеп-төстейсің.  
Сүйеді де емдейді,  
Емделесің! Не істейсің?!

**Ақын дейді ел мені**

Ақын дейді ел мені,  
Рас, барғой еңбегім.  
Балқып, шалқып, балбырап,  
Мақтамашы сен бірақ.

Керек емес атағың,  
Жаныма сол батады.  
Ұқсаң, менің бір қайғым —  
Тырнағыңа тұрмаймын!

Сенің қара меңіңде,  
Меңің түгіл деміңде,  
Тал шыбықтай бойыңда,  
Оянбаған ойыңда,

Қабағыңда, қасыңда,  
Түйіп қойған шашыңда,  
Шашыңның әр талыңда,  
Үнсіз қалған шағыңда

Байқалатын дарынды,  
Ақындардан арынды  
Менің бес жүз жырымнан  
Таба алмайсың ырымға!

**Шыдармын**

Жеткізбей-ақ қойды ғой той —  
Бал шағым.  
Бүгін болмас, ертең болар.  
Шаршадым.  
Бұл неғылған таусылмайтын  
Шұбар күн?!  
Таусылмаса таусылмасын!  
Шыдармын!

Әр нәрсеге ауа салар  
Аңсар-ай!



Қалдырмаған әкем дәулет,  
Кең сарай.  
Оқасы жоқ!  
Бұл түйықтан  
Шығармын.  
Шыға алмасам шыға алмаспын,  
Шыдармын!

Мен өзім бір қырсық қызға  
Ғашықпын.  
Қырсықтардан құтылады  
Қашып кім?  
Ол да тентек, мен де тентек  
Шығармын.  
Сондықтан да шыдау керек!  
Шыдармын!

Бүгін тыңда!  
Ертең мен-ақ тыңдайын.  
Ұрыс пенен керістен соң  
Мүң дайын.  
Күн батқанша шыдадың ғой,  
Шыдадың.  
Таң атқанша шыдайтұғын  
Шығармын!

### **Көкше таудың аржағында...**

Көкше таудың аржағында, жазықта  
Тұруды өзі маңдайыңа жазып па?  
Сен арқылы қолы жеткен бақытқа  
Бойыңменен жүресің бір бағытта.  
Уайымдама, ештеңеден ығыспа.  
Алып кетем, алып кетем Шығысқа  
Эрдегі қайда? Бітер сонда сапарым  
Қызық көрем сені сонда апарып  
Сол арада тыныштығым іздеген —  
Тек табиғат болады онда бізбенен.

Басқалардай алдамайды ол сені.  
 Көтереді көңіліңді, еңсені  
 Опасыздық жасамайды ол саған,  
 Жұмақ одан артық емес аңсаған  
 Сол арадан көресің сен рахат,  
 Жаныңа жан сала алмайды жарақат.  
 Пенделіктен біраз алыс кетеміз.  
 Тұнып тұрған тыныштыққа жетеміз.  
 Теңіз шуы басылмаған арыны  
 Шу боп жетпес, жетер жалғыз сарыны.  
 Бұза алмайды мазамызды бұл сарын  
 Бұл сарын да естіледі жұмсарып.  
 О ғажап гүл! Көңілімнің жалғызы,  
 Жер бетінен өтеміз біз ағызып.  
 Кеңістікте, дауыл ғана боздайтын,  
 Үйренемін нағыз қымбат сөзді айтып.  
 Не болса да ертеңімді қарсы алам,  
 «Қатыным!» деп жер бетіне жар салам!

### **Бойдақтықпен қоштасу**

Ескі досым, мен біраз жыл есірдім.  
 О бойдақтық, енді сені кешірдім.  
 Ширек ғасыр жолдас болды өзіңмен,  
 Қоштаспай-ақ кете берсем, кешіргін!

Түсін енді, түсіне ғой ақынды,  
 Тастап кету оңай емес жақынды.  
 Жастығымды бөлістім ғой өзіңмен,  
 Қалдыр маған жылдарымды ақылды.

Кезім қанша өзің үшін ентіккен.  
 Таң қалатын осыныма ел тіптен.  
 Талай тұрдым қалың сезім ішінде  
 Жалауыңның дәл түбінде сен тіккен.

Байқайсың ба, енді, міне нақ бесін.  
 Сен досыңның ауру қылдың өкпесін.

Мен шаршадым, төсек болсын білегі,  
Жастық болсын сүйгенімнің ақ төсі!

Көшелерден сәл қысылып өтесің.  
Жас достардың езуінде кекесін.  
Аянышпен қарағандай болады,  
Мен ондайдың көргем талай көкесін.

Тек осы ма барлық мұңым, бар қайғым?  
Шеттеу тұрып жұрт қылығын барлаймын.  
Бүгінде мен баяғыдай еліріп,  
Кір-кір болған мәйханаға бармаймын!

Жалғыз ғана соны сүй деп ымдаған  
Жүрегіме құлақ түріп, тыңдағам.  
Басқаларда жұмысым жоқ, шаруам жоқ,  
Олар үшін еркектер бар мыңдаған.

О бойдақтық, мен барлығын қойғанмын.  
Іренжіме, өзің де бір ойланғын.  
Ертең саған теріс қарап кетемін,  
Мен өзіңе тоюдайын тойғанмын!

Маған сенің жоғың емес, барың мұң.  
Туыңды әкет — сәні болсын арыңның.  
Ала туды ауыстырдым ақ тумен,  
Ақ ту енді — орамалы жарымның!

### **Көрдіндер ме мұндайды?**

Білмес асып-сасқанды  
Мендей мықты қалды ма?  
Мынау алып аспанды  
Отырғызам алдыма.  
О көк аспан, еркіңмен  
Құшақта да өзімді,  
Жұрттан асқан көркіңмен  
Тұндыр менің көзімді!

Заман әсте, туысқан  
Кеудеге сыр құяды.  
Мынау тап-тар қуысқа  
Бақыт қалай сияды?  
Айтар болсақ елге сыр?  
Бір қиындық болады.  
Қуаныштан көл-көсір  
Жанарға жас толады.

Айтқанымды қай күні,  
О қуаныш, екі етпе.  
Жолықтырғам қайғыны  
Жолдағы бір бекетте.  
Сол қайғымыз еркелеп  
Оралмасын мың жылда.  
Басқалардан ертерек  
Түсіп қалды мұң жолда.

Қызыл күрең аймақта  
Күнді ұясы қарсы алды.  
Бір ғажабы — бейуақта  
Құмар бұлбұл ән салды.  
Бұлбұл емес тамаша,  
Екі жүрек келіскен  
Басқа жан жоқ, оңаша  
Екеуміз ғой өбіскен.

Түн ішінде, сәріде  
Тәрізденіп талшыбық  
Жердің шипа-нәріне  
Қала бардым малшынып.  
Бүкіл әлем көзіңде,  
Тең жартысы кемінде.  
Жазғы науқан кезінде  
Жайқалар гүл егіндей!





Кешірмейді айтқанымнан шегінсем,  
 Мына отырған қызыл киген келіншек.  
 Бұл үйдегі билік жайлы сөйлесек,  
 Біріншілік сен жағында, меніңше.

Сен дегенде қиял ойым самғаған.  
 Қыз едің-ау мені оп-оңай алдаған.  
 Қуып жүрген қуанышым сол кезде  
 Ұстатпай-ақ жүруші едің сен маған.

Қателеспен ғажайып бір гүл десем.  
 Періштемсің, тек өзіңмен үндесем.  
 Бұл күндері бағбаным боп

Гүлдерден

Маған арнап тәж өресің күнде сен.

О періштем! Жаратқаным қолдаса,  
 Мен қиындық көре алмаймын  
 жолда аса.

Тікенегің бір де тырнап көрген жоқ,  
 Қытығымды келтіргені болмаса.

Не істесем де ертелі-кеш толғанар,  
 Мүмкіндіктің бәрін түгел қолданар.  
 Ей, қамқорлық, ығыр қылдың сен мені,  
 Енді боссың, қайда барсаң, онда бар!

Соңғы кезде мынандай бір ой кірді,  
 Ой кірді де көп нәрсені жойдырды.  
 Не киемін, не ішемін деп ойланып,  
 Бас қатыру мені әбден тойдырды.

Бір кездері өзіңменен мұңдас ем,  
 Нағып жүрсің, ауру, енді мұнда сен?  
 Ата жауым қояды деп дарға асып  
 Қорықпайтын қайдан келген маубас ең?

Жанымды жеп болып еді мұз қайғы.  
 Сорлы жүрек әлі күнге сыздайды.

Дегенменен кешірейін мен сені.  
Қаным менің бұрынғыдай қызбайды.

Түбі мені жеңем деген сен едің  
Бірақ жеңіс берді маған көмегін.  
Сені де мен кешірейін, әдетте  
Мен жеңгенде жақсылықпен жеңемін!

Неғылған шу! Жыр-тұлпар ма? Пегас па?  
Есік теуіп, жеңілген бе таласта?!  
Сағындың ба, ақыныңды?

Бірігіп

Талай-талай асқар асқан, бел асқан!

Талай-талай шығармыз біз ту алып.  
Ақша бұлтты шаңдатармыз қуанып.  
Көрмейсің бе? Тыныштықтың патшасы  
Болудан, дос, жалыққам жоқ мен әлі!

### **Баяғыда және бүгін**

Көтерілген көл суы,  
Көрінбейді аяғы.  
Сол бір салқын, сол суық,  
Бұйығы күн баяғы.

Естелікті қозғама,  
Қой онымен ымдасып,  
Қайтқан еді бозбала  
Екі иінін мұң басып.

Көнетоздау киімі,  
Түйір қан жоқ бетінде.  
Келе жатты ол түйіліп  
Қара желдің өтінде.

Кеш болатын, кеш мүлде,  
Кешпен туыс ол, сірә.

Айырықта ешкімнен  
Тұрмады ол жол сұрап.

Жаңбырдың бұл сұйылып  
Түрі бар ма бітетін?  
Панасы жоқ, қиыны —  
Қатын да жоқ күтетін.

Жылы ұшырап ақынға  
Кім бар оны жұбатқан?  
Сол жігітің жақында  
Бір-ақ шықты жұмақтан!

Жоқтан-барға жұбанып  
Жүрді қанша шақырым?  
Көктен таппай жұмағын,  
Жерден тапты ақыры.

Сөз бе алыс, қашығың,  
Болса жүрек — әмірің?  
Айналайын ғашығым,  
Менің тірі тәңірім!

**Сүюдің де сапасы бар**

Сүюдің де сапасы бар,  
Саны бар.  
Оттысы бар,  
Тәттісі бар сағынар.  
О сүйіктім,  
Керегіп тұр қосымша,  
Сүйсең еді  
Жалындырмай осынша!  
Гүл бола ма  
Көз тұндыра алмаса!  
Гүл емес ол  
Барып тұрған далбаса.  
О, сүйіктім,



Көз көрмедім көзіңдей,  
Әйел болса,  
Болсын сенің өзіңдей!

Аянбай сүй!  
Қайталап сүй сүйгесін!  
Өртеніп-ақ кетейін мен  
Күйгесін.  
Қомағаймын  
Сүйісуден талмайтын,  
Сүйсең болды  
Қанат бігер самғайтын!

Шамды өшіріп,  
Бұзайын мен ұйқыңды.  
Қараңғылық  
Арзан және сүйкімді.  
«Сүй!» деген соң,  
Райымнан қайтам ба?  
Үйленген ер жолдас болмас сайтанға!

Сүйші кәне!  
Тарылма да тарықпа!..  
Бір боламыз қараңғыда,  
Жарықта!

**Сүйіктім, сен...**

Сүйіктім, сен байқағандай ұлы істі  
Мадақтайсың,.. Дұрыс дейсің дұрысты.  
Бойымда егер болса жақсы қасиет,  
Бәрі соның бір өзіңнен жұрысты.

Мен айтайын, айтпасам да білесің  
Дей алмаймын, гүл тек жердің үлесі.  
Жер, әрине, керемет қой... Бірақ та  
Күн болмаса тұрар ма еді гүл өсіп?!

**Райхандар иемденген...**

Райхандар иемденген бар төбе...  
Иығыма сүйеніп сен еркеле.  
Құлағыма жылы лебіз жеткенде  
Шеке тамыр лүпілдей ме,  
Шерте ме?

Күн құшақтап,  
Мадақтамай,  
Мақтамай  
Қуаныштан дірілдейді көк Дунай.  
Әлдилеген мен сияқты Күнін ол  
Толқынымен тербетеді тоқтамай.

Қас-дұшпанның айтқандары әлі есте.  
Құдайсыз деп кінәлайды мені әсте...  
Күбірлеймін, басым қойып кеудеңе,  
Бұл немене? Мінәжаты емес пе?!

**Түн**

Түн болды ғой,  
Жатыңыздар  
Айқасып.  
Жатпасаңдар  
Жүріңіздер  
Жай басып.

Қыдырыңыз,  
Босқа өтпесін  
Тоят түн.  
Жүріңіздер  
Ұшыменен  
Аяқтың.

Азалы түн,  
Бірақ оны  
Білді кім?

Қара шәлі  
Жамылыпты  
Түн бүгін.

Өлсе керек  
Осы түннің  
Сүйгені.  
Сондықтан да  
Оның қара  
Кигені.

Сенделеді  
Көкорайға  
Құлайды.  
Жатқан жерін  
Көк жасымен  
Шылайды.

Бір мезетте  
Жымияды  
Ол ептеп.  
Не боп қалды,  
Не өзгерді  
Кенеттен?

Көрден шығып  
Көтерілді  
Сүйгені.  
Айды солай  
Қарсы алды түн  
Именіп.

Ұшырасты,  
Құшақтасты,  
Шаттанды.  
Жарылуға  
Екі жүрек  
Шақ қалды.

Сыбырласты  
Болғанменен  
Кеш мүлде.  
Бірақ оны  
Естіген жоқ  
Ешкім де!

Не болса да  
Шаппаған жөн  
Насырға  
Құпия бол  
Қалады сыр  
Ғасырға.

Тек жындылар  
Құлақ түрер  
Әр уақытта:  
Бір-біріне  
Не дейді деп  
Әруақтар.  
Сәбиің бе?  
Жігітің бе?  
Шалың ба?  
Есіне алар  
Тек өлердің  
Алдында.

Мүмкін оны  
Естіп қалар  
Ақын да  
Жындануға  
Жүрген кезде  
Жақындап!

Ойшылдардың  
Қасиетін  
Кім сезді?  
Қас қағымда  
Қағып алар  
Ол сөзді.



Бірақ, бірақ  
Түнгі сөздің  
Пәрменін  
Қайталауға  
Жетпейді оның  
Дәрмені.

### **Жалау**

Жұмыс деп оны санама,  
Жалауды қайтып жамама.  
Дұрыс боп шығар болжамым,  
Тезірек ту тік, жан-жарым!

Түсінсе ерлер парызды,  
Жақындап қалған тәрізді.  
Гүлдейді таудың аржағы  
Тезірек ту тік, жан-жарым!

Бар менің біраз сезігім,  
Таусылды жұрттың төзімі.  
Дайын тұр қылыш, қанжарым  
Тезірек ту тік, жан-жарым!

Еркіндік тегін келмейді,  
Беруге тегін көнбейді.  
Болады құрбан мал-жаның,  
Тезірек ту тік, жан-жарым!

Сүйеді жалау биікті,  
Тіккенде оны сүйіп тік.  
Жалауменен таң жарық.  
Тезірек ту тік, жан-жарым!

**Сүйемін сені, сүйемін сені...**

Сүйемін сені, сүйемін сені, періштем!  
Сезбесең соны айналар сезім берішке.  
Пәлендей де алман, дәлелдейде алман,  
Қайтемін?  
Барлығы ойда, барлығы бойда, бәрі іште!

Қайтемін енді сөзіме менің сенбесең,  
Қайтемін енді ырқыма менің көнбесең.  
Күдіктің бұлтын жел болып қуып, апыр-ай,  
Тәжімді қалай емдесем?!

Дәулетті болсам байлығын әбден шаң басқан,  
Шешер ем бәрін үйімде жатып жамбастап.  
Мен үшін қымбат қазына сенің әр сөзің,  
Әр сөзің үшін берер ем бір-бір алмастан!

Бұл менің шыным, бұл менің жырым имандай,  
Корольдің шіркін, сарайы қандай, үй қандай!  
Сен өзің өрген гүлтәжді киіп, мәз болып  
Алтын тәждерден бас тартар едім қиналмай!

Шұғыла болсам доғадай көкте иілген,  
Таптырмас бояу табылар еді үйіңнен  
Киімнің бәрін шұғыладан ғана тіктіріп,  
Жан болар едің кемпірқосақтан киінген.

Күн болсам егер, күн болу үшін мұрша бер.  
Күнәға батсам, жазала мені, ұрыса бер.  
Сен үшін бүкіл әлемнің өзін берер ем,  
Сол бүкіл әлем көзіңе сыйып тұрса егер!

**Қоштасу**

Ақ таңымды ысырды түндер менің  
Осы ғана еді гой гүл бергенім.  
Қоштасқалы отырмын келе сала.  
Аймалап та мен сені үлгермедім

Махабатқа табынар табынса адам,  
Жаратқаның жар болсын, жарым саған!

Ақын едім күн түгіл түнім асыл,  
Енді міне сарбаз деп ұғынасың  
Енді менің жолымды жарық қылмақ  
Жұлдыз емес, қызыл қан шұғыласы.  
Махаббатқа табынар табынса адам,  
Жаратқаның жар болсын, жарым саған!

Іздегем жоқ әдемі жырдан пайда  
Жүре аламын атақпен нұрланбай да.  
Қуаныштың гүлі мен даңқ тәжі —  
Сыйыспайды екеуі бір майданға.  
Махаббатқа табынар табынса адам,  
Жаратқаның жар болсын, жарым саған!

Даңқ үшін жұмсалмас жатқа күшім.  
Елім, жерім — сол менің мақтаньшым.  
Атақ үшін қонбайды ақын атқа,  
Қан төгуге барамын Отан үшін!  
Махаббатқа табынар табынса адам,  
Жаратқаның жар болсын, жарым саған!

Демеймін мен: «Ұмытпа! Уайымдама!»  
Дүниенің бақыты байың ғана.  
Мен сенемін қашанда жүремін деп  
Жүрегіңде, санаңда, ойың да!  
Махаббатқа табынар табынса адам,  
Жаратқаның жар болсын, жарым саған!

Өлсем өлдім. Дауа жоқ қанды ажалға,  
Мәңгі өмір сүрмейді мал да, жан да.  
Мені ғана сүйесің, мені ғана!  
Мүгедек боп келсем де алда-жалда!  
Махаббатқа табынар табынса адам,  
Жаратқаның жар болсын, жарым саған!





Անպատկառ զանգեղանի մարմանը  
Ինչպես մարմնը մեզը զայն անպատկառ  
Երբեք չես, երբեք չես, երբեք չես

Այնպես էլ ինչպես ինչպես էլ  
Երբեք չես, երբեք չես, երբեք չես  
Երբեք չես, երբեք չես, երբեք չես  
Երբեք չես, երբեք չես, երբեք չես



Այնպես էլ ինչպես ինչպես էլ  
Երբեք չես, երբեք չես, երբեք չես  
Երբեք չես, երբեք չես, երբեք չես  
Երբեք չես, երբեք չես, երբեք չես



# ЕЛ ЖЫРЫ

Өлмей қоймас ойнаған  
Халықпенен, елменен!  
Ел, сенімен біргемін  
Еркіндікті аңсаған.  
Қайта тұрмас түрменің  
Қабырғасы қаусаған.

## ЖАСЫЛ БАҚТА ҚЫДЫРҒАН ЖҰРТ

Жасыл бақта қыдырған жұрт  
Арайлы

Батар күннің шапағына қарайды.  
Шұғыла сол көбінесе жота-жон,  
Шоң ағаштың шоқтығына тарайды.

Кісі бірақ бұдан ғажап көрмейді.  
Көкіректі басқа нәрсе кернейді.  
Көмей жыры қос кептердің мінекей,  
Кәрі-жастың сезімдерін тербейді.

Көп аралап ойды-қырды, шатқалды,  
Сұлулықтан мас болуға шақ қалдым  
Қандай ғажап қызыл шапақ, сәуле гүл  
Өрнектелген бұтағымен көк талдың?!

Бір-біріне құстар жырын арнайды,  
Соны естісе қозар менде бар қайғы.  
Көремін де қос кептерді бақытты,  
Сыңары жоқ тірлігімді қарғаймын.



**Дастарқан басындағы тілек**

Қарғыс атсын қайтқан күні күші ердің!  
 Құй шарапты, дұрыстап бір ішермін.  
 Ішіп алсаң, ішінді әбден өртеген  
 Бірден үнін өшіреді мұң-шердің.

Щайқап жібер от шарапты — жер сөлін,  
 Шарап іше білгендерге зор сенім.  
 Маскүнемге кетер еді айналып,  
 Менің қалай ішкенімді көрсе құм.

Ғажап ойға толып кетті бас тіпті,  
 Бұл жынды су қоздырады жастықты.  
 Қайна, кәне, қуаныштың қазаны,  
 Бас маңайды, ақ тұманы мастықтың!

Қыш құмыра көмейіндей бөрінің,  
 Таусылмай құй көзесіне серінің!  
 Басқа! Басқа! Маған әсте көрсетпе  
 Құмыраның кеберсіген ерінін!

Бұл шарапта ашу-кектің көбі шын.  
 Шын көңілден ішем, досым, сен үшін.  
 Қиын-қыстау, тар жол, тайғақ кешуде  
 Созған маған туғанымдай қол ұшын.

Ашынса ер шындық үшін ашынды,  
 Қара қарға қорламақшы лашынды.  
 Сен үшін мен көтеремін

оқ өтпес

Азаматтың ақ сауыты, о шындық!

Жаса, үміт, жүректердің көсемі!  
 Сен деп ішем, күса-дерттің осы емі.  
 Бәрің жаса!  
 Бәрің үшін құрбан боп  
 Мен өлейін тауысайын да кесені!



### **Бірінші роль**

Актерлікке білдім мен  
Керектігін от қанша.  
Күлудейін күлдім мен  
Құмарымнан шыққанша.

Кісілердей елірме  
Күлудейін күлдім мен.  
Бірақ мына өмірде  
Өксірімді білдім мен.

### **Павлов күні**

Аяз емес, шоқ шығар,  
Шоқтан бетер қариды.  
Белуардан ақша қар  
Басып қалды әр үйді.

Адамыңды, малыңды  
Аяр емес қыс қырып.  
Сығып алар жаныңды  
Үскірік-ау, үскірік!

Тоңудайын тоңғанмен,  
Керегі не қынжылып!  
Түзде суық болғанмен  
Үйдің іші жып-жылы.

Қыс дегенің қара күш,  
Қоқиланар мыңдарға.  
Құйып ал да шарап іш,  
Шарап барда мұң бар ма?

Алаулаған еріндер,  
Кем емес-ау шараптан.  
Жас жүректің төрінде  
Жалын бар ғой, Жаратқан!

Малың аман қораңда.  
 Жаның аман шүкірлік!  
 Алай-дүлей боран ба?!  
 Бораныңа түкірдік!

### Қасқырдың хиқаясы

«Тойып келе жатырсың-ау қиырдан,  
 Ал біздерге аштан қату бұйырған.

Көк аспанның азынайды айғыры,  
 Біз ұлимыз өлеміз деп қайғырып.

Өзі түгіл ізі де жоқ бір малдың.  
 Қайдан тойдың, мен қалайша құр қалдым?» —

Қараңғыда, жолығысқан түндері  
 Дейді осылай бір бөріге бір бөрі.

Тоқтау қасқыр іште жатқан қорегі,  
 Аш досына былай жауап береді:

«Қарлы түзде бір бақташы тұрады.  
 Әйелі оның сияқты көл құрағы.

Баспанасы ар жағында жотаның.  
 Қойға толы сол жігіттің қотаны.

О басында жаратпаған бөрі ғып  
 Мырза екеуміз сол қотанды торыдық.

Қой тұрғанда, қасқыр үшін ой шығын.  
 Көңілі оның — әйелінде қойшының.

Айырбастап қол жетпеген тоқтымды,  
 Келіншектің көңілдесін жеп тындым!»

### Қораздың жан дауысы

Қораз жырлап, таң атады маңайда,  
Қыздың тілін табу маған оңай ма?!  
Аузымды мен ашсам болды

Арудың

Ақ бетіне шыға келер қан ойнап.

Қит етсем-ақ ілінемін шатаққа,  
Ие болам қораз деген атаққа,  
Айналдырар мекиенін басқаның  
Жан боп шығам жаны құмар жатаққа.

Қораз емен қайталар бір сарынды,  
Мен бұлбұлмын әнге қосар барымды.  
Сүйемін мен отбасымды, бағымды,  
Бере алмаймын бақытымды, жарымды!

### Барымта

Тұрғандай оны  
Сый күтіп.  
Келеді жігіт  
Құйғытып.

«Келесің қайдан,  
Жерлесім?»

«Болады сәттер  
Ерге сын.

Ерлікке деген  
Бар ынта.  
Астымдағы айғыр —  
Барымта.

Алдынан гүлеп,  
Жел ескен  
Қарақшы дейді  
Мені әсте!»

«Беріп кет, ұрар  
Киесі.  
Мен болам аттың  
Иесі!

Барасың ұрлап  
Талтүсте.  
Айғырды қайыр,  
Бол, түс те!»

Айғыр мен жігіт —  
Қос дүлей  
Қалса да оны  
Естімей,

Азамат ойы  
Алғыр-ды,  
Былай деп бір сөз  
қалдырды:

«Онсыз да жылқың  
Жетеді.  
Ит-құсқа жем боп  
Кетеді.

Ал менде сол — жыр,  
сол — ақын...  
Жалғыз-ақ жүрек  
Болатын.

Оны да қызың  
ұрлаған.  
Қайырмай соны  
жүр маған!



**Су мен шарап**

Сүңгуінді

Теңіздің

Қызықтырар тереңі.

Тереңдегі

Ең ізгі

Инжу — оған керегі.

Құмырада о бастан

Менің мұхит-теңзім.

Сонда нағыз өлең-жыр,

Инжу-маржан — егізім.

Бірге біткен безіңдей

Қанша сұмдық,

Қанша айып!

Соның бәрін кезінде

Кеткен дейді сел шайып!

Қайғысы мол қара түн

Мені жерге қаратты.

Қара түнді ысырып,

Шайсын селі шараптың!

Гүлдер үшін қандай мұң

Қуаңшылық қамшысы!

Жібітеді таңдайын

Бірақ жаңбыр тамшысы.

Қайғы

қару-жарақты

Қинағанда жанымды,

Бір тамшысы шараптың

Қайнатады қанымды.

Әйтіп-бүйтіп, өбектеп

Сыйлайды жұрт қожасын.

Кісі өлгенде, әдетте,

Ағызады көз жасын.

Тыңда сөзді жасқанбай,

Мен де өмірдің қонағы.

Мәйітіме жас тамбай,

Шарап тамса болады.

**Қардың басын қар алар**

Кеше ғана бақшасында  
 Қоңсымның  
 Таяқ жедім, бас жарылды,  
 Қол сынды.  
 Мен өзімді кейін қатты  
 Аядым.  
 Мені қойшы, аямады ол  
 Таяғын!

Әр жыл сайын жемістерін  
 Жаңғыртып,  
 Неге оның уылжиды  
 Алмұрты?  
 Сол пәлені құдай не үшін  
 Жаратқан?  
 Өзі емес пе мені соған  
 Қаратқан?!

Шыдамадым, қарғыдым мен  
 Шарбақтан.  
 Топ еттім де іліктім-ау  
 Қармаққа!  
 Көрмедіңдер, көрмеген жөн  
 Мұңымды.  
 Көршім менің қақты армансыз  
 Жанымды.

«Ал ала ғой алмұртыңды  
 Ендеше!  
 Қолға түспей кетіп едің  
 Сен кеше.  
 Енді баққа кіресің бе?  
 Кіресің!» —  
 Деді де ол жалғастырды  
 Дүресін.

Соның бәрін көріп тұрды  
 Көктегі ай.

Ал қожайын ұра берді  
Тоқтамай.  
Бүйте берсе, көп кешікпей  
Қан шығар!  
Ай қарады көзінен жас  
Тамшылап.

Жақын жерде басқа жан жоқ,  
Жоқ кісі.  
Қожайынның үдей түсті  
Соққысы!  
Ұрды келіп ұрғандайын  
Барабан,  
Тұлабойым ұйып қалған  
Қара қан.

Күнім туар, мен де сенен  
Кек алам!  
Келер сенің басыңа да  
Зобалаң!  
Сен пешіңді жылытасың  
Терекпен.  
Сол теректің болар сәті  
Кереккен.

Көршілерде біреуің бар,  
Шамасы.  
Күнде келіп терезені  
Қағасың.  
Көрмейсің бе төбеңдегі  
Отыңды.  
Шоқ іздейсің, ашайын мен  
Көтіңді.

Айтпай-ақ та мұның бәрін  
Ұғасың.  
Күн бата сап, сен де ұрлыққа  
Шығасың.  
Сондай момын,

Момақан боп  
 Жүресің.  
 Көрші апайдың қойнына  
 Кіресің!

Сондай сәтте тығылып ап  
 Бұрышқа,  
 Аңдиын мен өзіңді бір  
 Дұрыстап!  
 Қысты күні мұзды ойып  
 Алғандай  
 Суық сумен қылайын бір  
 Малмандай!

### **Менің қалыңдығым**

Қателесем, түземей,  
 Көзбен ғана ымдасын...  
 Отырғанда  
     Тіземе  
 Қояр екен кім басын?

Білмедім, кім біліпті,  
 Пешенеме жазылған  
 Ару болсаң қылықты,  
 Айналайын назыңнан!

Ырзамын ғой барына,  
 Бәрібір ғой жоқ кезде.  
 Қара торы? Сары ма?  
 Қара көз бе? Көк көз бе?

О өмірдің базары!  
 О өмірдің қызығы!  
 Айдай болса ажарың,  
 Тұрсаң және сызылып.

Кірген менің қосыма  
 Қиялым ба? Елес пе?



Көкетай-ау, осы да  
Жетіп жатыр емес пе?!

### **Шалғайдан**

Тапал там бар Дунайдың жағасында.  
Соны ойлаймын үнемі, нанасың ба?  
Елжіреймін, көзіме жас келеді,  
О туған үй, мені еске аласың ба?!

Лапылдайды сағыныш өрті күнде,  
Бұл заманда адамның еркі кімде?  
Тұра алмадым сол үйде өле-өлгенше?  
Мекенім де? Анам да жер түбінде.

Сүйдім де оны кетерде, қоштасарда,  
Тауып бердім мұң деген басқа шаруа.  
Көзім жасы күйігін өшірген жоқ,  
Ана, бала жақында бас қосар ма?!

Өтіп еді үйімде тамаша апта.  
Құшағыннан босатты ана шаққа.  
Алаңсыз-ақ жанында қалар едім,  
Әттең? Көзім жетпейді болашаққа!

Жұлдыз қымбат, нұр қымбат жаны барға.  
Бұлбұлды бақ, қанатты жануар да...  
Шіркін кештеу ұғасың: өмір мына —  
Ит түмсығы өтпейтін қалың орман!

Үміт нұрын сіңіріп үлгергенмін.  
Бірақ кейін қасірет, мұң көргенмін.  
Кезіп жүріп тірліктің тау мен тасын  
Табанымды тікенге тілдіргенмін.

Туған жерге, достарым, асығыңдар.  
Мойынына ананың асылыңдар!

Аттап кетпей, шығыңдар сәлем беріп,  
 Менің де елде анашым — асылым бар!

Айтар сөзді анама, дос, білесің.  
 Мұңыма — мұң, шерге — шер қосты үлесін.  
 Жақсы дей гөр жағдайым, талып қалар—  
 Менің ауыр халымды естімесін!

### **Дүлей күшке кімдер қарсы келмекші**

Дүлей күшке кімдер қарсы келмекші?  
 Жынға толы жүректі кім жеңбекші?  
 Менің өзім тәріздімін Балатон  
 Толқын атып жататұғын дөңбекшіп.

Мен біреумін, ал ішімде мың кісі.  
 Соның бірі жындылардың жындысы.  
 Қыздың көзін маған берсе, ол көзді  
 Құрғата алмас дүниенің сүлгісі.

Жоқ, жыламан! Көздің жасы тегін-ді,  
 Көз жасымен қандыра алман шөлімді.  
 Таппайтұғын сөз табамын, сонымен  
 Жұбатамын ашу-ыза, кегімді!

### **Жұбанарлық ештеңе жоқ...**

Жұбанарлық ештеңе жоқ, ештеңе...  
 Жүрегімде өртім бар бір өшпеген.  
 Қасыретімді құрту үшін құй маған,  
 Мен ішейін ерте демей, кеш демей.

Ит тірлікпен тірескен жан жеңбейді,  
 Жамандықтан тек жамандық төлдейді.  
 Қайғы-мұңға батқан жанның қайсысы  
 Көңілін сәл көтергісі келмейді.

Тал емеспін көктейтұғын тегі мен.  
 Жасын түссе, бұтақ болып сөгілем.

Райхандай құлпырмаймын мамырда,  
Еңсем түсіп, үйеңкідей егілем.

Өмір ме осы?! Өмір ме осы, Жаратқан?!  
Жұрт алдында қара жерге қаратқан...  
Одан-дағы құса-мұңды ұмытып,  
Өлейін мен ағыл-тегіл шараптан!

### Ортақ ән

Көңіл күйін жоқ пен барға қаратпа!  
Шаттық қайда? Ол, әрине, шарапта!  
Келе жатып мәйханаға соғамыз,  
Қанша сыйса — сонша шиша, Жаратқан!

Үйіміз бе? Үйіміз де бар тағы.  
Бізді бірақ осы араға тартады.  
Үйіңде де болар еді ішуге,  
Онда саған әйел міндет артады.

Мәйханада күндіз іштік, түн іштік.  
Қанша алсақ, соның бәрін түгестік.  
Үйге барсақ, алар қатын мазаңды,  
Ал біздерге керегі не? Тыныштық!

Бізден артық туып жатыр қай мықты?  
Бәріміз де аламыз айлықты.  
О дүниеге аттанады кім-кім де  
Жинаса да, жимаса да байлықты.

Мәйханада айтылады ән қанша!  
Шишадағы соңғы тамшы тамғанша.  
Ерте ішеміз, кеш ішеміз, ішеміз  
Табытқа сап, жағымызды таңғанша!

**Ағайындар арасында**

Сұрайды әкем халімді,  
Сілтеп алып шараптан.  
Қай кезде де шалымды  
Жебей жүрші, жаратқан!

Туған ыстық мекенді  
Ұзақ көрмей кеткенмін.  
Өші бардай  
Әкемді  
Аямапты өткен күн.

Бірге жырлап, бірге ішіп,  
Сезім қылын бір бастық.  
Актерлардың тұрмысы  
Жайында да сырластық.

Мамандығым менің де  
Көзге шыққан сүйелдей.  
Өтіп барам өмірден  
Босағама сүйенбей.

«Өткен өмір өмір ме  
Сахнада қылжықтап?!»  
Мынау туған өңірде  
Кім қолдайды, кім жақтап?

«Түсіріпсің еңсеңді»,  
Шырайың жоқ бұрынғы.  
Сахнадан көрсем бір  
Шошаңдаған түріңді!»

Сөйте тұра бөсемін,  
Жыр оқыдым: «Бұл қалай?»  
«Жетпей тұрған осы еді!» -  
Деп әкемнің күлгені-ай!

Балам ақын екен деп,  
Қуанатын шал бар ма?!



Ұғым бөлек әкемде,  
Мал тұрғанда албарда.

Оғаш әзіл-оспағы,  
Не дейсің бұл ісіне?  
Мал сойғаннан басқаны  
Көрмей өткен кісіге?!

Ақ шараптың бұлағы  
Бізбен біраз арбасты.  
Әкем барып құлады,  
Мен қаламға жармастым.

Әңгімеге ендігі  
Апам келіп кірісті.  
Болды солай белгілі  
Бітірмесім бір істі.

Анам қажып қаусаған  
Әңгіме айтты не түрлі.  
Қандай сұрақ қойса да  
Жауап беріп отырдым.

Тербеп ана ниеті,  
Тек таң ата көз ілдім.  
Одан артық сүйетін  
Адам жоғын сезіндім.

**Көргенде оны...**

Қаншама күн, қаншама ай  
Көрмегелі анамды?!  
Не істеймін деп  
Соншалық  
Сарғайттым-ау санамды!

Бар қалтамды тазалап,  
Өзімше бір сый алдым.

Бірақ қандай сөз оған  
Айтамын деп қиналдым.

Бастан кешіп бақытты,  
Жақындадық үйге біз.  
Ілестірмей уақытты,  
Зымырады күйеміз.

Көргенде оны  
                  Алғашта  
Сөз таппадым,  
                  Ал бірақ  
Өзім өскен ағашта  
Тұрдым ұзақ салбырап!

**Теңізде емес, жүзіп жүрді аспанда ай**  
Теңізде емес, жүзіп жүрді аспанда Ай,  
Бұл бір өлең, өлең емес, дастандай.  
Өксіп-өксіп бір қарақшы жылады,  
Иығынан бүкіл әлем басқандай.

«Мына балта омыртқама ене ме?  
Мына дене жермен-жексен шөге ме? -  
Деп жылады, - Аямадым анамды,  
Жүрегімді тыңдамадым неге мен?!»

Өзгеге емес, енді өзіме обалым!  
Паналадым мола менен обаны.  
Үйден қашып, күндіз-түні жол торып,  
Жазығы жоқ адамдарды тонадым.

Анам өлген, қалған осы қара бас.  
Қара басқа құдай да енді қарамас!  
Көрінеді оралмаған жұртым да —  
Тым биікте, тым биікте дарағаш!»

**Мәйханашы әйел еді...**

Мәйханашы әйел еді қуатты.  
 Ол әдемі қарақшыны ұнатты.  
 Сол әйелдің қолында өгей қызы бар,  
 Қарақшының аруы сол қызығар.  
 Қуатты әйел қызғаныштан өртенді.  
 Өртенді де күтпеді ол ертеңді.  
 Өгей шеше өгей қызды аямас,  
 Қуып шықты жалаңаяқ, жалаңбас.

Келе қояр көмек бар ма жуықта,  
 Мүз болып қыз қатып қалды суықта!  
 Ал қарақшы қайырам деп есесін,  
 Жаһаннамға жіберді оның шешесін!

Содан кейін өлді деп бір албасты,  
 Қарақшыны апарды да дарға асты.  
 Өкінген жоқ, жоғалтқан жоқ ол есті,  
 Сүйгенінсіз өмір өмір емес-ті!

**Жалғыздық**

Желікпес, алып-ұшпас тамашаға,  
 Жоқ және айқай, у-шу, бала-шаға,  
 Шіркін-ай, өле-өлгенше өмір сүрсем  
 Шалғайда, тыныштықта, оңашада!

Бақытты бола алмайды қарбаласта...  
 Қалың жұрт арасына орналасқам.  
 Соңыма түсті менің пенде біткен,  
 Соңыма түсті менің жер мен аспан.

Түнде де тыныш жатып көре алмадым,  
 Бір кеткен маза қайтып оралмады.  
 Кіретін түсіме өңшең көкжал бөрі  
 Қойымды қырып жатқан қорамдағы.

Ақыры осы араға қашып келдім,  
 Қашаннан тыныштыққа ғашық тегім.

Кешегі құсалы аспан жұлдыз болып  
Құшады кең құшағын ашып мені.

Жеткіз деп бір түкпірге арыз берген,  
Жаратқан, алдыңдағы парызгер мен.  
Мені енді бұл арадан таба алмайды  
Тірі жан, әсіресе, қарыз берген!

### Түсім бе, өңім бе

Бұл өзі, айтшы, тегін бе?  
Түсім бе, әлде өңім бе?  
Күнбіз бе? Толған Аймыз ба?  
Періште ме өзі, жай қыз ба?

Өшпейтін өрті бар іште  
Періште-ақ болсын!  
Періште!  
Менсінбей жұртты,  
Өңгені  
Сүйеге тиіс ол мені!

### Менің экономикалық көзқарасым

Ақшаң бар ма? Бөлмең бар ма шап-шағын?  
Көңірдектен алу керек ақшаны!  
Ертеңді ойлап әуре болма! Бүгін сен  
Қуаныштың жарқыратып жақ шамын!  
Жинама оны! Бер одан да қол ұшын.  
Ақша деген ішу үшін, жеу үшін!

Адам-Ата, Хауананың тұрағы  
Дастарқаннан қымбат емес, шырағым.  
Ойнап-күлсең, лепілдесең, отырыс  
Талқан қылар қасірет-мұң құрамын.  
Жинама оны! Бер одан да қол ұшын.  
Ақша деген ішу үшін, жеу үшін!



Аурудың ең жаман түрі — сараңдық.  
Сараң болсаң, көрсетпе сен қараңды.  
Сары алтынды салып қою сандыққа,  
Айтпай қою емес пе ол бар әнді?!  
Жинама оны! Бер одан да қол ұшын.  
Ақша деген ішу үшін, жеу үшін!

Жинамаған қалады ғой тиынсыз,  
Мал-дәулетсіз, дүниесіз, бұйымсыз, —  
Деп біздерді қорқытқанмен, мен өмір  
Сүре алмаймын ойын-тойсыз, жиынсыз.  
Жинамаймын, түсініңдер мені шын.  
Ақша деген ішу үшін, жеу үшін!

Тиынсыз ба? Тиынсыз-ақ қалайын!  
Бірақ ғажап күндерді еске алайын.  
Өзім бай боп, о дүниеге аш бару  
Масқара ғой, масқара ғой ағайын!  
Ж-о-о, ендеше неге керек кенішің!  
Ақша деген ішу үшін, жеу үшін!

Ұнамайды маған ердің жалтаңы,  
Той-думансыз өлер болса бал таңы,  
Сілтеу керек кеңірдектен келгенше,  
Тап-таза ғып шығарғанша қалтаны!  
Жинама оны! Бер досыңа қол ұшын!  
Ақша деген ішу үшін, жеу үшін!

### **Менің молам**

Заманымның құлқы басқа,  
Мола деп сен атама.  
Қоя қоймас құлпы тас та,  
Қойса қояр атанақ.

Қайғы мұңым және күйік  
Тасқа айналса расында,  
Пирамида тұрар биік  
Зиратымның басында!

**Түнде**

Мен ғана нәм Ай ғана,  
Шөкім бұлтсыз ашық түн.  
Нұр шашады ол айнала  
Жанарындай ғашықтың.

Иіліп, сәл бүктеліп  
Қарайсың ғой таңданып.  
Сен болдың ба күткенім,  
Тағдырыма шамданып?

Көресені көрелік,  
Сен емессің — керегі,  
Мас көңілді айықтыр.  
Кәнекей тез тайып тұр.

Сонау үйде ғашығым,  
Одан бекер түңілмен.  
Терезесін ашып ол  
Қолын бұлғар, кім білген?!

**Долы дауыл ұстағанда арқасы**

Долы дауыл ұстағанда арқасы,  
Сарнап-сарнап тына қалды арфасы.  
Тыныш тапты құйының да, жасын да,  
Тұяқтарын бір-бір серпіп бар қасы.

Баурап алар адам сенбес ғажап кеш,  
Баяғыда өшкен-сөнген тозақ пеш.  
Бірақ ізі кешегі өткен сойқанның  
Көңілінде шаруалардың азапкеш.

Алтынменен аптағандай күмбездер  
Сап-сары боп көрінеді мың көзге...  
Күтір біткен мұнарында жазықтың  
Жүзіп жүрген кемелердей бұл кезде.

Тегіс дала! Тегіспенен сырғана!  
 Барлығынан артық осы құр дала.  
 Шетсіз-шексіз жүректе тек махаббат —  
 Ұлы сезім, жалғыз ғана, бір ғана.

Махаббаттың салмағынан қайысып  
 Жүрер ме екен мына жүрек — уәйісім.  
 Кей жылдары майысады бұтақтар  
 Қалың өскен миуасымен сайысып.

Шарап толы қадақтайын жүректі  
 Сімір, құрбым! Денең неге дір етті?!  
 Төгіп алма! Мен өкініп жүрермін  
 Қағып кеткен қандай күш деп бір етті!

### **Жауап бер!**

Айтшы маған: қашан тыным табамын?  
 Қашан менің ашылады қабағым?  
 Бикем, қәне түсіндірші, көңілде  
 Сейіле ме, сейілмей ме нала-мұң?!

Бармай жатып ұлы сезім парқына,  
 Неге менің түсіп алдың артыма?!  
 Өліп-өшіп, аяғыңа жығылып,  
 Сүйгенім бе, күйгенім бе бар кінәм?!

Түсінбедім, досымбысың? Жауымсың?  
 Нағыз азап — алған менің алғысым.  
 Өз жүрегім аямайды өзімді,  
 Соны мықтап дауалаудан саумысың?

Ертелі-кеш құшағымды жайғам-ды.  
 Енді көрдім барып тұрған майданды.  
 Бұрын түнде демалушы ем, мызғушы ем,  
 Түн де қазір шын тозаққа айналды.

Ұйқым менің — көгершінім, кептерім:  
 Қонатынды шығарды алыс, шеткері,

Жүрегімнің дүрсілінен шошиды,  
Шошиды ол кеудемнен бір от көріп.

Сорлы жүрек жалбарынып тұр дейін,  
Керек оған бір жылы сөз, бір мейір.  
Абай болғын: шыбын жаным шырқырап,  
Ышқынғанда атып тастап жүрмейін!

### Менің дұғам

Менің күнәм толып жатыр — бұл шыным.  
Ұнамайтын бірақ жұрттың былшылы.  
Апам әсте қайғыратын: шоқынып  
Етпейді деп құдайына құлшылық.  
Бұрын мұндай болмаушы еді салтымда.  
Әрекетім сатылмайды алтынға.  
Табынайын, дұғамды да оқиын,  
Көк пен жердің құдіреті, ал тыңда!

Біріншіден... Ол мәселе бабында.  
Мен ойлаймын Отанымның қамын да.  
Бірақ соның қайсыбірін айтайын  
Оның соры кеткен әбден қалыңдап.  
Бөліп-бөліп неше түрлі астауға,  
Болмайды ғой итке жем ғып тастауға.  
Бұл Отанды жаратпасаң қайтадан,  
Жарамайды ол енді жамап-жасқауға.

Содан кейін мені біраз мадақта.  
Бір ару бер... Таусылды ғой тағат та.  
Сосын ат бер сүйгеніме баратын,  
Лавр, лавр... қадір-құрмет, атақ-даңқ,  
Бар болғаны осы-ақ маған керегі,  
Атағыңды ермек қылып көремін.  
Дұғам осы... Айтпақшы әлгі лаврды  
Не істемекпін?... Пырағыма беремін!



**Бір сыншыға**

Уа, тақсыр! Аластасаң аласта,  
Мен осылай жаратылғам о баста.  
Ақиқатты қойып қалам бетіңе,  
Маған жаман қылығыңмен жанаспа!

Уа, тақсыр! Түскен жоқсың аспаннан.  
Таңсық емен сыншыларға мыстанған.  
Құдайсың ба? Құдайсың деп қаймықпан,  
Жаратқанның өзінен де жасқанбан!

Уа, тақсыр! өлең-жырға жақынмын.  
Жыр бақыл ма? Онда мен де бақылмын.  
Сенің кеудең барып тұрған бос кеуде,  
Кеудесінде жан болады ақынның!

Уа, тақсыр! Білер мұны есек те:  
Бос кеудеде болады тек бос өкпе.  
Түсінбейсің: бос өкпені шақпақпен  
Ұрғанменен ұшқын шашпас десек те!

Уа, тақсыр! Пысықсың-ау, пысықсың.  
Жолбарыс боп көрінетін мысықсың.  
Ақын болып туамын деп туа алмай,  
Қала барған кәдімгі бір түсіксің!

Уа, тақсыр! Асау жүрек тулайды.  
Тулайды да өлең болып қунайды.  
Сенің әкең етікші еді, неге осы  
Кейбір бала әке жолын қумайды?!

**Қарақшылықтың қорытындысы**

Қарақшылық, бұл бір қызық әрекет.  
О қарақшы, қызығыңды әрі әкет!  
Әлде емен, әлде мықты бір қайың,  
Сені күтіп қажет бұтақ тұр дайын.

Өлім іздеп бекер ғана қарбандың.  
 Жендет әзір тездетуге шаруанды.  
 Құртады әлі, болсаң да сен төзімді,  
 Өзіңді — өзің, қара қарға — көзіңді.

Дар арқаны емес саған жай қамыт.  
 Тұрар мүрдең желмен ұзақ шайқалып.  
 Сайтандарда, білесің ғой, көп қылық:  
 Жаныңменен ойнар олар доп қылып!

### К. Ш-тің альбомына

Жақсылары шаршаған көніп көптен  
 Ұқсайды әлем ескі үйге шөгіп кеткен.  
 Соғып алып жүрерсің майдайыңды,  
 Еңкейіп кір, қолға алып далбайыңды!  
 Шірік ағаш жара алмас маңдайымды.  
 Басымды иіп, шешпеймін далбайымды.  
 Бұл тірлікке бас ию қараң маған.  
 Бүгілуге бүктеліп жаралмағам!

### Етегіне қараймын...

Аққұтандай үңілген пайдасына  
 Етегіне қараймын тау басынан.  
 Күндер, күндер! Неліктен асықпайды  
 Көңіліңді лепіртiп, қашықтайды.

Қызық көріп мен өзім жарытпадым.  
 Қайғы-мұңнан жүдедім, арықтадым.  
 Көзім жасын көл-көсір теңіз дейін,  
 Қуанышым аралдай, соны іздеймін.

Күздің желі төменде, тау басында  
 Гуілдейді біреудің ауласында.  
 Өткен жаздың жағдайы есімізде,  
 Менің жаным жақындау осы күзге.

Өлімнен соң мен неге айналамын?  
Ағашына айналам айналаның.  
Тұрсам сосын тоғайдың түкпірінде  
Қайың, емен, үйеңкі, тұт түрінде...

Ағаш біткен о бастан жақын маған,  
Одан жақсы орманың лапылдаған.  
Жерді түгел өртесем, қайран дауыл,  
Қояр ма еді ол сонда қуғындауын?!

### Түннің түні

Түннің түні, мәңгі есімде қаласың!  
Әруақтардың салып еске қаласын.  
Қиялыңа қанат бітер жаңадан,  
Ол арада бірін-бірі жеген аң.  
Жүрек толы асау қаның бұл түнде  
Албастының қазанындай бүлкілдер.  
Аққан жұлдыз делебемді қоздырып,  
Жібереді қиялымды оздырып...  
Есік қағып, айналаны жым қылып,  
«Көршіңмін!» — деп айқайлайды жындылық!

### Кең сарай мен құжыра

О тасқамал, шіренесің несіне?  
Кейбіреулер ұқсар солай несіне.  
Қаңғырлаған бос кеудесін жасырар  
Асыл тасты тізіп қойып төсіне.

Не болады адам үшін құр байлық.  
Құр байлық ол мәңгі бақи тұрмайды.  
Әшекейін алсаңыздар сыпырып,  
Жіберерсіз рухани жүрдай ғып!

Олар үшін неге бөлек күн шықты?  
Байыды олар, ал басқалар түншықты.  
Олар да бір, қырғи да бір кәдімгі  
Ертелі-кеш қанын ішкен шымшықтың.



Міне осындай қырғилардың санасы.  
Шымшықтардың талқандайды панасын.  
Ал балапан күнұзаққа шиқылдап,  
Күтеді ұзақ қырғи жеген анасын!

Сұлу сарай! құлпырасың жай күні.  
Мұның бәрі қарақшының байлығы.  
Біреулердің қуанышын қайырып,  
Қайырасың өздеріне қайғыны.

Быт-шыт болар күніңді енді санаймын,  
Сен ағарттың бұйра бас пен самайды.  
Көреміз біз әлі сені қираған,  
Қурап қалған бас сүйегін талайдың!

Мынау керім кең сарайдың қасында.  
Сен, құжыра, жұпынысың, расында.  
Өмір сүрген бірақ сенің арқанда  
Сарайдағы арам тамақ масылдар.

Қалған халық құжырада, қосында.  
Солар менің туысым да, досым да.  
Кірейін мен, етсеңіздер ұрықсат,  
Алаулаған от жүректер осында.

Білем оның қасиетін, бағасын,  
Құжырада әкем менен анашым.  
Саман үйде, ақ сабанның үстінде  
Пайғамбарлар туа ма деп қаласың!

Сонда туған кемеңгерлер, дана да,  
Құтқарушы, сіңген қалың санаға.  
Бірақ оның көтертпеген еңсесін  
Қай жерде де: далада да, қалада.

Қуана біл, қайырымды, ел, балаша!  
Алда бәрі, алда нағыз тамаша!  
Көрместі де көресіңдер күнінде.  
Есесіне — сендердікі болашақ!



Кіргеннен соң өз үйімдей көрейін.  
Құжыраның аса берсін мерейі!  
Өтінемін, маған бата беріңдер!  
Мен сендерге өз батамды берейін!

### **Иттер жыры**

Әрлі-берлі үріп бір  
Қалдық біздер шошынып.  
Сабалап тұр, ұрып тұр  
Қар мен жаңбыр қосылып.

Қожайын бас қасиды,  
Хабар күтіп қиырдан.  
Бізге жылы ас үйдің  
Бір бұрышы бұйырған.

Шешілулі бүгінде  
Мәселесі тамақтың.  
Қожайыннан  
Түбінде  
Көп қалады табақтың.

Бар, әрине, таяғы,  
Онысына біз дайын.  
Таяқтан соң баяғы  
Сызыламыз қыздайын.

Сосын бізді аяйды,  
Былай тастап таяғын.  
Бауырларым жалайды  
Қожайынның аяғын!

**Бөрілер жыры**

Ай астында ұлып бір,  
 Қалдық біздер тосылып.  
 Сабалап тұр, ұрып тұр  
 Қар мен жаңбыр қосылып.

Жауын-шашын қудалап,  
 Бізден ылғи кек алар.  
 Орманы жоқ қу дала,  
 Бұта да жоқ паналар.

Көніп тағдыр ырқына,  
 Қиналамыз қасқырша  
 Шегі құрғыр шұрқырап,  
 Ұйықтатпайды аш құрсақ.

Зуылдатар оқтарын  
 Мылтықтан зар жылаймыз.  
 Құла түздің ақ қарын  
 Қызыл қанға шылаймыз.

Мынау иттер заманы,  
 Біз соларға төркінбіз...  
 Ылғи ашпыз — жаманы,  
 Бір жақсысы — еркінбіз!

**Бұлттар**

Мен құс болсам, ағы не, қарасы не —  
 Ұшар едім бұлттардың арасымен.  
 Қолдан келсе бояумен бейнелер ем,  
 Ұзақ-ұзақ сүйсініп қарасын ел.

Сүйем бұлтты сияқты өз Отаным.  
 Хош! Хош! Айтып, қол бұлғап ұзатамын.  
 Мен оларды қарсы алам, өткен емес  
 Ақша бұлтсыз, ақ бұлтсыз таза таңым.

Мен оларға тілеймін көктен табыс.  
Сағынамын, күтемін кеткенде алыс.  
Мені олар да біледі туысқандай,  
Әрбір ойым оларға әбден таныс.

Қиялымда қалықтап ұшамын да,  
Қабылдаймын жақсылық нышанын да.  
Сәбидейін анасы аймалаған  
Жатады олар батар күн құшағында.

Көрдім бұлттың күркіреп, бақырғанын.  
Жаңбыр болып шалғынды жапырғанын.  
Қанарына мінгенде батырлардай  
Қара желді майданға шақырғанын.

Көрдім кейде асығып от басқанын,  
Әмірімен Ай деген көк қасқаның.  
Бұлттар болса біртуған,

Айдың яки

Бауырының жанына топтасқанын.

Көрдім және қуанған, күйінгенін,  
Бір-біріне ұқсамай киінгенін.  
Ұлылығы, қайғысы, сұлулығы —  
Рас оның бәріне сүйінгенім.

Қара оларға: кеш деме, сәрі деме.  
Жылжығанда тәрізді бәрі кеме.  
Мен оларды сүйемін, өйткені олар  
Бәрі жаңа шетінен, бәрі көне.

Бұлттар маған қарайды ауарында,  
Бұлан-талан боларда, жауарында.  
Біз ұқсаспыз: көз жасы менде де бар,  
Найзағай бар ойнайтын жанарымда!

**Ескі сорым есік қақты бүгін де**

Ол айтқанын істеп тынар түбінде  
 Ескі сорым есік қақты бүгін де.  
 Деді сосын: «Күтіп жатыр жер сені!  
 Жаратқанға қарсы келіп бүлінбе?!»  
 Көрсетуге тырысып ем күйімді,  
 Абыржытып алдым жүдеу үйімді.  
 Ажарымнан кері аққан қан  
 Жылу боп  
 Бір мезетте кеудеме кеп құйылды.

Қуат болып қосылмасақ денеге,  
 Ажал, мұның болмас жұртқа өнеге.  
 Менен өзің қорқасың-ау, әйтпесе  
 Мені осылай шын састырғың келе ме?  
 Жалтармадым сапарында жырдың бұл.  
 Қайрадым көп құрдастар мен құрбымды.  
 Өмір — ұзақ күрестегі сәл тыныс,  
 Өлім — қысқа күрес және құрдым бір.

Өлім, мені аямасаң аяма!  
 Бірақ ұлын жоқтамайды қай ана?!  
 Қалың орман — жазылмаған жырларым  
 Кезбелерге болар еді-ау сая-бақ.  
 Мерекелер — қызыл күндер көнсін бе?  
 Өте шықты мына мені менсінбей.  
 Мейрамдарды көрмей өттім, өлерде  
 Қан төгемін енді соны келсін деп.

Қуаныштың бәрі: әрі-бергісі  
 Бұйырмаса, не істемекші ер кісі.  
 Кіре бере қан майданға шәһит боп  
 Жату маған жазылған ба жер құшып?!  
 Болса солай бір күндері ілгері,  
 Келші жарым! Кетші, көктем гүл беріп!  
 Келіңдерші өлерімнің алдында,  
 Барлығыңды қалайын мен бір көріп!



Асық, көктем! Гүлім түгел терілсін!  
Тірлігім гүл десте — десте өрілсін!  
Тірлігімде күн көре алмай өтіп ем,  
Өлерімде жарқырап күн көрінсін!  
Осы жолы ыразы қыл мені, үміт!  
Шығарып бір салсын елім егіліп.  
Өмірімде жарымап ем, өлгенде  
Қалың гүлге жатайын бір көміліп!

**Қару алу — арманым**

Бостандықтың жолында  
Төгілсе де бар қаным,  
Бір сол үшін қолыма  
Қару алу — арманым!

Жалынбас ек жан сұрап,  
Болсақ халық сарбазы.  
Өлер едік қансырап,  
Қанжарменен көр қазып.

Қасіретті, мұңды ұғар  
Бостандыққа сенгендер.  
Барып тұрған жындылар  
Біреу үшін өлгендер.

Қаншама жыл у ішті  
Еркіндік деп ел іші?!  
Болу керек тыныштық  
Бостандықтың жемісі.

Тек со кезде, со кезде  
Құшып-сүйіп аруды,  
Лақтырамыз теңізге  
Қолдағы бар қаруды.

Қырылса да ер қанша,  
Осы жолды таңдаймыз.  
Ақырзаман болғанша  
Айқасудан талмаймыз!

**Өмір қандай керемет!**

Естимін ел сыбырын  
 Ыразы емес ғұмырға  
 Шынында да ғұмырым  
 Барып тұрған сығыр ма?!  
 Ұялдым да қысылдым,  
 Кейінірек түсіндім.  
 Келдің екен көре кет,  
 Өмір қандай керемет!

Тайталасқан, таласқан  
 Тірлігім жоқ бүгінде.  
 Енді маған көк аспан  
 Көз тастайды күлімдеп.  
 Анашымдай киелі  
 Аймалауды сүйеді.  
 Келдің екен көре кет,  
 Өмір қандай керемет!

Мен серуенде жүр едім,  
 Бір қыз маған ымдады.  
 Бұл күндері жүрегім  
 Жүрек емес — гүл бағы.  
 Сандуғашта тыным жоқ,  
 Менің әсте мұңым жоқ.  
 Келдің екен көре кет,  
 Өмір деген керемет!

Құдым талай сенімді,  
 Күдік қаптап айнала.  
 Бірақ жүрек жеңілді,  
 Сені сүйіп аймалап.  
 Шын ниетті досым-ай,  
 Әрең таптық осылай.  
 Келдің екен көре кет,  
 Өмір деген керемет!

Достар! құрмет төрімде  
 Сендер жайлы жақсы айтам.

Ал, сен, күдік, көрінбе!  
Тамұғыңа қайт, сайтан!  
Саған бола, халықтың  
Обалына қалыппын.  
Келдің екен көріп кет,  
Өмір қандай керемет.

Қасиетін білгенде  
Қиын екен тіл қатпау.  
Жарығырақ күннен де,  
Тірліктен де қымбаттау  
Әсте қия баспаған  
Сүйгенімді еске аламын.  
Келдің екен көріп кет,  
Өмір деген керемет!

### Поэзия

Қор болдың-ау, қасиетті өлең-жыр!  
Сен — биікте, ақындарың төмен жүр.  
Ол иттердің сүйгендері бар болсын!  
Олар емес, жаратқаның жар болсын!

Ондай-ондай өсиеткер абыздар  
Өз алдында мәңгі-бақи қарыздар.  
Олар сені кең сарайға балайды,  
Мәжілістің залына да санайды.

Тойға келген адамдардай киініп  
Тұрса дейді ел бір-біріне иіліп.  
Болды! Жетті! Айттың біраз өтірік.  
Енді сәл-пәл ойланайық отырып.

Поэзия салон да емес, зал да емес...  
Жұрттың бәрі сәлем берер шал да емес.  
Қауым да емес қадырменді зиялы.  
Келгендерге есік ашық: сияды.

Жоғары шық! Босағада мөлме.  
 Кім болса да кіре алады бұл үйге.  
 Ойлан, талда, дұға оқы, жалбарын  
 Не қылсаң да еркің білсін, ал бәрін!

Кім болсаң да: мүтедек пе ең, ғаріп пе ең,  
 Кіре аласың жалаңаяқ, шарықпен!

### Менің Пегасым

Шаршамайтын күйғытса да жаз бойы,  
 Ағылшынның жүйрігі емес қаз мойын.  
 Немістің де жылқысы емес Пегасым,  
 Тек мен білем Пегасымның бағасын

Барып тұрған таза венгр Пегасым.  
 Ондай атты қайдан іздеп табасың?  
 Сауырында күн сырғанап, құлыным,  
 Ә дегенше үзіп алар жұлынын.

Ол өскен жоқ заводында жылқының.  
 Бағасы оның бола алмайды мың құлын.  
 Киш-Құншақтың жазығында жел ме ескен?  
 Бұл Пегасың сонда туып, сонда өскен.

Көрген жоқпын оған өзім ер салып.  
 Пегас мені, Мен Пегасты қарсы алып,  
 Тоқымдаймын, болмасын деп жауыры,  
 Ағып өтер найзағайдың бауыры.

Құйындатар Киш-Құншақты бетке алып,  
 Сол арада туғанына мақтанып.  
 Жүйткіді ол ұстай сала тізгінін,  
 Дәл осылай дауыл болмас күз күні!

Мынау ауыл. Жоқ біздерге бөтені.  
 Қыздарына қыр көрсетіп өтелік.  
 Бір арудың қолындағы гүлді алып,  
 Көкжиектен қолымызды бұлғадық!



Керек болса, бағымызды сынаймыз.  
Көкжиектен асып барып құлаймыз.  
Шаршағаннан болмады ғой ақ көбік,  
Жібереді қара тасты қақ бөліп!

Бұл Пегасың білген емес шаршауды.  
Екпінімен жарып өтіп қоршауды,  
Зымырайды, тоқтамайды танысқа,  
Өйткені, дос, арман тіптен алыста!

Заула, Пегас! өзіңді өзің дарала!  
Қазып қойған орлар болса, қарама!  
Жауларымның жанынан сен ағып өт!  
Анаусын да, мынаусын да қағып өт!

### **Кезбе**

Асқазаным көптен бос  
Зар боп қалды талқанға.  
Қарыныңда түк болмас,  
Түк болмаса қалтаңда.

Байлық-дәулет құрамын,  
Қарнымда түк жоғы шын.  
Бірақ, шүкір! Бір адам  
Тойған шығар мен үшін!

Мені, сірә, ұмытты...  
Ұмытылмаған болармын.  
Ал, ұмытса, үміттің  
Шандыр төсін сорармын.

Аш болғанмен қарыным,  
Көз жасына тоқ көзім.  
Сол қарынды, жарығым,  
Тойдырар ас жоқ па өзі?!

Жармасады етекке  
Қара суық қамшылап.

Жырақтағы бекетке  
Жетсең дейсің қан жылап.

Екі аяғың — қос пері  
Құлар ма екен қансырап!  
Жағдайыңды ескеріп,  
Тоқтамайды жем сұрап.

Сыймас менің миыма  
Дүние алу жаңадан.  
Бір балақтан қиып ап,  
Бір балаққа жамағам.

Киемін бе өлерде?  
Бешпет бізге бұйым ба?  
Тұрған кезде көнермей,  
Сатып кеттім тиынға.

Біреді тиын, бақырың  
Қажетіме жарап па?  
Сол тиынды ақыры  
Жұмсадым мен шарапқа!

Жүре бердім талтаңдап,  
Болған жоқпын оған мас.  
Енді ұрылар қалтамнан  
Соқыр тиын таба алмас!

Кеште өзек жалғамай,  
Қарсы алайын әр таңды.  
Ұры емес, жел ғана  
Тінткілейді қалтамды.

Қондырады көрген жер,..  
Жаратылыс — меңіреу:  
Жаңбыр, суық, қар мен жел  
Олар — төртеу, мен — біреу!

Су етікпен су кешпей,  
Жалаңаяқ жетіппін.

Қандай жақсы ендеше  
Болмағаны етіктің!

Су денемді суытты,  
Желөкпе жел оңбағыр!  
Тесіп шығып тұйықты  
Жолығармыз алда бір!

Болашақта пақырын  
Жарылқаса Жаратқан,  
Көршілерді шақырып,  
Той жасармын әр апта.

Соқыр болған кәрі аттай  
Сонда келсін жел маған.  
Есігімнен қаратпай  
Жіберер ем, оңбаған!

### **Іренжіме**

Күн мен Айдан пайда болған қосынды,  
Көрген сайын жоғалтушы ем есімді,  
Іренжіме! Кейде отырып қасыңда  
Қабағымнан қар жауады...  
Не сұмдық!

Қатысты емес бұған таңның атысы.  
Не болмаса алтын күннің батысы.  
Кейде жаншып жібереді зілдей мұң,  
Сенің де оған жоқ ешқандай қатысың.

Көз алдымда бүкіл әлем мұңартып,  
Жүру қиын тіршілікте мұң артып.  
Түніменен жатқызбайды жын-пері,  
Мен соларға отырғандай құмартып.

«Қал!» дегенді тыңдар емес әңгүдік,  
Мұндай мінез әңгүдікке тән қылық.

Қыр соңымнан қалатұғын түрі жоқ,  
Соңыма оны салып қойған мәңгілік.

Менің жаным кәдімгідей шерменде  
Рахатқа қолым жете бергенде  
Ұшып түсіп қуаныштың құтысы  
Быт-шыт болар сол пәлені көргенде.

Қойған бәрін қабат-қабат десте ғып,  
Оның аты — ұмытылмайтын естелік.  
Жазмыш қана тап осылай жазалар  
Ерте келіп, түсте келіп, кеш келіп.

Кісі емеспін қалатұғын тез күйреп,  
Құштар едік бала кезден сөзге ирек.  
Өткенімді бірер сәтке еске алсам,  
Ә дегенше жанға айналам безбүйрек.

Ондай кезде айта көрме сөз маған,  
Түсінбейді оны сезім боздаған.  
Жын-сайтанның арасында сол сәтте  
Менің жаным отқа ұқсайды қоздаған.

Байқадың ба, азаптайды мені не?  
Кіріптарлық! Кете алмаймын жөніме  
Жоқтан өзге әңгіме емес, түкте емес,  
Түстен гөрі қатты ұқсайды өңіме!..

### **Мың құбылған дүние**

Марстың да қарауында істедім.  
Атшы болдым, болдым кейде құсбегі.  
Керек емес адамдардың осалы,  
Кейде еркіммен, кейде еріксіз босадым.

Кей кездерде жаяу жүрдім именіп,  
Өзім сатып алдым кейде күймені.  
Кейбіреудің тазаладым аяғын,  
Кейде мен де тазалаттым баяғы.



Аш та болдым, тоқ та болдым — жасырман.  
 Мені алдады, мен де қулық асырғам.  
 Кетер дәулет, келер дәулет айналып,  
 Жүрдім талай сақал-мұртым майланып.

Түн ішінде қонатын жер табам ба?  
 Талай рет жатып шықтым сабанға.  
 Көрмегені жоқ қой мына бастың да,  
 Жаттым талай жібек көрпе астында!

Өтті — кетті, оған неге жасимын?!  
 Қожасы үшін малайға да бас идім.  
 Болмас нәрсе болып жатыр ғаламда,  
 Талай мырза басын иді маған да!

О көңілім! Жасыма да тасыма!  
 Күндер кеше жоламайтын қасыма.  
 Сыртта тұрып енді бір көз салыңдар:  
 Жүргізбейді сұлу бикеш, ханымдар!

Киімнің де көрдім талай жамауын.  
 Үстімдегім — таңдап киген қалауым.  
 Жасыл, сары, қызыл, қоңыр,.. — шошыма!  
 Мың құбылған ит дүние осы да!

### **Аспан мен жер**

Қол жеткізбес арманның ақ ордасы,  
 Төменменен көремін хабарласып.  
 Қазынананың кілті бұл қауіптірек  
 Сәт болады. Есікті жауып кірем.

Шынында да кіре сап, есік жаптым.  
 Құс жолы ғып көрсеткен осы жақты  
 Қиял, қиял, қиялдап бала өсітті,  
 Кетерімде кілттеймін тағы есікті.

Аржағында алты қат аспаныңның  
 Бәрін шаштым, бәрін де шашпағымның.

Асау кезді өткізгем осы арада,  
Жылап қалған жастығым босағада.

Арман, үміт — кәдімгі қос кінәлі,  
Сенімнің де тартылған тас бұлағы.  
Іске аспайтын жайларды көздегеннен  
Не шығады үйленер кезде келген?!

Мәжбүр болдым тартуға тізгінімді,  
Ақыл керек мұндайда күзгі күнгі.  
Тағдыр қиял сарайын сілкіледі:  
Құлап, басып қалуы мүмкін еді.

Қиял-елес, ақырын, ақырын бас!  
Алып жүрер жоғалтып батырың бас.  
Рас, рас, тулайтын бар қанымыз,  
Фазтондай шықпасын талқанымыз!

Асыл арман, сіңіп кет көк аспанға.  
Жараспайды көкпенен таласқан да.  
Мен Отанның қағамын қатты есігін,  
Жер емес пе адамның ақ бесігі!?

Сала білсең дұрыстап көз қиығын,  
Жердің де бар кәдімгі өз биігі...  
Періште жоқ, сайтан да жоқ ендеше  
Көктем келер қыстан соң келем десе!

### **Күймелі және жаяу**

Жазды жерлеп жүдеп еді түз мүлде,  
Есептеулі күні қалды күздің де.  
Кенет бір құс құйқылжытып ән салды,  
Бүкіл орман соны тыңдап тамсанды.

Дәл осылай сайрамайды үй құсы,  
Бұзды сол құс бүкіл орман ұйқысын.  
Көрсетсем деп сары алтындай көркімді  
Бұталар да, бұтақтар да серпілді.

Болар-болмас сұлулыққа алданып,  
Күннің өзі қарады ұзақ таңданып:  
Келетұғын жазға дейін ендігі  
Қызық жоқ деп қалған еді көндігіп.

Баяғыдан таныс оған құтты ірге,  
Көз жүгіртіп айналаға, түкпірге:  
Бұл кім өзі күміс көмей, жез таңдай,  
Қарайтұғын керім шығар көз талмай.

Қай қуысқа тығылып тұр көрінбей?  
Деп бәрін де қарап шықты ерінбей.  
Көрінбейтін бұл неғылған құнды құс?  
Құс болмаса, қайдан шықты бұл дыбыс?

Іздеме, Күн! Құр бекерге таң қалма!  
Есептеме және бізді-аңғалға.  
Жолға қара, сол болады дұрысы:  
Келе жатқан ысқырудың пірісі!

Келе жатқан жас қаңғыбас, елкезбе.  
Тек сол ғана ысқырады бұл кезде.  
Қолтығына қыстырулы жарты нан,  
Төсек-орнын көресің сен артынан.

Ал бай-мырза келеді әне күймемен  
Шоқалақта дөңгелегі билеген.  
Өмір өткен дау-дамаймен, тартыспен,  
Көресің бе: қабағына қар түскен.

Күймеменен бара жатқан орманда  
О жарлы бай! О жарлы бай! Сормандай.  
Қонғанменен байға бақыт — құс үркек,  
Қаңғыбастар қарайды оған мүсіркеп.

**Данышпансу және данышпан**

Бұл неғылған әлем өзі керемет?  
Мәңгі-бақи өстіп тұра бере ме?



Лағып жүріп жоғала ма бір тұста  
Біздерге тән талас пенен тартыста?

Не болмаса ғарыштық бір шалғайда  
Ғұмыр кешу жазылған ба маңдайға?  
Кездейсоқтық мұхитында немесе  
Жүзіп жүр ме ұлы тарих кемесі?

Тән менен жан тұтас па, әлде бөлек пе?  
Түк біле алмай, түсіп жүрміз әлекке.  
Қайдан келдік? Қайда барып тынамыз?  
Табыттарда ширіміз ба мына біз?

Отыр дана осы ойларға беріліп,  
Әлсін-әлсін жыбырлайды еріні.  
Жүз мыңдаған сұрақтармен қоршаулы,  
Адамзаттың миы содан шаршаулы.

Данышпанның басы қатқан осыдан.  
Күледі оған дұшпаны да, досы да.  
Сұрақтар көп. Әй, жауаптар, қайдасың?  
Ал солардың бар ма бізге пайдасы?

Пірілердің қандай өзі кескіні?  
Қуандыра алар ма екен естіні?  
Бар ма олардың кереметтей киесі?  
Жақындап жүр бірақ ажал иесі.

Дүниенің жетпек болған түбіне  
Ал тірліктің түсінбеген түгіне.  
Ақымақтарды дайын тұрсың жебеуге,  
Ақымақ әлем, болар саған не деуге?!

Не шаруаң бар болмағанда, болғанда?  
Не шаруаң бар гүлденгенде, солғанда?  
Даналыққа берілмейді жолдама,  
Көсемсуге қай жан қарсы? — сол дана!



**Қайыршының зираты**

Енді өлерін сезген хайуан

қолайлы

Түкпіріне асығады тоғайдың.

Қайыршы да келгенде ажал қаһарлы

Бір шетінен шығып кетті шаһардың.

Қарақшылар көріп қалып өлікті,

Мола қазып сол араға көміпті.

Бас жағына қадапты да таяғын,

Іле сапты дорбасын сол баяғы.

Бейшараның шамшырағы ерте өшіп,

Тастақ жерде пайда болды төмпешік.

Табиғат қой жанашыры жарлының,

Істеді сол мүмкіндіктің барлығын.

Болушы еді бұдан гөрі өзгерек.

Моласына енді қарар көз керек.

Тірлігінде оны адамдар кем көрген,

Ал моласын ғажап гүлдер көмкерген.

Тынышталды, ақырында жай тапты,

Жалғыз өзі иемденіп байтақты.

Кім біледі көрген оның азабын,

Көрмейсің бе не істегенін қазаның!

Енді бекер бұл аруақты оятпа!

Соңғы кезде сүйенгенмен таяққа,

Сол қолымен мініп талап қайратқа,

Шығар мүмкін дұшпандарын жайратқан.

Тап осылай болады деп жорып па?

Біреу үшін жүрді ғой ол жорықта.

Сол біреулер өлтірді ғой мұны аштан,

Бұл тағдырдың құпиясын кім ашқан?!

Ұмыт болды жатқаны оның қай маңда,

Көрген аштық, ол қатысқан майдан да.

Уақыт оны бір сыздады, мың сызды.  
Енді оны күзетеді үнсіздік.

Ән сала ма таяғына құс қонып?  
Қар астынан табу қиын қыста оны.  
Анда-санда сіркіреді бұлт аяп,  
Не айта алады бұл дорба мен бұл таяқ?!

### **Қазылар, қазылар**

Әркімнің бір назы бар,  
Кейде көңіл азынар.  
Жазаларда адамды  
Абайлаңдар, қазылар!

Кесті қазы өлімге,  
Тамшы қан жоқ өңінде  
Жендет келді  
    Балтасы  
Бір пұт болар кемінде!

Бұл адамзат бұзылған,  
Жатты жігіт ұзыннан.  
Шоршып түсті сорлы бас,  
Шапшып берді қызыл қан.

Сонау аспан төрінен  
Қарады Ай жеріне...  
Бассыз жігіт сол кезде  
Шықты ақырын көрінен.

Жігіт көрде қонбаған  
Жазагерге оңбаған —  
Кекілінен көтеріп  
Басын алып келді оған.

«Мені алдыңа келтірдің,  
Жазықсызды өлтірдің!»

Қазы оянды... қазының  
Қарсы алдында Ол тұрды.

Бұл тірліктің назымы —  
Шындық қандай асыл ең!  
Күн сайын Ол қазыны  
Ұрғылайды басымен!

### **Таң да атты**

Таң да атты, көп кешікпей күн батты.  
Көктемге қыс қыстың қамын қамдатты.  
Тәрізді едік кеше ғана танысқан,  
Енді екеуміз жұбайлармыз табысқан.

Бөбек едік жүрген кеше еңбектеп,  
Кәрілік те келіп қалды елбектеп.  
Ғұмыр кештің — құм боп көштің — осы өмір,  
Тудың — өстің, өлдің — өштің — осы өмір!

### **Тұтқын арыстан**

Мәз еді билігінің кеңдігіне,  
Қамаулы темір торда енді, міне.

Танимыз арыстанды біз әлі өктем,  
Жарылып кеткелі тұр ыза-кектен.

Қойыңдар! Енді ғана ол тықыршыды.  
Мазасын алу оның — күпіршілік!

Арыстан — аң патшасы басқан мығым.  
Арманға айналды тез бостандығы.

Бақыттың батты күні мәңгілікке,  
Енді сен нұрын шашқан таңды күтпе.

Бірақ та баяғыдай маңғаз әлі,  
Құлаққа ілер емес даңғазаны.

Көп болды еркін өмір қаусағалы,  
Соқпайды енді алдынан тау самалы.

Тарғыл тас, тарғыл шыңдай бүлк етпейді,  
Басынан долы дауыл, бұлт өтпейді.

Арманы туған жермен тұйықталған.  
Көзінде бір ғажап сыр ұйып қалған.

Қайтпаған тұла бойдан әлі күші,  
Қиялы қинайды тек алып ұшып.

Тірліктің иттігіне ол енді жетік.  
Қасына күзетшісі келді жетіп.

Оңбаған болады екен адам неге?!  
Үйірді шыбыртқысын жаман неме!

Пендеңді ұялта біл! Басқара біл!  
Жаратқан масқара гой! Масқара бұл!

Арыстан! Арыстанның халы осындай  
Күзетші сабайды оны баласындай!

Күледі, мәз болады тобыр соған!  
Дауа жоқ, дауа жоқ қой, өмір, саған!

Ақымақ топ! Еліресің, семіресің...  
Қайтер ең ашылса анау темір есік?!

Көмейі арыстанның тығындалмас...  
Тамұққа баратын да түгің қалмас!

### **Жазық дала және тау**

«Тау болсам гой!» — деп жазық тамсанады. —  
Қандай ғажап тау шыңы, тау самалы!  
Көресің жұлдыздардың деңгейінен  
Қалтарыс-бұлтарысты, сай-саланы!



Бере қоймас ешкімге оңай төрін,  
Қалай елге көрінсең, солай көрін!  
Таң нұрымен жуынып күніне бір,  
Қара бұлтпен сүртеді самай терін.

Тау дегенің төбе емес қатардағы.  
Тау болып ол татады татар дәмін.  
Шығарда күн басына тәж кигізіп,  
Қызыл шапан жабады батарда Күн.

Тау боп неге тумадым төрі берік?!  
Жоғарлайды таудың тау соңына еріп.  
Қоңсымдымен көрмеймін қасымдағы,  
Жарытпайды қоңсым да мені көріп!

«Бұл биікте түк те жоқ мұздан басқа!  
Мұздан басқа! Амал не сызданбасқа!  
Дала болғы келеді — дейді асқар тау —  
Бекер тау боп жаралдық біз ол баста!

Ертелі-кеш ойымды осы бұзып.  
Жарытпайды шыңымның төсі қызып.  
Мен мұздаймын жатып-ақ күн астында  
Мұздай суық тірліктің несі қызық?!

Бұлбұлың да, гүлің де жоқ тауыңда!  
Бәрі жалған мадақтау, мақтауың да.  
Жібек қанат самалдың өзін де мен  
Айналдырып жіберем көк дауылға!

Дала болсам! Далада сырлас бәрі.  
Көңілдері, ойлары, бір бастары.  
Дала болсам сендермен бөлісер ем  
Бақытымды, көктемнің құрдастары!

**Анамның ақ тауығы**

Ақылынан ауысып  
 Жүрген құстың дауысы...  
 Сен, ақ тауық немене:  
 Аурумысың? Саумысың?

Немене, біз қалдық па  
 Жағдайды ұқпай,  
 Халды ұқпай?!  
 Шіренесің үйдегі  
 Шығып алып сандыққа.

Үй десеңіз үй дайын.  
 Сый десеңіз сый дайын.  
 Әжем саған шашады  
 Баданадай бидайын.

Корольдер бар әр елде  
 Сен мықтысың корольден.  
 Шүкіршілік қыламын,  
 Жұмыртқанды көрем де!

Сол бір күшік кезіндей,  
 Моржа, сақ бол өзің де.  
 Күзет мына тауықты,  
 Күзет түнде көз ілмей!

Жатсаң да аштан бүрісіп,  
 Тиіспе оған...  
 Дұрысы.  
 Ақ тауық пен екеуің —  
 Осы үйдің бар ырысы!

**Қыстың өлімі**

Тас жүрек қыс, безбүйрек,  
 Мүз ғой сенің қалқаның.  
 Тез жеңіліп, тез күйреп,

Шығар әлі талқаның.  
Еркіндікке сенесің  
Есіңнен бір тандырмас.  
Күннің сәуле жебесі  
Тамтығыңды қалдырмас.

Өлмеймін деп ойлама,  
Залым жоқ, қыс, өлмеген.  
Өлмей қоймас ойнаған  
Халықпенен, елменен!  
Ел, сенімен біргемін  
Еркіндікті аңсаған.  
Қайта тұрмас түрменің  
Қабырғасы қаусаған.

Бостандықты даулаған  
Бұл халықтың кесімі.  
Еркіндікті жаулап ал,  
Көктем — оның есімі  
Жердің ыстық қойнында  
Көктем гүл боп жайнайды.  
Жеңімпаздың мойнына  
Бір шұғыла байлайды.

Өзі болып өзімен,  
Шығар пора-порасы.  
Қыстың көкшіл көзінен  
Сорғалайды сорасы  
Тауып күнмен ортақ тіл,  
Өлтірме деп жалындың,  
Сен қорқақсың,  
Қорқақтық —  
Қарындасы залымның!

**Мына дауыл сұрапыл**

Мына дауыл сұрапыл барады өршіп,  
 Үй-жайыңа абайлап қара, көрші!  
 Ығыстырып келеді жаушы бізді,  
 Жұтып қояр түрі бар баршамызды.

Дұшпандарын малыңдай айдап өткен  
 Сүйікті елім, ерлігің қайда кеткен?  
 Бабамызбен бірге оны жалмаған ба?  
 Қылыштасар қуатың қалмаған ба?

Венгрия! қайда әлгі асқақтығың?  
 Жіберсеңші жауыңды жасқап бүтін!  
 Қағып алып жебесін қарсы ататын  
 Күндер қайда көзбен-ақ қаусататын?

Аман алып қалып ек үріккенде  
 Бұл әлемді татардан, түріктен де!  
 Енді отырмыз ел болып орнай алмай,  
 Өзімізді өзіміз қорғай алмай.

Боламыз ба сорлайтын ұдайы біз?  
 Мадьярды қолдайтын құдайымыз,  
 Қоймайсың ба, ойбай-ау, торықпа деп  
 Өзім барда ешкімнен қорықпа! — деп.

**Не қуаныш сыймай жатқан қойынға?**

Не қуаныш сыймай жатқан қойынға?  
 Шілдехана? Әлде үйлену тойың ба?  
 Жоқ, бауырым, келе жатып қашықтан  
 Аттылылар мәйханаға асыққан.

«Сақи бикеш! Алыс жолдан көш келді.  
 Құй шараптан, ашып ескі бөшкеңді!  
 Ақшасы ма? Соғыстан соң аласың,  
 Ол кезде сен аларманым боласың!



Құй, кәнекей, сонау көне күбіңнен!  
Еркіндік бер қызға бастап бүгіннен!  
Сүй, кептерім! қалыңдық боп қаласың,  
Оралған соң өз қатыным боласың!»

Той-тамаша өзің туған жеріңде...  
Шарап тәтті, тәтті одан да еріндер!  
Қалған өмір әрі кетсе бір апта,  
Жүз жасайтын сияқты олар бірақ та!

Той ма мынау? Жатыр ма әлде ас беріп?  
От пен судың арасында әскерің!  
Шарап пен қан... Әзіл-күлкі... қат-қабат,  
Өлім және өлмейтұғын махаббат!





«Сәли бәтәлі Аман молдан көп кәді,  
Бүгін жаман, анан өзі бәтәлі,  
Аманан көп Сәлиман көп кәді,  
Ол өзі көп алғанды бәтәлі»

# ЕР ЖЫРЫ



Қашанғы біз қуыршақ боп қаламыз?!  
Жетеді енді! Сарбаз болсын баламыз!  
Сыбызғылар қоя тұрсын сызылмай,  
Керней үнін күтіп жатыр даламыз.

Қайда кеткен мадьярдың қуаты?!  
Қас дұшпанын өз қанына жуатын?!  
Әлде біздер жасықпыз ба? Аналар  
Таусылған ба қайсар ұлдар туатын?!



## ҰЛТ ЖАНДЫЛАР ЖЫРЫ

Тәніммен, бүкіл жаныммен  
Сүйемін сені, өз елім.  
Махаббат деген жалынмен  
Өртенер менің өзегім.

Қайнатар қыз-қыз қанымды,  
Түбінде сенсің сананың.  
Сен үшін, Отан, жанымды  
Құрбандығыңа шаламын!

Ерлерді жерге қаратқан  
Емеспін құлы өлімнің.  
Оқимын дұға: «Жаратқан,  
Аша гөр бағын елімнің!»

Отаным, өзің дегенде  
Ойымды бекер оқтаман.  
Ғаламда, мынау әлемде  
Өзіңдей қымбат жоқ маған!

Өзіңсің менің ай-күнім.  
Өзіңсің менің жыр-кенім.  
Қуаныш түгіл, қайғылы,  
Қасіретіңде де біргемін.

Гүліңсіз, тіпті күніңсіз,  
Түн болып түнек көрінсін.  
Отаным, елім — тынымсыз  
Шертетін менің шерімсің.

Уытты шарап нәріміз,  
Сол бойға шым-шым тарайды.  
Тілейміз әсте бәріміз  
Атсын деп таңын арайлы.

Көңілдің шарап қожасы,  
Өртенер содан өзегім...  
Өзің деп төккен көз жасы —  
Ішкенім менің, өз елім!

### Өмір мен өлім

Бақытты ғой  
Ашып жолын  
Бұл өмірге келгендер:  
Шарап ішіп,  
Ғашық болып,  
Отан үшін өлгендер!

### Дебрецендегі қыс

Дебрецен, бұл енді  
Көрінеді сандырақ.  
Жүрдім-ау мен өзіңде  
Екі иығым салбырап.  
Аш-жалаңаш сол күндер көз алдымда тұрса да,  
Менің үшін ынтықсың, Дебрецен, сен бірақ.

Байлық болса, белгілі  
Менің тыныш жатпасым.  
Мен ораза ұстадым  
Діндәрдай-ақ от басым.  
Ақылды екен құдайым берген маған сүйек тіс,

Берген кезде темір тіс,  
Қалушы еді тат басып.

Қақаған қыс сол жылғы  
Қарыды-ау кеп денені.  
Қырау басқан қабырға,  
Мұздан бетер едені...  
Ескі-құсқы жамылдым  
Тор жамылған сығандай.  
Таң қалдым мен: «Шынында  
Суық қайдан келеді?!»

Отын да жоқ, түк те жоқ,  
Болмады шын күй мұнда.  
Мұз боп қатып қалатын жөні бар-ды мидың да.  
Тісім тимей тісіме,  
Дір-дір етіп жатсам да,  
Өлең жаздым әйтеуір  
Қолым әрең қимылдап.

Есіме алсам сол кезді,  
Айтатыным көп тіпті.  
Шылым шеге бердім тек  
Қолыма алып оттықты.  
Өзімді өзім жұбаттым:  
Бұл жоқтық па, тәйірі,  
Көргем талай мен мұның көкесіндей жоқтықты!

**Бір бұтақтан қанша  
шие жұлыппыз?**

Бір бұтақтан қанша шиe  
Жұлыппыз?  
Бірақ үйге кірді бір-ақ  
Күліп «қыз».  
Кіре сала айдап тығып  
Ініме,  
Сол біреудің өз-ақ жетті  
Түбіме.

Құдай оны долы қылып  
 Жаратқан.  
 Осы болды мені жерге  
 қаратқан.  
 Солқылатты біздің берік  
 Іргені.  
 Оның маған сөйлегені —  
 Үргені.

Ол үрді деп мен ғой оған  
 Үрмеймін.  
 Соған әлім жетеді ғой,  
 «Үр» - деймін.  
 Бірақ оның келе беріп  
 Қасына,  
 Міштей болам! Су сепкендей  
 Басылам!

Өлмек болды. Бармақ болды  
 Тамұққа.  
 «Қуан! — дедім өзіме-өзім —  
 Қамықпа!»  
 Қабылдамай қойды бірақ  
 Тозақ та.  
 Сайтанның да түскісі жоқ  
 Азапқа!

### **Ата-анама**

О, Жасаған! Арттағы  
 Маған байлық бере гөр!  
 Шалқыр еді-ау қарттарым,  
 Байыр болсам мен егер.

Ішіп-жеу ғой тегінде  
 Бар арманы қауметтің.  
 Кешіп жүрер едіңдер  
 Ақ теңізін дәулеттің.



Үй салар ем дара ғып,  
Керемет кең тынысы...  
Сарқылмайтын шарабы,  
Шайлқалмайтын ырысы.

Мықтылардай өр кеуде  
Жерге өкшесі тимеген  
Анам менің шіркеуге  
Барар еді күймемен.

Христосқа берілген  
Құдайшыл ғой бұ халық.  
Алтынменен терілген  
Әперер ем дұғалық.

Жылқылардың тәуірін  
Берер едім таратып.  
Болар тойға бауырым  
Пырақ мініп баратын.

Болар еді дегендей  
Кітапханам қомақты.  
Шығып жатқан өлеңге.  
Алмас едім мен ақы.

Берер едім тегінге  
Жырларымды баспаға.  
Ұнар еді көбіне  
Осынау бір бастама.

Бола қойса дегенім,  
Мадьяр қыз — өз әнім  
Билеп тойда еденнің  
Шығарар ек тозаңын!

Шыққан тірлік жотама  
Жияр емес айылын,  
Қайткенде де, ата-ана,  
Керек менің баюым!

**Түндерім**

Ашып аспан сұлулықтың сандығын,  
 Ақшамнан-ақ жұлдыз болып тамды мұң.  
 Бір қолыммен терезеге шыңтақтап,  
 Бір қолыммен сордым шылым қалдығын.  
 Көк түтінге көк түтінім ұласқан,  
 Осылайша түннен кейін түн асқан.  
 Не істер едім ай-жұлдызсыз болса түн,  
 Не істер едім жабырқаса бұл аспан?!  
 Қайдан келген ағыл-тегіл мол қайғы?  
 Шаттық неге жүрегіме қонбайды?  
 Буындырып қайдағы бір құса-мұң,  
 Қасақана уақыт та өтіп болмайды.  
 Қайда кеттің қайрат-жігер, неге өлдің?  
 Ақ сезімге керегі не көгеннің?  
 Жармасамын қағаз- қалам, сияға,  
 Қағу үшін қоңырауын өлеңнің.  
 Бұл сәттерді қай данышпан ұқтырар!  
 Жын-перілер жұқтырмасын жұқтырар.  
 Жазғанымды сол кездегі оқыса,  
 Жігіттердің төбе шашы тік тұрар!  
 Кез болады байтал түгіл бас қайғы.  
 Бірақ одан нағыз ақын қашпайды.  
 Ұйқы мен мұң жағаласпай тұрғанда,  
 Жазып-жазып, жазып-жазып тастайтын!  
 Дегенменен болады айқас бір керім,  
 Ұйқы жеңіп, жылжиды уақыт бір керім,  
 Ғашып болып үйленген соң, басқаша,  
 Басқашалау өтер әлі түндерім!

**Ішкіштің құлығы**

Ішіп көрдім байыңмен, кедейіңмен.  
 Кейде шарап өтпейді көмейімнен.  
 Ішу керек сондықтан жөнін тауып,  
 Бір тамшыдан тұрғанда өлейін деп.

Шарап күшті, шараптың өрті күшті.  
 Түгі де жоқ бірақ та қорқынышты!

«Бұл — корольдің жүрегі» дедім дағы,  
Құмыраны сан рет сарқып іштім!

### **Үнемшілдік**

Не демейді жомарт пенен шүленші?!  
Бірақ бізге болу керек үнемшіл.  
Қорықпайды шығыныңнан шын шаруа  
Ертелі-кеш тиетіндей бір енші.

Іше бермек, іше бермек кім шайды?  
Бір нәрсені аңсайды адам, сусайды.  
Айналаңа күдіктенбей қара да,  
Шын үнемшіл болсаң және жұмсай біл!

Ер адамға бітпес мінез бітіпті.  
Мәйханада бал шараптан жұтыпты.  
Жұтқаннан соң демейсің ғой жаутаңдап:  
«Кеттім, достар! Мені шаруа күтіп тұр!»

Осы жаңа келген сәтте дұрыс ем,  
Сияқты едің сол дұрыстың бірі сен.  
Бүгін кештеу, тұра салып мен ертең  
Әр тиынды үнемдеуге кірісем.

Солай дедім, тағы солай айта алам.  
Уәде бергіш екенімді байқағам.  
Үнем! үнем!... қолға қарға тышты ма?  
Ырду-дырду басталады қайтадан!

### **Көзім ауырғанда**

Соқыр қылма! Жақсы болсын күтімім.  
О, Жаратқан, бер бақыттың бүтінін.  
Несі қызық көрмегесін қыздарды,  
Көрмегесін темекінің түтінін?!

**Бұзып тұрған әп-әдемі көрікті**

Бұзып тұрған әп-әдемі көрікті  
 Кимесем ғой мынау мыж-мыж бөрікті,  
 Шекесінен қарайтуғын әманда  
 Нағыз сері болмас па едім мен онда!

Жүретуғын әр жерінде жел көшіп  
 Болмаса ғой мынау жыртық кеудешік,  
 Шекесінен қарайтуғын әманда  
 Нағыз сері болмас па едім мен онда!

Болса қолға екі бешпент тиетін:  
 Бірін жазда, бірін қыста киетін.  
 Шекесінен қарайтуғын әманда  
 Нағыз сері болмас па едім мен онда!

Бұл да, сәрі, жаратқанның бұйрығы:  
 Жамау-жамау болмаса ғой құйрығым,  
 Шекесінен қарайтуғын әманда  
 Нағыз сері болмас па едім мен онда!

Өмір бойы армандамас жетімің  
 Сықырлаған болса менің етігім,  
 Шекесінен қарайтуғын әманда  
 Нағыз сері болмас па едім мен онда!

«Болса», «болса»... міне солар болмаса,  
 Соның бәрін ақыретке жолдаса.  
 Шекесінен қарайтуғын әманда  
 Нағыз сері болмас па едім мен онда!

**Отан үшін өмірбақи ішер ем**

Салқын самал саясында сарайдың  
 Ішіңіздер; мен де ішуге жараймын.  
 Батпан-батпан  
 Мұңға батқан  
 Еліме



Масаң кезде көңілдірек қараймын.  
Менің елім емес әсте енжар ел.  
Елің үшін мылтық асын, қанжар ал!  
Не бір күндер  
Сіміргенде  
Шарапты  
Жазылғандай болады сол жан-жарам.

Отан үшін қайраулы тұр қылышым.  
Ұлы парыз — беру оған қол ұшын.  
Түнде демей,  
Күнде демей,  
Бас тартпай  
Мәңгибақи ішер едім Ел үшін!

### **Лира және қылыш**

Бұлттар көшіп бір уақта,  
Өңі қашты Айымның.  
Қара дауыл тұрмақ па?  
Ел үшін мен дайынмын.

Ертелі-кеш сыңғырлап,  
Лирам сәл шаршаған.  
Қолым жетсе шылбырға,  
Атқа мінер бар шамам.

Қылыш, қылыш шынында!  
Ашуланды ол сонша:  
Жатам ба деп қынымда  
Ақыр заман болғанша?!

### **Көндіруге болмайды ғой**

Көндіруге болмайды ғой қол бұрап,  
Сәбиіңді сияқты деп бал құрақ...  
Сен қасапшы болғанымды қаладың,  
Қас қалғанда ақын болдым мен бірақ!

Жетпей жатыр өзіңе бұл ой әлі,  
 Бұл екеуін әсте қатар қоямын.  
 Қасапшылар бауыздаса пышақпен,  
 Мен жауымды өлеңменен соямын!

### Әлем және мен

Адам! Адам! Адамдыққа қалайсың?  
 Өзіңді бір құдіретке санайсың.  
 Емессің сен табиғаттың тәңірі,  
 Өзің құлсың, өзің соған малайсың!  
 Асыл емес, осал мына бұғана,  
 Осалдардан нағыз асыл шыға ма?!  
 Құдай сені соңғы күні жасаған,  
 Шаршағаннан жақсы нәрсе шыға ма?!  
 Бірақ, бірақ тату едік өте біз,  
 Татулықтың енді астарын сөгеміз.  
 Артымызда қалды содан қос ұғым:  
 Жауығу мен жиіркеніш — екі егіз,  
 Сен о баста жоғалтқансың отыңды.  
 Бірақ сақтап жүрсің ащы өтіңді.  
 Сен біреудің өзің көтін жалайсың,  
 Не болмаса жалатасың көтіңді!

Сен арамсың, сен қарабет, шұбарсың.  
 Көріп тұрып, қалай соған шыдарсың?  
 Сенің өзің құл болған соң құлқынға,  
 Мені де құл деп ойлайтын шығарсың!  
 Қателеспе, емеспін мен табансыз.  
 Керек кезде бола аламын алаңсыз.  
 Ойлайсың ғой: Ақын ғой бұл, ал ақын  
 Не істемекші оқырмансыз, адамсыз?

Ойла! Ойла! Ойла, бірақ қақсама!  
 Менің күнім қарап қалған жоқ саған.  
 Жүрегімнің қалауымен жүрем мен,  
 Осы жолда адассам да ақсаман!  
 Алады кім өздігінен дау сатып!  
 Басқа менің арманым мен мақсатым.

Құдай тұтып көтермеңдер,  
 бір теуіп  
 Тістеріңді түсіремін қаусатып!

### Іркемін көздің жасын

Қалайша құса мұңға көндігемін?  
 Қызығы қалды дейсің енді ненің?  
 Аспан да жауыннан соң жадырайды...  
 Жылағым ағыл-тегіл келді менің!

Бұлт ғарып, жаным менің ол да ғарып.  
 Бірақ та жыламаймын.  
 Қолда бәрі.  
 Көңілім — қаңыраған жапан түз бір.  
 Көз жасы, құйыла бер сонда барып!

### Даңқ

Ақын даңқы! Ұзайтын жыл ұзасын!  
 Қанша жанның ұйқысын сен бұзасың?!  
 Сен біреулерді сәбилерше мәз қылып,  
 Біреулердің келтіресің ызасын!

Тамырың да, бұтағың да қуатты.  
 Қалпыңдасың... қанша ғасыр су ақты.  
 Сенің тіпті көлеңкеңнің өзі де  
 Алтын тақтың күнгейінен шуақты.

Бұтақтарың қуарам деп саспайды.  
 Дір-дір етіп жапырағын шашпайды.  
 Қай кезде де озықтармен сыйлассың,  
 Уақыт сені басып озып, аспайды.

Шаруаң да жоқ өткен жылдар санымен.  
 Ғасырлардың қалың тозаң, шаңымен  
 Ажал сені ала алмайды,  
 Тамырың  
 Қоректенер шәһит бақыт қанымен!

**Талма түсте**

Талма түсте қызартып ап көзін күн,  
 Дүниенің өртенгенін сезіндім.  
 Әттең, шіркін, баратын жол молаға  
 Қысқа болса көлеңкемдей өзімнің!

Амалсыздан әлдилейді жырлы мұң.  
 Шарап іштім... Ішуім бе бір бүгін!  
 Қышқылын-ай, удайын-ай итіңнің!  
 Оқасы жоқ: одан бетер тірлігім!

Ұнамайды ырду-дырду той мына,  
 Мені одан да қойғыла да сойғыла.  
 Қашан мені сүйгенімнің қасына —  
 Жібересің — қара жердің қойнына?!

**Ырду-дырду үстінде**

Ұсынғанмен маған орын төрден сіз,  
 Мен бүгінде адам емен шерменсіз.  
 Өлеңің де, әзілің де — бәрі де,  
 Шарабыңның өзі тіпті дәрменсіз.

Неге керек сонша күйіп, өртеніп?  
 Сен тірлікті дұрыстап бір көр тегі.  
 Ойын-күлкі қызған кезде дәл бүгін  
 Мені қатты ойландырап ертеңім.

Су ғана ма? Бар адамда өзге су,  
 Уақыт та — су, бақыт та — су, сөз де — су.  
 Хабарласып тұрамыз ба енді біз,  
 Енді бізге бұйырама кездесу?

Қаңғырады, қайғырады ер неге?  
 Аттап бассаң, ұшырайсың кермеге.  
 Керегі не? Не үшін берген өмірді?  
 Бергеннен соң неге мәңгі бермеген?!



### **Венгрия**

Қайран елім! Көз қуаныш, Көзайым!  
Өзіңе өзің бола алмадың қожайын!  
Қуырдақтың асты күйіп кеткенмен,  
Үсті шикі қалғанын бір жазайын!

Дәулеттілер басын алмай жастықтан,  
Елігеді, еліреді мастықтан!..  
О, Отаным! Балалары жарлының  
Көз алдында өліп жатыр аштықтан!

### **Аргымағым**

Аргымағым, көк шуланым, ақ бозым,  
Жалғыз жүйрік жерде де өзің, көкте өзің.  
Атың жұлдыз, затың сондай желді аяқ.  
Аққан жұлдыз болар, сірә, сендей-ақ.

Тағаң сенің ойда жоқта кетті ұшып,  
Оны қайта соғар ұста от құшып.  
Сосын тағы иең сенің жар салмақ.  
Сол иенді қырмызы гүл қарсы алмақ.

Оты ұстаның лапылдайды жоғары.  
Бірақ қыздың одан бетер жанары.  
Болатыңды балқытып от шалқиды  
Қызыл гүлден тас жүрегің балқиды.

### **Қара нан**

Неге сонша күрсінесің, анашым?  
Жанға батып тұр ма қара қалашың?  
Бермедім деп жұрттың берген ақ нанын  
Қайғырмашы, қамықпашы бала үшін!

Көзіңде тұр бірер тамшы мөлдіреп.  
Сол тамшымен, қайран ана, сөндір от.  
Ақ сүйектің ақ нанынан көбіктей  
Қараша үйдің қара наны дәмдірек!

**Отан туралы**

Сұр пердесі сырғанап,  
Аспанды бұлт жауыпты.  
Махаббатым бір ғана  
Елге деген жанып тұр.

Атамекен, Армекен,  
Мен сен үшін күйген ұл.  
Дүниеде бар ма екен  
Сені мендей сүйген ұл!

Жап-жарық боп даламыз,  
От лаулады. Тосын ба?  
Біздің ата-бабамыз  
Жиналыпты осында.

Кімнің жақсы-жаманын  
Олар оңай танып тұр.  
Мәңгі даңқы бабаның  
Маңдайларда жанып тұр.

Көтергенде өздері  
Қара түннің іргесін,  
Аппақ нұрдан көздерің  
Ағып кетіп жүрмесін!

Европаңды үлгілі  
Өлі аруаққа балаңыз:  
Жіберген-ді күл қылып  
Өрттей тиген бабамыз!

Менің тегім тілегей  
Ақтарылған осында.  
Дауылыңды елемей,  
Жұлдыз жанған қосында.

Ол жеңістің дабысы  
Тым алыста, қиянда.

Жан ілеспес шабысы,  
Жете алмайды қиял да!

Жапырағы ол даңқтың  
Баяғыда-ақ солған-ды.  
Санасында халықтың  
Еміс-еміс қалған-ды.

Жыламаушы ем әрнеге,  
Тұрмын қазір егіліп.  
Көрінеді бұл неге:  
Жеңеді, кім жеңіліп?!

Жүз мың күдік туғызып,  
Із қалдырып ақтандақ,  
Венгрлердің жұлдызы  
Өшу үшін аққан ба?!

Жұлдыз болып құйрықты,  
Қуат алып он есе  
Ғасырдан соң оралып  
Соғады ма немесе?!

### **Неге?**

Жауыздарды жүрген бізбен арбасып  
Түгел неге қоя алмаймыз дарға асып?!  
Өйткені, дос, ескенменен бар халық,  
Жетпес еді жауыздарға арқаның.  
Бар емес пе басқа да елдің шаруасы?!

Ортамызда толып жүр ғой сұрқия!  
Келер маған кей кездері бір қиял:  
Бір сұрқия бір тамшы боп аспаннан  
Жауар болса, қырық күн су тасқаннан  
Дүниені кетер еді сел басып!

**Төбе құйқам шымырлайтын түс көрем**

Төбе құйқам шымырлайтын түс көрем...  
 Дәрменім жоқ. Дәрмен болса не істер ем?!  
 Түсінемін десең менің халімді,  
 Тозақтың бір тереңіне түс терең!

Сұмырайлар жүрген қанға малшынып  
 Зар қағады, дірілдейді тал шыбық.  
 Жендеттердің табанының астында  
 Жайсаң жандар тапталады жаншылып.

Өңшең беттер бозарған нәм сазарған,  
 Құр қол қайтқан өмір деген базардан.  
 Аш түндері қаны қашқан айдай боп,  
 Дүниеден баз кешеді өз арман.

Кейбір беттер жылтырайды сарымайдай,  
 Олар үшін байлық дейтін бар майдан.  
 Шпорлары өкшедегі... байқасаң,  
 Аш адамның ажарындай сарғайған.

Бауырынан өрген шұбар бар жылан,  
 Өз әкесін өлтіреді әр жуан.  
 Әйелі ше? Шашын жұлып, жер соғып  
 Отыр ғой деп ойлайсың ба зар жылап?!

Байы өлгелі жатыр үйде тымырсық.  
 Әйелі ше? Ал әйелі жыбыршып,  
 Дөңбекшиді іргелес бір бөлмеде  
 Ойнасының құшағында ыңырсып.

Міне осылай азып-тозған жер көрдім.  
 Жылжиды Күн үстіменен көрлердің.  
 Қылышынан тамшылайды жендеттің  
 Қызыл қаны ел деп туған ерлердің.

Жеңілген ғой жауыңгер ел жұлқысып,  
 Үн шығарып күрсінбейді бір кісі.





### **Құны жоқ**

Жобаласаң жобала...  
Тірлік тұрған зобалаң.  
Өмірдің бұл құны жоқ  
Табақтай ит жалаған.

### **Бәрі дұрыс десек те**

Бәрі дұрыс десек те,  
Аунақшимын төсекте.  
Данышпандар бір кезде  
Жүруші еді есекпен.

Енді есектер желіккен  
Жүреді тек көлікпен.  
Нұрландырған сананы  
Көлігі жоқ дананың.

### **Қайда барамыз?**

Сократ та  
Өлген кеше уланып.  
У берген де мүләйімсіп,  
Қуланып...  
Шынында да бір жүрген бе?  
Бір тұрып?  
Бірін-бірі  
Оп-оңай-ақ өлтіріп?  
Жоқ, сенбеймін!  
Кетемін мен жыраққа!  
Кетем деймін  
Қайда кетем бірақ та!

### **Фәни**

Фәни ғана иесі тіршіліктің.  
Сол фәниден дүние түршігіпті.  
Оның жүрген жерінің бәрі де ойран.

Ойран көріп жас қайран,  
 Кәрі қайран!  
 Ол келді ме, бәрін де күйретеді.  
 Күйретеді, иттікке үйретеді.  
 Талқандайды тәжіңді,  
 Тағыңды да.  
 Түгел өртеп кетеді бағыңды да.  
 Түкте саған бермейді сенген тәңір.  
 Фәни — өлім, солған гүл, семген тамыр.

### Түс

Түсте, шіркін, қызың азат, ұл азат.  
 Одан артық бар ма өмірде ләззат?!  
 Түс дегенің ұшқыш кілем, ол кеме  
 Алып кетер аяқ жетпес өлкеге.  
 Түсінде бай өңіндегі байғұстар,  
 Аспандағы жұлдыз бенен Айды ұстар.  
 Кілем толы кең сарайы, кең залы,  
 Шымқай қызыл үстіндегі камзолы  
 Тәтті ұйқыда жатқан кезде корольдер  
 Тек тыныштық орнайды ғой әр елде...  
 Ғашық жігіт,  
 Айырылған есінен,  
 Аңсап келіп.  
 Құлар ару төсіне!  
 Түсімде мен ұлы жолға түсемін,  
 Үзем елдің тұсауы мен кісенін!

### Тек екеуі қалғанда

Тек екеуі немденіп алапты,  
 Қасында ешкім болмағанын қалапты.  
 Бірақ одан шығатын жол табылды,  
 Қабыл оңай өлтіріпті Абылды.  
 Тағы екеуі қалар болса өмірде,  
 Сыймас еді мынау байтақ өңірге.  
 Бар мәселе тағы соған тіреліп,

Бірі қалып, тынар еді бірі өліп.  
 Билік үшін қашанда да бас құрбан.  
 Қатын алып содан кейін қасқырдан,  
 Содан кейін тарар мүмкін жаңа ұрпақ  
 Адамдарға қарайтуғын таңырқап.

### **Жүрек**

Айтам десе, айтсын маған уәжін,  
 Бұл жүректі ойып алған ләзім.  
 Сосын көмсем, өзі-ақ жерді теседі.  
 Теседі де лавр болып өседі.  
 «Бостандық!» — деп тұрған қаны дірдектеп  
 Тағу керек ерге соны құрметпен!

### **Тағдыр, маған кеңістік бер**

Тағдыр, маған кеңістік бер! Тектесім  
 Айта алмайтын болсын маған өкпесін.  
 Кеудемдегі алаулаған ақ жалын  
 Тектен текке күлге айналып кетпесін!

Тамырдағы тентек қаным тегін бе?  
 Сонда жатыр ашуым да, кегім де.  
 Адамзаттың бағы үшін деп лүпілдеп  
 Соққан сайын соғар жүрек Елім деп.

Әңгіменің бізге қанша керегі?  
 Сөзіңе емес, ісіңе ел ереді.  
 Басымызды шапса шапсын ел үшін,  
 Соның өзі үлкен құрмет дер едім.

Елі үшін ер абақтыда жатты де,  
 Сол үшін де талайларды атты де...  
 Өле білген әдемі ғой Ел үшін  
 Ләйлігенше, мас болғанша тәттіге!

Ойла, тағдыр! Ойла және пайымда.  
 Мен өлімнен қорықпаймын уайымдап.



Елім үшін керек болса, кресті  
Өзім үшін берем өзім дайындап!

### **Құлдық**

(үзінді)

Жер көңілді. Міне осында мәселе.  
Сол қызықты жүз мың рет еселе.  
Көрейікші астарына үңіліп,  
Шынында да бақытты ма осы әлем?!  
Жоқ, бауырым! Жай бір қулық мұнысы.  
Айта алмайды тарылды деп тынысым.  
Қатты-қатты қол соғады әдейі,  
Естімесін деп кісеннің дыбысын.  
Жанымызды қояр еді кісендеп,  
Жанымыз жоқ, жан қалды ма осы елде?!

### **Кісен**

Еркіндік деп, ерегіскен іс еді.  
Күрескер жас тас қапасқа түседі.  
Кісенін ол салдырлатып көтерді,  
Оған сонда былай деді кісені:  
«Көтер! Көтер! Мен түсіндім! ұғындым!  
Кісінейді жүрегінде құлын мұң.  
Көтер бізді! Найзағай боп сәтінде  
Төбесінен дөп түсеміз зұлымның!

Шыныменен қалғаның ба танымай?!  
Қан майданда бір болып ек, жаным-ай!  
Дұшпаныңды сонда баудай түсірген  
Мен едім ғой, қайрамай да, жанымай!  
Танымадың. Танып жатыр бүгін кім?!  
Жұлғың келер, келер менің жұлынғым.  
Көтер! Көтер! Найзағай боп сәтінде.  
Төбесінен дөп түсеміз зұлымның!

Шыныменен қалғаның ба танымай?!  
Қан майданда бір болып ек, жаным-ай!

Дұшпаныңды сонда баудай түсірген  
 Мен едім ғой, қайрамай да, жанымай!  
 Танымадың. Танып жатыр бүгін кім?!  
 Жұлғың келер, келер менің жұлынғым.  
 Көтер! Көтер! Найзағай боп сәтінде.  
 Төбесінен дөп түсеміз зұлымның!

### **Кісенін алса**

Кісенін алса тәңірі,  
 Қалады құлдар аңырып.  
 Құтылса дағы баяғы  
 Үйреніп қалған ырғақтан,  
 Алғаннан соң да аяғы  
 Кісенді ұмытпас зіл-батпан!

Жүрегім менің, бірге өстік.  
 Көрдің-ау сен де көрместі.  
 Шаттықта осы шынайы  
 Шығатын күні ту алып,  
 Қуанышыңа лайық  
 Жарыта алмадым қуанып.

Шаттанған, жүрек, шаттанған.  
 Құлады, түсті тақтан мұң.  
 Сүйген құлына гүл берген  
 Жақсылық саған ойысты.  
 Кім көрген өзі, кім көрген  
 Жердегі мына бейішті?!

### **Азынаған айғыры**

Айғырда мін жоқ дейді жұрт,  
 Жоқ десін.  
 Темір өкше тесті бірақ өкпесін.  
 Езуінен ақ көбігін ағыздым,  
 Барар жерге жеткенімше кетті есім.

Бір ой әбден мазалады бөріңді,  
 Қыздан бөліп тастайтындай көріңді.  
 Құмай тазы, қыран болып осы ой  
 Күн ұзаққа қуды дейсің серіңді.

Сабыр! Сабыр! Қара айғырым алқынба!  
 Шабудайын шаптың біраз салқында.  
 Бір бұтаға, бір тікенге ілігіп  
 Қала барған сияқты ой артымда.

Бұрын көк көз санама у таратқан,  
 Бірақ шерге толы болды әр аптам.  
 Қымбат енді қара көздің қанжары,  
 Тіл табуға көмектескін, Жаратқан!

### **Бір қан төгіс таяп қалды**

Бір қан төгіс таяп қалды, саспа одан!  
 Болады сол барлығына бастама.  
 Орнатады ескі жұрттың орнына  
 Әрі жаңа, әрі нұрлы жас қоғам.

Сол күндерді қаншама жыл көкседім.  
 Кернейлетіп сол бір кезге жетсе елім.  
 Мына жүрек сол хабарды есітіп,  
 Үлгере ме, үлгермей ме, жоқ сенім!

Қашқанменен көңіл құты, үй құты,  
 Мен ертеңнен жүрмін сондай сый күтіп.  
 Азаткерлер қатарына айғырмен  
 Арындатып жетер едім құйғытып!

Кетер болса кеуделерін оқ тесіп,  
 Ешқандай да болмас ердің өкпесі.  
 Емдейтін де табылады бір ару  
 Қыз ерні мен оқтың орны беттесіп.

Ал егер түсер болсам тұтқынға,  
 Іздеп келер адамы бар мықтың да.

Тас қапасты жарық қылар махаббат  
Нұрыменен, сәулесімен — ұқтың ба?!

Күрес үшін болса мені жазалар —  
Білемін ғой қаза барда, аза бар.  
Табылады қызыл қанды, жараны  
Көз жасымен жуып тұрып тазалар!

### Граф Шандор Телекиге

Зерттедің сен ата-баба, тегіңді:  
Тәрізді бір қабат-қабат шөгінді.  
Шынын айтсам, білмеймін мен өзімнің  
Жеті атамды, тамырымды, жөнімді.

О бастан-ақ қонған саған бар құтпан.  
Туа сала жаялығың барқыттан.  
Ал мен болсам, тудым сабан үстінде,  
Көргенім жоқ мен басқаны сарқыттан.

Қыдырасың сен ылғи да күймемен.  
Сендегі аттай аттар маған тимеген.  
Мен кәдімгі әулиелер сияқты  
Жаяу шығып, жаяу қайтам үйге мен.

Ішіп-жейсің сен қарынға сыйғанын.  
Ойламайсың бастың қамын, үй қамын.  
Ал мен болсам бүтін тоқпын, ертеңдер  
Аш болам ба, тоқ болам ба? — беймәлім.

Тоқ етері: — мен кедеймін, сен — байсың,  
Барға мәзбін, ал сен бәрін таңдайсың.  
Әрі граф, әрі адасым, зиялым,  
Дегенмен сен мақтанатын болғайсың:

Жазамын мен тоқығандай кестемен,  
Менің сені дос дегенім есте ме?!  
Сарайдағы арыстанды бос кеуде  
Ешқашанда сен секілді дос демен!



Не демекпін? Не десем де өлеңде.  
 Мақтан досым, мақтан жігіт-желеңге.  
 Жоқ дегенде, өмір сүрер есімің  
 Жырларымда — өлмейтұғын өлеңде!

### Үйге қайттым

Менің осы қаңғырғаным жетеді  
 Дедім дағы, үйге қайттым жөтеліп,  
 Таяғымды босағаға сүйедім,  
 Қолыма алдым лирамды киелі,  
 Енді жырым әлем кезіп кетеді.

Мұңлы ішекке сорлы саусақ тиеді.  
 Сырқырайды сонда жұрттың сүйегі.  
 Ішекті саусақ, саусақты ішек ұғады,  
 Сонда ғажап әуендер бір шығады.  
 Шығады да жаның әбден күйеді.

Оқығалы, үйренгелі хат танып  
 Бір нәрсеге көзім менің жетті анық.  
 Сарқылыпты, таусылыпты күш мүлде,  
 Айналыпты жағдайымыз мүшкілге,  
 Еліміздің ар-намысы тапталып!

Кетіп қапты басқаларға есеміз.  
 Сатқындықпен қалайша біз өсеміз.  
 Сатулы екен шекпенің де, шенің де,  
 Сатылады енді түгел елің де,  
 Артық емес «қайырлы түн!» десеңіз.

Ішім менің өртенеді күйіктен.  
 Құламадың қия-шыңнан киіктей.  
 Қалайша біз өкінеміз, жылаймыз?  
 Қалайша біз құлдыраймыз, құлаймыз,  
 Баяғыда түсіп кетсек биіктен?!

Шылаушынбыз, жүре алмаймыз қарыштап.  
 Жақсылықтың бәрі көзден әрі ұшпақ.  
 Өңшең құрақ, оталыпты нар қамыс,

Жоқ ешқандай, ешқандай да ар-намыс.  
Кеткен бізді баяғыда жаныштап.

Ата-дұшпан алмағанмен өшіре,  
Құрып кете жаздадық біз неше рет!  
Мұның бәрі: елін сүйген ұлдарға,  
Ерлеріне, өздеріне — мыңдарға,  
Ұға білсе, қасірет қой, қасірет!

### Адамның жаны өлмейді

Өлмейді жаның ешқашан,  
Сүреді өмір басқаша.  
Аспанға ұшқан адасың...  
Жүреді жерде адасып  
Есімде: бақыт қонған күн  
Римде Касси болғанмын.  
Жалпы де, мейлі жалқы де,  
Вильгельм Телл ем Альпіде.  
Демуен болғам Парижде,  
Қазір де менен қара үзбе.  
Баспаса мені албасты,  
Мұнда да осал болмаспын!

### Венгр ұлы

Бір сөз айтсам оқталып,  
Іренжімес өңгелер.  
Жер бетінде жоқ халық  
Венгрлерге тең келер.  
Оларға не ұнайды?  
Тату ма, әлде күндес пе?  
Ал өлкеміз  
                    Құдайдың  
Басындағы гүлдесте!  
Тағдырының төлемі  
Түз бен бағын егіз де.

Көз жетпейтін көк егін  
Шалқар ма, әлде теңіз бе?!

Самғап ұшар ой мұнда  
Аспан асты — кең шатыр.  
Тау мен тастың астында  
Қабат-қабат кен жатыр.

Сол байлықты алғалы  
Қанша буын шүйілген?!  
Дәулет иесі сол халық  
Жамау-жамау киінген.

Даналығы, қарағым,  
Санасында сақтаулы.  
Енді құрып барады  
Осы халық мақтаулы.

Кейбіреулер әр сәтте  
Көрінгенмен жарқ етіп,  
Өтіп жатыр әр шетте  
Ғұмырларын тәрк етіп

Әрқилы ойлар шашылып,  
Күтеді бір шығуды.  
Шет тілдерде басылып,  
Қоймаларға тығулы.

Жан-жаққа жұрт қаңғырды  
Шымбайына батқанда.  
Даналығын венгрдің  
Басқа жақтан тапқанда.

Мақтанамыз жабылып,  
Ұялудың орнына.  
Қуған жандай сабылып,  
Қалмай қойды сор мына.

Қырттығына қынжыл да,  
Намысына мақтанба.

Болған екен мың жылдай  
Бұл мекенді тапқанға.

Біздер ғайып болғанда  
Бақ пен байлық аунақшып...  
Венгрге тән бұл маңда  
Қандай белгі қалмақшы?!

Отан! Күтіп тұр биік,  
Қанымызды қайнатып.  
Ар-намысқа нұр құйып  
Жіберші бір жайнатып!

Көрген тірлік азабын  
Елім неге сенбекші?  
Венгрдің қай ғажабы  
Шежіреге енбекші?

Жалқау, жалтақ бір халық  
Осы арада болған дер.  
Оқыр соны толғанып,  
Ескі жұртқа қонғанда ел.

### **Махаббат пен бостандық**

Махаббат және Бостандық.  
Білмеймін бұдан басқаңды.  
Махаббат қонса қолыма,  
Өмірім беріп, аламын.  
Еркіндік үшін соны да  
Құрбандығына шаламын!

### **Еркек еркек болмаса**

Еркек еркек болмаса,  
Өртенбесе, жанбаса,  
Ол әшейін қуыршақ,  
Ол әшейін далбаса.  
Ит тағдырдың ойына



Не келмейді, мойыма!  
 Алға қарай тарта бер,  
 Баратындай тойыңа!

Дұрыстықты дұрыс де,  
 Кіріспеске кіріспе!  
 Мың Демосфен, қызыл сөз  
 Татымайды бір іске!  
 Құшағыңды жайып кір,  
 Дұшпаныңды ғайып қыл!  
 Бәрін істеп болған соң  
 Құйындатып тайып тұр!

Еркекше айт әніңді,  
 Еркекше же наныңды.  
 Төгуге де дайын бол  
 Шындық үшін қаныңды!  
 Арыстан бол, арыстан!  
 Арыстанмен алысқан.  
 Асылың мен алтының  
 Артық емес намыстан.

Ер ме алаңсыз жататын,  
 Байлық дәмін тататын?  
 Еркек емес дәулетке  
 Еркіндігін сататын!  
 Азаматтың алғыры,  
 Асауларға сал құрық!  
 Дорба асынып әйтпесе  
 Кеткенің жөн қаңғырып!

Достарыңды құт сана.  
 Дұшпаныңды жұт сана.  
 Адамдар да, тағдыр да  
 Істей алмас түк саған.  
 Жетем десең мұратқа,  
 Ғасырларды бір атта!  
 Емендей бол  
 Құлайтын  
 Қайыспайтын бірақ та!

**Венгрмін мен**

Венгрмін мен! Туғанмын мен елде осы.  
 Менің үшін жоқ оның бір теңдесі.  
 Венгрия — гажап әлем, байлық пен  
 Кереметтей қазынаның көмбесі.  
 Бізге қарлы қия-шыңдар бұйырған.  
 Күннің өзі сонда нұрын шиырған.  
 Сол жерден ол көз тастайды ғаламат  
 Шетсіз-шексіз байтақ дала — қиырға.

Венгрмін мен! Бөрімін мен! Түлкі емен.  
 Басқаларды қатарыма тіркемен.  
 Көрмегелі күлкіңді де көп болды  
 Шуақ-жырдың орнын басты бұлт-өлең.  
 У қалмады бүгінде мен татпаған.  
 Мұңға толы әр қадамым аттаған.  
 Жымыңдаған қуанышқа сенбеймін,  
 Желеп-жебеу, аяушылық жат маған.

Венгрмін мен! Жұбататын халықты  
 Әр көңілде бір естелік қалыпты.  
 Венгрия! өткеніңе мақтанып,  
 Медеу ғылып бір кездегі даңқты.  
 Еуропаң бүгін бізді басынған.  
 Дірілдемей өте алмайтын қасымнан.  
 Қаймығатын қылышынан венгрдің  
 Балалардай найзағайдан шошынған.

Мен венгрмін! Мен қалай деп айта алам!  
 Енді аруақпыз адамдарға байқаған.  
 Венгрия ұялады бүгінде,  
 Бір көрініп жоғалады қайтадан.  
 Ұша алмаймыз, жүре алмаймыз жермен де,  
 Қысыламыз басқа жұртты көргенде.  
 Шапанына оранады, бұғады  
 Осы күнде елім менің шерменде!

Венгрмін мен! Бетімді ұят қариды.  
 Тығылады ол ауласына әр үйдің.

Нұрын төккен басқаларға көк аспан  
Таңның нұры бізге қашан дариды?  
Сыйласа да анау аспан көгіңді,  
Сата алмаймын Отанымды, тегімді!  
Сүйемін мен! Сүйемін мен он есе  
Сілікпесі шыққан кезде елімді!

## От

Жараспайды  
Төменде  
Шіріп өлген батырға.  
Жасын түскен емендей  
Жансам деймін шатырлап.

Отты сүйем! Батпақтың  
Бақа көрсін қызығын!  
Жаза берсін тақпақты  
Сол бақалар ұжымы!

Бар үмітім бір сенде,  
Айтқанымды, от, мақұлда!  
Өзім тоңып жүрсем де,  
Жаным жанған лапылдап!

Суық ызғар жоқ менде,  
От мен үшін мереке.  
Келсең, сұлу, отпен кел,  
Салқыныңды әрі әкет!

Өзіңді ая, жұртты ая,  
Шарабыңа су қоспа.  
Маңдайыңа саптыаяқ  
Тиіп жүрер, қу қасқа!

Отсыз шарап жігіттің  
Қыздырмайды шекесін.  
Болмаса жыр уытты  
Несі қызық, көкешім?!

Жалын ораp жаныңды  
 Өрт өлеңнен өршіген.  
 Қыздырмаса қаныңды,  
 Әнші шіркін әнші ме?!

Жараспайды  
 Төменде  
 Шіріп өлген батырға.  
 Жасын түскен емендей  
 Жансам деймін шатырлап!

### Менің ең жақсы өлеңім

Таппай маған балама,  
 Ырза болар Ел — анам.  
 Халқым үшін бір күні  
 Кек аламын Венадан.

Жүректерге тілімдеп,  
 Жазам ана тілімде:  
 «Өлім!» — мықты өлеңім  
 Сол болады түбінде!

**Эрдед.**

**1947 жылдың 17-мамыры**

Кеше менің қалдырмады түтімді.  
 Қалдырмады... қалса қалды үгінді.  
 Өліп-өшіп қызын оның сүйген соң,  
 Үндемедім, тістеп тұрып тілімді.

Басқа болса жатпас едім мән сұрап.  
 Өзі түк те түсінбейтін жан, сірә!  
 Жекпе-жекке шеңгеліме шыдамай,  
 Жасыл шөпке құлар еді, қансырап.

Тек мен болсам, бір амалын табам да,  
 Дұрыс айтса, бетін оның қағам ба?



Ашуланып, маған арнап айтқамен,  
Ащы сөзі тиіп жатты саған да?

Жаным едің ғашық болған, аңсаған.  
Сөкті сені, әкең өзін паң санап.  
Сәл шыдасаң, жараңды да емдеймін,  
Мұның бәрін ұмыттырам мен саған!

Қаншама жыл тынып келдім мен іштен?!  
Тағдыр мені қысты біраз шөміштен.  
Сенен асқан бақытты әйел болмайды,  
Мен бар жерде бас тартасың бейіштен!

### **Шаң көтеріп**

Шаң көтеріп, қабырғасын күйретіп,  
Ат иесін бара жатыр сүйретіп.  
Қалыпты аяқ үзеңгіге ілініп,  
Омырылған болу керек жілігі.  
Аянышты сорлы жігіт жаралы  
Тау мен тасқа басын соғып барады.  
Мүмкін емес тірі жанның төзуі,  
Қып-қызыл қан қара жолдың езуі.

Дәл осылай арқан салып мойныма,  
Жынды тағдыр айналдырды ойнына.  
Алдыменнен сынған екі шықтығым,  
Миым аққан, шыққан бастың быт-шыты.  
Осы керек тасып тұрған шындыққа,  
Сорлы басқа бас байлаған сұмдыққа.  
Ешқашанда оған сәуле түспеген,  
Түспеген соң жақсы бір ой піспеген.

Сүйдім сені жұртты өзіне қаратқан,  
Жаратқанның өзі солай жаратқан.  
Сүйгендігім — менің барлық жазығым,  
Сенімімнің болдың Темірқазығы!  
Енді, міне, тұман жапты жүзіңді.

Қараңғыда қалай табам ізіңді?!  
 Әкең сенің неге сонша қызынды?  
 Кесіп айтты бермеймін деп қызымды!

Қуып шықты қуғандайын жұмақтан.  
 Оңбайды адам сүйгендерді жылатқан!  
 Шыда сәл-сәл, шығам жерден діттеген  
 Келем әлі бір жағынан күтпеген!  
 Жұтады күн шықты қалай? Білесің.  
 Мен де сөйтем. Сенсің — менің үлесім.  
 Арыстандай тиген үшкір — жебесін  
 Ала кеткен, ала кетем — көнесің!

### Қаусаған мұнара

Құла түсте құлазиды мұнара,  
 Заман жәйлі ойландырар бұл ара.

Болған оның қасиетті нышаны,  
 Хиқаяға әлі толы құшағы.

Саналған ол еркіндіктің байрағы.  
 Түздің желі соны жырлап сайрады.

Қанша жігіт осы тудың астында  
 Қарсы тұрды қалың жауға — тасқынға.

Мүмкін емес шын батырды шошыту.  
 Қаншама ердің басын қосты осы ту.

Он суарып, жүз қайраған шеберлер  
 Қылыштан да өткір еді ол ерлер.

«Талқандаймыз кісеніңді, торыңды  
 Өйте алмасақ, өлгеніміз орынды!» —

Естігенде, адам түгел, шошыр аң  
 Күннен бетер күркіреді осы ұран.

Сол байрақсыз бұл күндері мұнара,  
Іштен тынып жатыр еді бұл ара.

Еркіндіктің туы сөйтіп күйреді,  
Туды есіне алушылар сиреді.

**Оян, отан!**

Оян, Отан! Жер-көкті  
Күн тербетіп, Күн арбап  
Қораздар да әндетті  
Таң атқанын хабарлап.

Оян, Отан! Ол сені  
Сәулесімен ұрады.  
Биік ұстап еңсені  
Тәкаппарсып тұрады.

Оян, Отан! Қыраным!  
Бұлттар көшті жел тұрып.  
Астығымен ұраның  
Торғай қарнын толтырып...

Оян, Отан! Жұрт үшін  
Оянбай кім қалады?  
Мысықтар да сүт ішіп,  
Бет-ауызын жалады.

Оян, Отан! Асқақта!  
Барабанды қақпақ жыр.  
Бақташысыз баспақтар  
Көк егінді таптап жүр.

Оян, Отан! Ұл-қызың  
Толтырады олқыны.  
Күтімі жоқ жүзімнің  
Солып қалған солқымы.

Уақыт келді қарманар  
 Әйелің де, ерің де.  
 Жек көреді шаруалар  
 Жыртып жүрген жерін де.

Қадірі жоқ бастың да,  
 Басты таспен уатасың.  
 Ұлы дабыл астында  
 Қалай тыныш жатасың?

Отан! Төзім тозбай ма?  
 Мен жылаймын, күлмеймін.  
 Өлгеніңді сезбей қап  
 Жүресің бе! Білмеймін!

### Ұлттық жыр

Тұр, мадьяр! Басың көтер! Сынатпа!  
 Қасіретті қалың елді жылатпа!  
 Не ұлы бол, не құлы бол заманның  
 Ермін десең, қару ал да мін атқа!  
 Бұл жолы біз ант етеміз  
 Басқаша:  
 Ешқашанда құл болмаймыз!  
 Ешқашан!

Бір кездері төтеп берген тасқынға  
 Қасиетті, қадірі жоқ бастың да!  
 Аруақтар да айырылды сабырдан  
 Жатқан мына қара жердің астында.  
 Бұл жолы біз ант етеміз  
 Басқаша:  
 Ешқашанда құл болмаймыз!  
 Ешқашан!

Ашу-кектің алау-оты қоздасын!  
 Бес қаруды тат баспасын, тозбасын!  
 Оңбайды адам елі менен жұртынан



Жоғарырақ қояр болса өз басын!  
 Бұл жолы біз ант етеміз  
 Басқаша:  
 Ешқашанда құл болмаймыз!  
 Ешқашан!

Бір сілкінсін жалқауың мен енжарың.  
 Атқа қонсын өзің түгіл, жан-жарың!  
 Шынжыр емес, сыңғырласын қылышың;  
 Кісен емес, жарқылдасын қанжарың!  
 Бұл жолы біз ант етеміз Басқаша:  
 Ешқашанда құл болмаймыз!  
 Ешқашан!

Венгр аты әр кезде де, ұдайы  
 Өткеніне болу керек лайық!  
 Қан мен жуып кінәміз бен ант етеміз  
 Басқаша:  
 Ешқашанда құл болмаймыз!  
 Ешқашан!

Өлген жерден көтерілер төбешік.  
 Қала қоймас еліміздің үні өшіп.  
 Аттарымыз әулиеге айналып,  
 Тоймағанмен бұл ажалдың өңеші,  
 Бұл жолы біз ант етеміз  
 Басқаша:  
 Ешқашанда құл болмаймыз!  
 Ешқашан!

### **Бостандыққа**

Ей, Бостандық, келші бері, кел бері!  
 Мына халық қалсын сені бір көріп.  
 Күттік сені, ертелі-кеш іздедік,  
 Іздедім-ау аруақ құсап түндері.

Жауыз еді мына заман қарғылы...  
 Жалғыз құдай — өзің және жарлығың.

Жығылады аяғыңа енді олар:  
Қанша құдай болса, соның барлығы!

Дұшпандарың жүрген кезде дау тасып,  
Пана болды саған елдің тау-тасы.  
Өзің түгіл, есіміңнің үстінен  
Тұрды төніп жендеттердің балтасы.

Саған арнап көр қазғандар бүгінде  
Жатар енді сол моланың түбінде.  
Корольдердің шіріп біткен орнына  
Сен отырсың күндердің бір күнінде.

Сенсің — елдің сүйенері, тірегі.  
Сенсің — елдің түлегі де тілегі.  
Алау емес, құрметіне өзіңнің  
Лапылдайды бүкіл халық жүрегі.

Сенсіз елің қалай тыныш жата алсын!  
Тұр ғой күтіп бізді талай қатал сын.  
Сен халықтың жанына бір үңілші,  
Нұрға толы жанарыңнан от алсын!

Өңің қашып кетті неге, Еркіндік?  
Не болса да жасырмай айт дертіңді.  
Әлде біздер шықпадық па ойыңнан,  
Мазалай ма әлде басқа қортынды?!

Үрейленбе! Жетіп жатыр ымдасаң,  
Ту көтерсең, болды еліңді тыңдасаң.  
Жер қайысқан қолың дайын тұрады,  
Мен де семсер бола аламын — шындасаң!

Біз талайды, сұмдықтарды көргенбіз.  
Қаһармандар өніп-өскен жерденбіз.  
Өлген соң да ораламыз аруақ боп,  
Соғысамыз шығып келіп көрден біз!

**Дастарқан жыры**

Мен өзімді көргеп емен қатты аяп,  
 Бір қолымда қай кезде де саптыаяқ.  
 Бір қолымда — қылыш, қалам — қос қару,  
 Майдан дәмін сеземін мен татпай-ақ.

Ішпегеннің кетсін миы ауысып.  
 Ондайлардың сырты дос та, жау іші.  
 Ондайларды сайтан алсын, жын алсын!  
 Отан үшін ал ішелік тауысып!

Ерлік үшін қағысамыз, кел, тұрып!  
 Дастарқанның, тойдың сәнін келтіріп.  
 Жараспайды шарап ішпей шайқасу,  
 Құйыңыздар тағы да бір толтырып!

Алаңдама, ешнәрсеге қарама!  
 Асықпа да, үйді-үйіңе тарама!  
 Отан үшін бізді ерлікке шақырып,  
 Кім біледі, ойнап қалар барабан.

Талай-талай көтеріліп ел көшті.  
 Амалсыздан топан көшті, сел кешті.  
 Туған жерге тағылды алқа — Бостандық,  
 Тартып оны ала алмайды енді ешкім!

Бір-ақ рет құл боп іштен тындық та!  
 Екінші рет... Жараспайды шындыққа.  
 Басқа түгіл, құдайыңның өзі де  
 Енді бізді сата алмайды құлдыққа!

Бағзы біреу Бостандықты жаратпай,  
 Күңкілдесе, бауыздаймыз кәрі аттай.  
 Содан кейін қанын сарқып ішеміз  
 Саптыаяқта толып тұрған шараптай!

**Жігіт бар ма?**

Күркіреген күннен  
 Сондай сасатын,  
 Найзағайдың жарқылынан  
 Қашатын  
 Жігіт бар ма?  
 Болса оны қорқақ де  
 Жігіт емес,  
 Мөңіреген торпақ де!

Азаткерлер!  
 Азаттық! — деп бас көтер!  
 Төгілмейді қаның тегін,  
 Босқа тер.  
 Көрсін дұшпан  
 Батырға бай жер барын,  
 Ел деп өлер  
 Еңіреген ер барын!

Алға! Алға!  
 Ерлер өлер жүздеген!  
 Бірақ олар  
 Таусылмайды бізбенен.  
 Жетіп жатыр  
 Тірі қалса бір венгр,  
 Ие болар  
 Бостандыққа бірден бір!

Біздің туды масқаралау  
 Жолы қан  
 Бір дұшпанның  
 Келе қоймас қолынан!  
 Қан майданға  
 Бірінші боп мен кірем.  
 Венгр туы  
 Көк аспанда желбіре!

Желбіре де  
 Мөлдіреген аспанда,



Үш бояулы венгр туы,  
 Баста алға!  
 Ата дұшпан  
 Жолар болса жаныңа  
 Малады олар  
 Сені қызыл қанына!

### **Айқай-үйқай**

Айқай-үйқай, сүйегі жоқ бұл тілдің.  
 Жалқау саусақ келтіреді күлкіңді.  
 Батыр венгр көп адамға жақпайды,  
 Сәудегері ырза қылып құлқынды.

Жұлқысып ек жан аямай, жасымай,  
 Сол қаруды тат басып тұр, досым-ай.  
 Таз қалпына келеді сол баяғы  
 Бір екі-үш күн тұрса тағы осылай.

Керней үні естіледі қайдан да.  
 Зияның ба, әлде сол үн пайдаң ба?  
 Секілдімін тыпыршыған арғымақ  
 Қожайынын асықтырған майданға.

Дұшпанымды жатқанынан тұрғызбай,  
 Ағып түссем деп едім бір жұлдыздай.  
 Әлде ұйқының құшағына қырсыздың  
 Лақтыра ма тұрған кезде күн қызбай.

Жалғыз ғана мен-ақ болсам бір сәрі.  
 Бүкіл елдің ауып-ақ тұр аусары.  
 Ауыздықпен алысады арғымақ,  
 Ат үстінде елдің бүкіл қайсары.

Аттар солай ауыздығын шайнайды,  
 Жастар алған бағытынан таймайды.  
 Осыларды көрген кезде түршігіп  
 Қаным менің бүрқ-сарқ етіп қайнайды.  
 Алға! Алға! Алға! — деген біз едік,

Алдағыны алдыменен күзеді.  
Кісендер де былқ-сылқ етіп басады,  
Ашу соны енді қашан үзеді.

### Отанымда

Ақ сағым, көк мұнарда көз арбаған  
Астықты алқап қолын созар маған.  
Болғанмен тәні алыста, жаны мұнда,  
Туған жер, ұлыңмын ғой, таныдың ба?

Сағымда теректер де жүзбеді ме?  
Қараушы ем тырналардың тізбегіне...  
Римнің карздағы бестігіндей  
Тырналар оңтүстікке көшті күнде.

Бірінде сондай таңның, мен де кеттім,  
Шалғайда сағыныштан шөлдемекпін.  
Кім білген, дауыл деген пәлекетті.  
Анамның ақ батасын жел әкетті.

Жылдар да туып жатты, өліп жатты.  
Аларын уақыт менен алып жатты.  
Сәттің де, сәтсіздің де күймесімен  
Әлемді шарлап шықтым күйде осы мен.

Шын тозақ — бастан кешкен, өткендерім.  
Ол менің — аққан қаным, төккен терім.  
Қызыл шоқ, гадауат күм тамыздағы,  
Өмірі өшпейтін өрт — нағыз тамұқ.

Басыма қауіп-қатер төнді небір.  
Өлімнен бетер, сірә, мендік өмір.  
Зәр менен запыранды мол сіңірген  
Заманның бүкіл уын мен сіміргем.

Көрсетпей енді маған жүзін қайғы,  
Тиісті жоғалуға ізім-ғайым.

Бәрін де, бәрін түгел қумақшымын,  
Шаттықтың көз жасымен жумақшымын.

Емізген осы жерде анам мені.  
Мұндай ел болмақ емес ғаламда енді.  
Осы жұрт — осы анамның түлегімін,  
Күлгендей перзентіне күледі күн!

**Жетеді енді!**

Қашанғы біз қуыршақ боп қаламыз!?  
Жетеді енді! Сарбаз болсын баламыз!  
Сыбызғылар қоя тұрсын сызылмай,  
Керней үнін күтіп жатыр даламыз.

Кезкелген жау алды бізді басынып.  
Отан, оян! Шық қаруың асынып!  
Тұтандыру үшін сені керек пе  
Жаратқанның жарқ-жүрқ еткен жасыны?!

Шығасың ба? Шықпайсың ба майданға?  
Қол жинасаң, құйыламыз қайдан да!  
Құмайсың ба қазыларды безбүйрек  
Жұрдай болған жүректен де, мидан да!

Қайда кеткен мадьярдың қуаты?!  
Қас-дұшпанын өз қанына жуатын?!  
Әлде біздер жасықпыз ба? Аналар —  
Таусылған ба қайсар ұлдар туатын?!

Ей, желөкпе, айта көрме асырып!  
Біздің халық көрген емес бас ұрып.  
Мадьярдың шарабындай бір отты  
Елім менің отыр, сірә, жасырып!

Өте шығар ә дегенше ай ұзын.  
Кәне, керней, қандыр жұрттың айызын!  
Жіберейік бәрін өле мас қылып,  
Көмейлерге бір тамшы қан тамызып.



Отан! Отан! Жалтақтама, жасқанба!  
 Ыңырсысын дұшпан тұяқ басқанда.  
 Немістердің табанынан босанып,  
 Жұлдыз даңқың қайта шықсын аспанға!

Алға! Алға! Жүрексінбе! Тартынба!  
 Қайыспайтын қайсарлар бар артыңда.  
 Ағып түссін жаудың жауыз көздері  
 Алдаспаның шыққан кезде жарқылдап!

Қашанғы біз қуыршақ боп қаламыз?!  
 Жетеді енді! Сарбаз болсын баламыз!  
 Сыбызғы үні тұра тұрсын сызылмай.  
 Керней үнін күтіп жатыр даламыз!

### Венгр халқы

Немістердің ұғымында бейшара да пақырың.  
 Бақыт-дәулет; бостандықтың бәрінен де мақұрым.  
 Ғұмыр бойы құл боп келген, көтермеген еңсесін  
 Азат болды азапкер ел, менің халқым ақыры!

Ерте кезден маңдайында тер менен қан баттасқан.  
 Жүре берген, жүре берген шаттық дәмін татпастан.  
 Енді міне еркіндікті тартып алды тағдырдан,  
 Алдаспанға айналдырып кісендерін тат басқан.

Халқым менің еркін қазір арқасында жеңістің.  
 Сөзі түгіл бөзі өтпейді бүгін бізге немістің.  
 Ескі күнді еске салып, есемізді қайырып  
 Басқа жұртқа таптатпаймыз бүгін біздер қонысты.

Бағымызға бақыт қонды, көзімізге құс келді,  
 Қашып жүрген қуаныш та келіп бізден түстенді.  
 Тау біздікі, су біздікі — бәрі, бәрі біздікі,  
 Бұдан былай ешбір халық жасай алмас үстемдік.

Өз жеріңде өзің ауна, шөбіңді шап, егін сеп,  
 Іші күйсе тұз жаласын қожайыншыл келімсек.



Келімсектің кеудесіне қадалады өкшеміз,  
Ат үстінде, ер үстінде отырып ап тебінсек.

Венгерлерге ұйқыда да болу керек қырағы.  
Қас-дұшпанның болған емес жақыны мен жырағы.  
Егер олар басып кірсе, әрең жатқан науқастың  
Төсегінде дайын тұрсын қаруы мен құралы.

Бостандық пен ұлы Отан — ажырамас бірлікте.  
Осынау бір екі сөзден артық қымбат жыр күтпе.  
Жауыменен жағаласқан батыр венгр майданда  
Осы екеуін айтып барып бақылдассын тірлікпен.

### **Венгр болды венгрлер**

Елің ғана баспана,  
Ұқсын соны жас бала.  
Венгр болды венгрлер,  
Малай болмай басқаға!

Жоқ халықтың арманы,  
Көрді қанша қарманып.  
Венгр болды венгрлер  
Быт-шыт қылып жарманы!

Атқа отырып атойлап,  
Астарында ат ойнап,  
Венгр болды венгрлер  
Көздерінде от ойнап.

Туысқандар суысқан  
Қолын беріп туысқа,  
Венгр болды венгрлер  
Қолдарына ту ұстап.

Бір жүрек боп соққанда  
Ол мықтырақ оқтан да!  
Венгр болды венгрлер  
Келіп сондай тоқтамға.

Тапқан екен аңғалды!  
 Жерде көл боп қан қалды.  
 Венгр болып венгрлер,  
 Бүкіл әлем таң қалды!

Қастасың да таң қалар,  
 Достарың да таң қалар.  
 Венгр болды венгрлер,  
 Бой бермейді енді олар!

### Революция

Құты қашсын қорқақтардың бұйығы,  
 Мен сеземін революция құйынын.

Заман жаман, алда талай сынақ бар.  
 Сатты сені ел ағасы сымақтар.

Үздік пе біз бір бұғауды сынауға,  
 Түсу үшін одан мықты бұғауға?!

Аз болғандай сол жатқаның шалшықта,  
 Салды әкеліп енді тағдыр балшыққа!

Тағдыр емес! Байқадың ба мынаны? —  
 Барлығына өз ұлдарың кінәлі!

Не істемеді саған олар — көп есек?!  
 Сазайын да тартар әлі он есе.

Олар сенің өр кеудеңді игізбек.  
 Арам шөптен қалпақ тоқып кигізбек.

Бас сұққанша қамытына зұлымның,  
 Үзілгені дұрыс дер ем жұлынның!

Кісендетіп, созба оған қол ұшын.  
 Сен өлген күн — мейрам болар ол үшін.

Сенің молаң — оның тағы... Не істесін?!  
Көрдің құртын билесін де төстесін!

Олар сенің бағың емес, сор ғана.  
Ендеше, Отан, өзіңді өзің қорлама!

Ұлдарың бар тұратұғын сертіне.  
Болуға сен тиістісің еркін ел!

Сенің үшін бізді өлуге жаратқан.  
Сақи бала, құйып жібер шараптан!

Сүйіселік! Көтер сосын байрақты!  
Атқа қонсын жігіттерің қайратты!

### **Ысқырған оқ...**

«Ысқырған оқ, пысқырған ат қайда да,  
Жауапты күн бестіге де, тайға да.  
Тіршіліктің солқылдайды іргесі,  
Ақын қайда? Үйінде ме? Айда ма?»

Болат қылыш оңды-солды сермелді.  
Жер шайқалды, аспан өзі тербелді.  
Өзің бұғып қалу үшін, немене,  
Қан майданға шақырдың ба ерлерді?»

Міне осындай еститінің кекесін.  
Кекесінді естуменен өтесің.  
Оттайтындар оттай берсін

мен әлі

Ерлігіңнің көрсетемін кекесін!

Амал нешік, бәрін сөйтіп қойғасын!  
Мұның бәрі ақылға сын, ойға сын...  
Бірақ біреу халық қамын, ел қамын  
Ойлар болса, мына мендей ойласын.

Кеудемді мен тоса аламын сөз-оққа  
Күйдіргеннің күйер әлі өзі отқа.  
Келем мен де міндетімді атқарып,  
Майдан түгіл, жүргендей боп тозақта!

**Осы бір сөз, жүрек, сенің пайдаң ба?**

Осы сір сөз, жүрек, сенің пайдаң ба?  
Бара қалсаң соны естисің қайдан да.  
Кекетеді, мұқатады мазақтап,  
Қорқады деп шығуға ол майданға.

О, жұлын құрт! Босқа білек түрінбе.  
Келе алмайсың маған қарсы бірің де.  
Ұшырассақ найзағайлы кездерде,  
Тізелерің тұрушы еді дірілдеп!

О жыландар! Тілдеріңді қамшы ғып,  
Ысылдауды көтермейді шамшыл ұл.  
Қозғалмаймын шаққан кезде өкшемді  
Бейшаралар қала ма деп жаншылып!

О жүрегім! Кегің қайнап жатыр ма?  
Бірақ, бірақ сөзің шығын пақырға.  
Жан болмаса айтқаныңды ұғатын  
Тектен текке ашуыңды шақырма!

О жүрегім! Алып ұшпа, алқынба!  
Алаулама, күйіп-жанба, салқында.  
Көрсен елге, қанша үрсе де қандендер  
Қалғаныңды сол баяғы қалпында!

Жалтақтайтын ештеңе жоқ жан-жаққа.  
Жексұрыннан шындық күтіп жан бақпа!  
Сен жеңесің, ұлы күні жеңістің  
Келеді олар ыржалақтап, жалбақтап.

Мен оларға өкпелемен өгейше.  
Ащы сөзді ақтармайды көмейшем.



Сау болыңдар! Елім үшін жан пида,  
Ол үшін мен дәметпеймін мерейшен.

**О, садағым, жасқанба...**

О садағым, жасқанба!  
Тақ дегенің тастан ба?  
Шатынатып жіберші,  
Шаңы шықсын аспанға!  
Осы керек оларға  
Республика боларда.

Тақтың сәні десек те,  
Тәж түр сосын есепте.  
Барқыт ерде шіренген  
Келіспейді есекке.  
Осы керек оларға  
Республика боларда!

Атқаннан соң бір атпа.  
Король жаққа бір атта.  
Шапаны оның керемет  
Кежім болар пыраққа.  
Осы керек оларға  
Республика боларда!

Қымады ма бұл күнді,  
Әміршіңіз бұлқынды.  
Өзі қазсын өз көрін  
Берейік сәл мүмкіндік.  
Осы керек оларға  
Республика боларда!

Бүгін әлде бүрсігүн  
Тиеді әсте қырсығы...  
Корольдің бе, корольдің  
Бұзу керек түмсығын!  
Осы керек оларға  
Республика боларда!

**Ерлік жыры**

Кернейлер гуілдеп, барабан дүңкілдеп,  
Ерлікке бәріңді шақырды бұл күнде  
Алға, Мадияр!

Қылыштар жарқылдап, пытыра ысқырды,  
Кеудені жел кеулеп, пырақтар пысқырды,  
Алға, мадияр!

Желбіреп аспанда шалқиды байрақтар,  
Бойыңда қайнаған қуат бар, қайрат бар.  
Алға, Мадияр!

Оқысын бозбала, оқысын кәрия,  
Тудағы «Бостандық!» әлемге жария.  
Алға, мадияр!

Мадияр — асау ер сипатпас сауырын.  
Асау ер — мадияр демек ол бауырың,  
Алға, мадияр!

Жердегі мадияр, көктегі құдайың.  
Онда да, мұнда да ортақ ой, бір уайым.  
Алға, мадияр!

Қып-қызыл шалғынды жалайды от күшті.  
Әнекей бауырың, бір досың оққа ұшты.  
Алға, мадияр!

Мерт болды, еді ол өмірдің ажары.  
Тесіп өт, кесіп өт ажалды қақ жарып.  
Алға, мадияр!

Топырлап құлармыз шабуыл үстінде  
Шегіну болмайды, жалп ете түстің бе?  
Алға, мадияр!

Өледі дидарын қанымен жуған ер.  
Өлеміз, алайда өлмейді туған ел.  
Алға, мадияр!

**Король мен жеңдет**

Алтын тәж киіп,  
Бабында  
Отырды король тағында.  
Мырзалар құрдай жоғалар  
Жарамсақтанар шағында.

Қауіпке қауіп жалғасты.  
Көңілді бірден қар басты  
Сарайды үрей биледі:  
«Қаруға халық жармасты!»

Бір дауыл тұрды өңірде.  
Сарайда өмір, өмір ме?!  
Айналды қару-жараққа  
Қолдағы болат, темірлер.

Борады қардай тасың да  
Сиреді кәрі, жасың да.  
Қаптаған жарамсақтардың  
Біреу-ақ қалды қасында.

Біреу де болса бар енді  
Іздеме, мырза, төреңді.  
Жеңдеті екен өзінің  
Алатын бірден зәреңді.

Көзіне король сенбеді:  
«Бұл өзі маған тең бе еді!»  
Барлығын тастап қашқанда  
Қаймықпай қалған сен бе едің?

«Тарқады қызық базары.  
Белгілі бір тозары.  
Зұлымда достар болмайды!»  
Деп қойды жеңдет сазарып.

Бостандық — елдің жеңісі.  
Көлеңке толы ел іші.

Қараңғы түсе жоғалар  
Көлеңке — күннің жемісі.

Алдадық елді, көп қырдық,  
Уәдемен ішті кептірдік.  
Сен — менсіз, ал мен — өзіңсіз  
Өмір сүре алмаймыз,  
Жоқ тірлік!

### Ракоци

Қара аспанның жарығы, Бостандықтың көсемі.  
Ұлы перзент өсірген туған жерім, осы елім.  
Ішім толы құса-мұң, маған тізгін бермейді.  
Дүниенің ашуы көкіректі кернейді.

Ісіңді біз жалғаймыз, бастап едің жасыңда.  
Бола алмайсың сен бірақ, әттең, оның басында.  
Көре алмайсың көзіңмен кештеу келген жеңісті,  
Бірақ куә болады сол жеңіске жер үсті.

Қайда жатыр сүйгенің? Шіркін соны біле алсақ,  
Алып келер едік қой туған жерге ұран сап,  
Білмейміз ғой қай жердің топырағы бұйырды,  
Алысынбас едік қой шалғайыңды, қиырды.

Туған елін өзіңдей сүйген адам бар ма екен?!  
Сондықтан да сол елің болды саған тар мекен.  
Ауырлығы уақыттың, аярлығы ғасырдың  
Зиратыңды жаныштап, бізден мүлдем жасырды.

Тәнің сенің өлгенмен, жаның сенің өлген жоқ,  
Ажал келді, келгенмен ұлы рухың көнген жоқ.  
Жет біздерге қайтсең де біз қырқысып жатқанда  
Қырғидай ти, өрт боп ти ар-ожданын сатқанға.

Көтер туды! Жамырап, жадырасын халық бір.  
Содан кейін ерлерді қан майданға алып кір.



Үнің сенің естілсін ұран болып дабыл боп,  
Оралайық жеңіспен тілегіміз қабыл боп.

Ата жауды бетке алып, жүйткілік бір көсіліп,  
Мұңды көздер қарасын соңымыздан тесіліп  
Жүз мың ажал тұрса да алдымызды жол тосып,  
Қайтпаймыз біз райдан, елге берген серт осы.

Жеңіс күні, сол күні елі-жұртың қарсы алып,  
Сені аспанға көтерер айқай салып, жар салып:  
«Батыр тумас өлгелі, туады ол жеңгелі,  
Кім бастаса бұл істі аяқтайды сол келіп!»

### **Жан жарым мен қанжарым**

Аспан толы жұлдыздар,  
Бұтада құс не түрлі...  
Жарым мені тұрғызбай,  
Алдыма келіп отырды.  
Шықтан моншақ тағыпты  
Бұтақтары еменнің.  
Бір түймеңді ағыттым,  
Айтқанымға көн енді.

Бұл бір сәттер киелі,  
Көне бергін ыңғайға.  
Толастамай сүйемін,  
Жомартпын мен мұндайға.  
Байқайсың ба? Сүйгенге  
Уақыт тез-тез өтеді.  
Ерінге ерін тигенде  
Сөздер еріп кетеді.

Махаббатқа сараңдық  
Нағыз соры уақыттың.  
Біз екеуіміз орандық  
Інжуіне бақыттың.  
Айта қойшы,

Жан-жарым,  
Түнереді кім үшін:  
Жарқылдаған қанжарым,  
Жарқ-жүрқ еткен қылышым?

Жаның сыздап, мұздап іш  
Маған бұлай қарама.  
Әлде өртеп қызғаныш,  
Сезім кернеп бара ма?  
О жарандар, жарандар,  
Іште пәле жатыр ма?  
Әйелдерше көре алмау  
Жараспайды батырға.

Неге керек қодаңдап,  
Баяғы ескі сарынмен.  
Сен, қанжарым, одан да  
Дос бол жақсы жарыммен.  
Бекер одан безінбе!  
Көзің әлі жетеді.  
Ол бір күнде өзіңмен  
Тіл табысып кетеді.

Қан майданда, ұрыста  
Қажет болам еліме.  
Сонда өзіңді дұрыстап  
Кім байлайды беліме?!  
Тектен-текке ақпайтын  
Жас тығылып көмейге:  
«Бір-біріңді сатпайтын  
Дос болыңдар!» — демейме?!

### **Жек көрсе де...**

Жек көрсе де  
Басқаның  
Бәрі бірдей бүгінде,  
Жалғызсырап, жасқанып,  
Венгриям жүгінбе!

Азып-тозып келгенге  
Беріп едік қол ұшын,  
Енді әкесі өлгендей  
Жек көреді сол үшін.

Қай арада, қай күні  
Танытпақ боп елдігін,  
Енді біздің қайғыны  
Бөлісуге келді кім?

Жасқа толып көзіміз  
Жудық талай жанарды.  
Өзімізді өзіміз  
Ұмытпасақ жарайды.

Өкінеді түбінде,  
Өкінеді өлгенде  
Мадьярға бүгінде  
Қол көтеріп келгендер.  
Тапқан екен жуасты!  
Бар миықта кекесін...  
Жасағандар қиястық  
Таниды әлі көкесін!

Талқандап ек төріңді,  
Бар ма есіңде?  
Бар шығар!  
Болмаса егер  
Еріңді  
Моласынан аршып ал!

Қанға толып көзіміз,  
Төңіректі шолармыз.  
Қашқан жауды  
Өзіміз  
Аяйтындай болармыз!

**Қалш-қалш еттің, қоян жүрек тайсағым**

Қалш-қалш еттің, қоян жүрек тайсағым.

Емес еді саған таныс жайт сарын,

Не істеріңді білмей қалдың

шыққанда

Менің нәзік Лираман қайсар үн.

Бұл әншейін ескертпе сөз сасқанға.

Жақсылап бас құлағыңды басқанда.

Менің жырым — дауылпазы уақыттың —

Сұңқардай боп самғап шығар аспанға!

Долы күштің ашылған жоқ құшағы,

Бұл әзірше көк дауылдың нышаны:

Бір-екі сөз ерінімнен үзілген,

Көрінген жоқ көмейдегі күш әлі.

Құтылмаймыз, қуып жетер дау барын.

Жырым — дауыл, жетпес оған қауқарың.

Жүрегімнің өзін ол жыр дал-дұл ғып.

Емендерді қопарады, аударып...

Аспан астын, жердің үстін байқалық:

Жерге түсер аспандағы Ай талып.

Шығар әлем шын айқасқа, майданға

Астағы тақ, бастағы бақ шайқалып,

Әсте тұрып үлгере алмас жау сапқа.

Жырым менің соның бәрін қаусатқан

Қалың елге қайрат беріп

Лирада

Ойнақ салар қан-қан болған саусақтар.





## МАЗМҰНЫ

Кітап — ең сабырлы ұстаз. Н.А. Назарбаев.....	8
Мадьярдың ұлы ақыны. Янош Немет.....	10
Жанталасқан жеті жыл. Роллан Сейсенбаев.....	13
Махаббат жыры.....	15
Ел жыры.....	83
Ер жыры.....	137

# ПОПЕЧИТЕЛЬСКИЙ СОВЕТ

Название фирмы	Руководитель	Город
KAZZINK	Никола Попович	Усть- Каменогорск
ТИТАНО- МАГНИЕВЫЙ КОМБИНАТ	Багдат Шаяхметов	Усть- Каменогорск
БАНКТУРАНАЛЕМ	Кайрат Жуаспаев	Семей
БАНКЦЕНТРКРЕДИТ	Бахытбек Байсеитов	Алматы
БИЗНЕС МЕДИА	Зейнолла Исмаилов	Алматы
DHL	Юрий Шевченко	Алматы
MOL	Жолт Хернади	Будапешт

## **БИБЛИОТЕКА ЖУРНАЛА «АМАНАТ»**

**Международный клуб Абая с 2001 года  
выпустил следующие книги:**

Абай	Книга слов
Чокан Валиханов	Смерть Кукотай хана
Акутагава Рюноскэ	Жизнь идиота
Олжас Сулейменов	Аргамаки
Орхонские надписи	
Казахские богатырские сказания	
Мурат Аджи	Кипчаки
Валерий Зубов	Избранное
Мухамет Шаяхметов	Судьба
Габит Мусрепов	Однажды и на всю жизнь
Татьяна Фроловская	Евразийский лев
Поэмы о древних тюрьках	
Роллан Сейсенбаев	Мертвые бродят в песках
Георгий Гачев	Путешествие в казахский космос
Абай	The Book of word
Уильям Фолкнер	Медведь
Эрнест Хемингуэй	Снега Килиманджаро
Иво Андрич	Мост на Дрине
Мырзатай Жолдасбеков	Камни заговорили
Анар	Книга деда моего
	Коргута
Кабус-наме	
Тимур Зульфикаров	Золотые притчи дервиша

---

---

Мишель Монтень	Опыты
Герман Гессе	Три повести
Юсуф Баласагун	Наука быть счастливым
17 рассказов польских писателей	
16 рассказов венгерских писателей	
Андре Моруа	Письмо молодому человеку о науке жить
Алехо Карпентьер	Царство земное
Адольф Янушкевич	Дневники и письма
Иоанн Павел Второй	Избранное
Рышард Бадовски	Польские певцы Казахстана
Макото Ода	Хиросима
Шота Валиханов	Белые ночи Чокана
Польская поэзия	
Роллан Сейсенбаев	Бегство
Роллан Сейсенбаев	Трон сатаны
Роллан Сейсенбаев	Рассказы
Роллан Сейсенбаев и XXI век	
Рассказы казахских писателей	
Мир Абая	
Мир Ауезова	
Мир Нурпеисова	
Абиш Кекильбаев	Конец легенды
Ромэн Роллан	Кола Брюньон
Адам Мицкевич	Стихи
Шандар Петефи	Стихи
Абай	Собр. сочинений
Шакарим	Собр. сочинений
Луис Без	600 покушений на Фиделя Кастро

---



# «АМАНАТ» ЖУРНАЛЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ

---

Әлем халықтарының әдебиеті, өнері, тарихы,  
фәлсафасы, білімі һәм діні

№ 51

XIX ҒАСЫР ПОЭЗИЯСЫ

Шандор Петёфи

АЗЫНАҒАН ҚАРА АЙҒЫР


Өлеңдер

Халықаралық Абай клубы  
050010, Алматы, Жамбыл, 25, оф. 807  
E-mail: amanat70@list.ru

ISBN 9965-611-74-2



*Теруге 21.04.2007 тапсырылды*  
*Басуға 22.06.2007 қол қойылды*  
*Пішімі 84x96/32. Шартты беті 13,25.*  
*Есепке алынатын б.т. 15,25.*  
*Офсетті басылым. Гарнитурасы «Академу Казакһ»*  
*Таралымы 2 000 дана. Тапсырыс № 852*  
*Келісімді баға*

 ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,  
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 269-40-35, 242-47-69, 242-07-90,  
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru







## **ШАНДОР ПЕТЁФИ** **( 1 8 2 3 - 1 8 4 9 )**

Шандор Петёфи венгр халқының ұлы ақыны. Көне түрік ұрпағы, көне қыпшақ, мадьяр азаматы: «Менің пірім — азынаған қара айғыр» деп сілкінгенде, ХХІ ғасырдағы біздің көз алдымызға дүниені дүрліктірген ғұндардың арғымақтары сонау Батыс Сібірден Еділ, Донды тіліп өтіп бара жатқандай елестейді. Көне түріктер көне даланы жапырып келе жатыр. Төрлет Петёфи! Өйткені ел де сенікі, төр де сенікі!

«Менің пірім — азынаған қара айғыр...»

ШАНДОР ПЕТЁФИ